

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ІЗДЕНІС ЖОЛЫ»
АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

IZDENIS



№ 115 (15) ақпан 2022 жыл

жолы

Журнал Қазақстан Республикасы, Инвестициялар және даму министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде мерзімді баспасөз басылымын және ақпарат агенттікті есепке қою туралы №14776-Ж куәлігімен тіркелген.



АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Сұлтанбаева Гүлмира Серікбайқызы – с.ғ.д., профессор, әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Асанбаева Сауле Асанбайқызы – ф.ғ.к., проф.м.а., Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті

Жайлауова Манат Кеңесқызы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Омаров Дәулет Кәрібайұлы – PhD доктор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Бекжігіт Сердәлі – ф.ғ.к., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті

Жандос Есіркепов - Түркістан қаласы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Елеусинов Бауыржан Тажмаганбетович – п.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры

*Меншік иесі:
‘‘Мәртебе.КЗ’’ЖШС*

*Директор-Бас директор-
Несібелі Мұсабек*

*Редактор-Серікхан Жүзеев
Тел.: 87783135504*

*Жауапты хатшы:
Қалиев Ердәулет
Тел.: 8 705 431 12 77*

*Тілші:
Сейлханов Дамир
Тел.: 8 777 179 59 80*

«Ізденіс жолы» журналының электронды почтасы:

martebe2000@mail.ru

Редакцияның мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 2 «Саяхат» Бизнес-орталығы, 9 қабат, 922 кабинет. Қызылорда қаласындағы мекен-жайы: Байсеитова көшесі, №100, Журнал «Жиенай» баспаханасында басылды. Таралымы 1345. Тапсырыс: 154

МАЗМҰНЫ

А.Ж. Алмаганбетова, М.Н. Қойшыбаев	4
Алихан Гульмира Абдиганиевна	7
Ақбергенова Жанар Байділдақызы	9
Айтпенбетова Анар.	12
Алиханова Эльмира Жагипбаровна	14
Бапаева Жадыра Қазналықызы.	17
Абдиганиева Гулширин Абикапбаровна.	19
Мангулова Салтанат Курбаналиевна	21
Абдигани Жұлдызай Абдикапбарқызы	22
Жанділдаев Аймауыт Сейтмұхамедұлы.	24
Хафизова Анар Бөрібекқызы	25
Сантаева Сымбат Нұрбайқызы.	27
А.Я. Бекбаулиева, М.Н. Қойшыбаев.	29
Б.Қожамберлиев, Б.М.Апенев.	33
А.А. Әлібаева, М.Н. Қойшыбаев.	36
Ж.О. Жаңабаева, М.Н. Қойшыбаев.	38
К.Ғ.Әшім, М.Н. Қойшыбаев	41
Б.Қожамберлиев, Б.М. Апенев.	45
Ташкенбаева Ақзияш Қазыханқызы.	50
Түрікпенбаева Нұрсауле	51
Оспанова Динара Жанузаконна	54
Жаңабаева Райхан Аманқызы.	60
А.Т.Төлеби, М.Н. Қойшыбаев.	66
Г.Е. Улманбетова, М.Н. Қойшыбаев	69
Сарышова К.С. Шотаева Н.Қ.	72

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Алмаганбетова Анар Жаксылыковна

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ф.ғ.к

М.Н.Қойшыбаев

*Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының
I курс магистранты*

Жаңартылған білім мазмұны аясында бастауыш сыныпта оқыту бағдарламасы оқушыларға ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық орта табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, міндеттер мен мәселелерді шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі дағдылардың кең ауқымын өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады.

Осы дағдыларды жоғары дәрежеде зерделеу әдебиеттік оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында проблемаларды шешуге баса назар аударумен қатар, оқу бағдарламасын бірлесіп зерделеуге және ғылыми зерттеу дағдыларына, сондай-ақ дүниетану, қоршаған орта туралы түсініктері мен дағдыларын дамытуға қолдау көрсетеді. [1, 98 б.].

Жаңартылған білім мазмұны аясында бастауыш сыныпта оқыту бағдарламасы оқушылардың бұрын меңгерген білімдері мен дағдыларын жетілдіруге, сонымен қатар, жаңа түсініктерді қалыптастырып, қабілеттерін дамытуға бағдарланған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының өзгешеліктері: критериалды бағалау жүйесін енгізуі, үш тілдік саясат, сабақ жоспарының құрылымы, мақсаттардың дайын берілуі және тапсырмалардың мақсаттан туындауы. Осыған байланысты мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, оқушыларға белгілі бір көлемдегі білім мен білік, дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу.

ХХІ ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз байланысты және көпмәдениетті әлемде қалыптасқан қазіргі жағдайда оқушылардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды болып табылады.

Бастауыш сыныпта оқыту оқушыларды төменде аталған мүмкіндіктер есебінен дамыту мақсатына жетелейді:

- Ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін ұсыну;
- Кез келген қабылданатын ақпаратты сын тұрғысынан қарап, талдай білу дағдысын белсенді дамыту;
- Өзіне өзі сын көзбен қарау және өзіндік пікірін қалыптастыра білу қабілетін қолдау;
- Кез келген өмірлік жағдайда кездесетін түйінді мәселелерді түсіну және сәйкесінше қарым қатынас жасай білуге ынталандыру.

Негізгі пәндерді оқу арқылы оқушылар өз түсінігін кеңейтеді және өзінің ой пікірі үшін жауапты болуға үйренеді. Оқушылардың өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге әр түрлі тәсілдердің көмегімен ынталандыруға болады. Мысалы, олар дәлелдерді талдау мен бағалау және ойлау туралы ойлану дағдыларын зерделейтін болады. Сондай ақ пәнаралық байланыс орнату арқылы олар ақпаратты тиімді пайдалануды үйренетін болады.

Жаңартылған білім мазмұны аясында бастауыш сыныптың оқу бағдарламасы спираль тәріздес құрылымға негізделген. Оқушылар бастауыш сыныпта оқыту бағдарламасы аясында игерілетін негізгі дағдыларға мезгіл мезгіл қайта оралып отырады. Мысалы, оқу бағдарламаларындағы кейбір оқу мақсаттары оқушылардың кең ауқымды мәселелер туралы түсінік қалыптастыруын және зерделеуін қажет етеді. Оқушы сыныптан сыныпқа ауысуына қарай белгілі бір тақырып ауқымындағы мәселелер күрделене түседі. Проблемаларды шешу жолдары дүниетану мен жаратылыстануды қамтиды және математика бойынша оқу бағдарламасының негізін құрайды: проблемаларды шешу қабілеті сандар тізбегінің, алгебраның, геометрияның, әсіресе математикалық модельдеудің құрамдас бөлігі болып табылады. Проблемаларды шешуге

берілетін тапсырмалар оқушыларға таныс емес мәселелерді қамтуы керек және оларды жаңалықтар ашуға және өз тұжырымдарын жасауға ынталандыруы тиіс. Олар оқушылардың дайын стандартты жолдарды пайдаланбай, дұрыс шешімдерді іздеуін және заңдылықтарды зерделеуін қажет етеді, сол арқылы белсенді оқуына ықпал етеді. [2.].

Тапсырмаларды орындай отырып, оқушылардың алдыңғы сыныптарда және басқа пәндер бойынша алған білімдерін еске түсіруі және қолдана алуы маңызды болып табылады. Бұл оқушыларға өздерінің қол жеткен жетістіктерін бекітуге және негізгі пәндер арқылы байланыс орнатуға көмектеседі. Бұған көмектесетін бірнеше тәсіл бар.

1 және 2-сыныптардың оқу жоспарларында ортақ тақырыптар пайда болады, бұл пәнаралық байланыстарды енгізуге мүмкіндік береді:

1-бөлім: Өзім туралы

2-бөлім: Менің мектебім

3-бөлім: Менің отбасым және достарым

4-бөлім: Бізді қоршаған әлем

5-бөлім: Саяхат

6-бөлім: Салт дәстүр және ауыз әдебиеті

7-бөлім: Тағам және сусындар

8-бөлім: Дені саудың жан сау

Оқушыларға пәндер мен тақырыптар арқылы байланыс орнату үшін пән бойынша сауалнама жүргізуді қолдана аласыз;

Мұғалім оқушыларға өзінің тақырыбы бойынша жұмыс істеу үшін портфолио жасауды тапсыра алады, бұл пәнаралық байланысты айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сабақтарды жоспарлаудың басты аспектісі ретінде оқушыларға пәнаралық байланысты жүргізуге көмек көрсетумен қатар, оқушылардың білім білік дағдыларының артуына қарай жүзеге асырылатын педагогикалық тәсілдерді таңдау болып табылады. Мысалы, мұғалім оқушылардың алдында пән бойынша білім мен дағдыларды қажет ететін проблемалық тапсырма қоюына болады. Тіпті оқушылардың өзіне деген сенімі соншалықты артпаған күннің өзінде де, мұғалім жай ғана сырттан бақылаушы болмай, оқуға «ынталандырушы» болуы маңызды екенін ұмытпаған жөн.

Жаңа тақырыпты меңгерту кезінде тура нұсқау мен қолдау көрсетуге көбірек көңіл бөлуіңіз әбден мүмкін (мысалы, жазылым құрылымы, жауаптар модельдері және т.б.) оқушылар белгілі бір деңгейде жетістікке жеткен кезде, бұлайша тура нұсқау беруді азайтып, өз рөліңізді біртіндеп үйлестіруші, уәждеушіге ауыстыруыңызға болады. Оқушыларды сізге және сыныптағы басқа оқушыларға өз пайымдауларын түсіндіруге ынталандыратын және зерттеулерге, топтық жұмыс пен ашық сұрақтарға негізделген барлық кезеңдерінде оқушылардың сабақ барысында жеке жұмыс істеге қарағанда, сіздің қолдау көрсеткен жағдайда көп жетістікке жетіп жүргеніне көз жеткізуіңіз қажет. Мұны орындаудың ең тиімді жолы жеке оқушыларға жүйелі түрде кері байланыс ұсыну және күрделілігі жағынан соған сәйкес келетін тиісті мақсаттарды белгілеу болып табылады. [3.].

Қорытындылай келгенде, мұғалім үшін ең маңыздылары төмендегідей:

- Сабаққа идеялар мен ынталандырушы материалдарды енгізу;
 - Оқушылар өзінің оқуы мен ойлауын бағалай алатындай логикалық ойлауды және зерделеу дағдыларын енгізу;
 - Оқушыларға өздеріне қызықты салаларда сұрақтар құрастыруға көмектесу;
 - Топтық жұмыстарды енгізу;
 - Оқушылардың бір бірімен қарым қатынасқа ынталандыру;
 - Оқушылардың мүдделеріне сәйкес болу;
 - Оқушылардың өз бетінше ойлануын үнемі талап ету;
 - Оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектесетіндей сұрақтар қойыңыз;
 - Оқушыларға өздерінің ойлау дағдылары мен ғылыми зерттеу дағдыларын қолдануы ескертіп отыру;
 - Жекелеген оқушылармен «көзбе көз» кездесулер ұйымдастыру;
- Оқушыларға өзіндік жұмыстарда жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру.

Кез келген мұғалімнің алдында тұрған басты міндеттердің бірі оқығысы келмейтін оқушыны өз әлеуетін толық көрсете алатындай оқуға қызықтырып, қолдау көрсету болып табылады. Әдетте балалар мектепте жақсы оқуға тырысады, алайда кейбіреулері оқуға деген уәжі мен қызығушылығын жоғалтып алады. Негізінде, оқушылар оқу қжет болғадықтан емес, өз еркімен ынталанып, іштей уәжделуі тиіс. Бұған оқуды мүмкіндігінше белсенді, күрделі, қызықты жәе маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады. Бастауыш сынып оқушылары өздерінің жаңа білімдері мен дағдыларын іс жүзінде өз тәжірибесінде қолдануға болатынын көргенде оқуға деген ынтасы артады және шынайы өмірден алынған жағдаяттармен байланысты тапсырмаларды ұнатады.

Мұғалімдер төменде аталған бірқатар маңызды мәселелерді ескерсе, оқушыларының уәжін арттыруда тиімділікке қол жеткізеді:

- Белсенді оқу арқылы оқушылардың ұсақ моторикасы мен қарым қатынас дағдыларын жақсарту үшін сабақтарды қызықты әрі тартымды етіп құру;
- Әртүрлі белсенді оқу тәсілдерін қолдана отырып, сабақтардың мазмұнын түрлендіру;
- Оқушыларды жаңа оқу мен оқыту әдістерімен эксперимент жасауға тарту (бұл мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара байланысты жақсартады, нәтижелі кері байланыс орнатып, жағымды оқу ортасын құруға мүмкіндік береді).

Оқушыларды ынталандыруға арналған осы ұсынылған тәсілдер тізімінде қандай да бір мадақтау немесе жазалау ескерілмегеніне мән беріңіз. Олар – жалпы қолданылатын техникалар және де, әдетте, «сыртқы» уәж немесе «оқу керек» деген талаппен сақтықпен қараған жөн, себебі олар ішкі уәжді төмендетуі мүмкін. Атап айтқанда, оқушыларда төмендегідей сезім тудыруы мүмкін марапаттардан (әсіресе мақтаудан), жаза немесе кері байланыстан аулақ болған дұрыс:

- Тапсырманы орындауға өзін қабілетсіз сезіну;
- Тапсырманы аяғына дейін орындаудың қажеті жоқ деп сезіну;
- Тапсырманы орындау үшін аз ғана әрекет етіп, шектеулі күш жігер жұмсаса жеткілікті деп сезіну;
- Өзіне аз тапсырма берілді деп сезіну.

Бастапқы ішкі уәж төмен болған жағдайда сыртқы марапат пайдалы болуы мүмкін. Шын мәнінде, сіз оқушылардан жоғары нәтиже күтіп, олардың өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдаланғаныңыз дұрыс. Оқушының жобасына құрметпен қарай отырып, оның ішкі уәжін арттыруға ықпал етуге тырысыңыз (мысалы, оның жеке қызығушылығы, тақырыпқа қызығушылығы, жеке мақсаттарға ұмтылуы және т.б.)

Оқушының оқуға құлқының болмауы, негізінен, мұғалімнің оның уәжін оята алмауының салдарынан болады. Мұғалімнің қызметінің аса маңызды қыры – оқушылардың уәжділігін анықтауға көмектесетін көптеген факторларды түсіну. Төмендегі кестеде мұғалім жұмысының оқушының уәжін өсіретін немесе, керісінше, өшіретін факторлар ұсынылған.

УӘЖДІ ӨСІРЕТІН ФАКТОРЛАР	УӘЖДІ ӨШІРЕТІН ФАКТОРЛАР
Түрлі оқыту мен оқу әдістерін пайдаланатын белсенді мұғалім	Негізінен өзі сөйлейтін лекция оқитын мұғалім
Көп оқушыны қамтитын белсенді тапсырмалар	Аз ғана оқушы қатысатын немесе мүлде қатыспайтын тапсырмалар
Белгілі бір мағынасы бар және осының алдында өткен тақырыппен байланысты жаттығулар	Айқын емес, түсініксіз және осының алдыда өткен тақырыптармен байланыспайтын жаттығулар
Сабақтағы жаттығулардың күрделілігі тиісті деңгейде және барлық оқушылар орындай алатын етіп сараланған	Сабақтағы жаттығуар сараланбаған және басында орындау тым қиын немесе қабілеті жоғары оқушылардың қабілеттері ескерілмейді
Оқыту ме оқудың сан алуан әдістері қолданылады – сабақтың қандай болатыны күні бұрын болжау мүмкін емес	Оқыту мен оқу әдістерінің аз ғана түрі қолданылады – сабақтың қандай болатынын күні бұрын болжап білуге болады
Оқушыларға «ойнауға» уақыт бере отырып,	Сабақтың қарқыны өте жылдам/баяу және

сабақ қарқынын өзгерту	оқушыларға «ойлануға» уақыт берілмейді
Әр оқушыға жеке қолдау көрсету	Оқушылар мұғалімнен көмек күтеді
Көп мақтау және мұғалімнің дене қимылдарын, ымды тиімді қолдануы	Мақтау айтылмайды және мұғалім дене қимылдарын, ымды тиімді қолданбайды
Оқушылар сабақ мақсатын және өздерінен не күтілетінін біледі	Оқушылар сабақ мақсатын және өздерінен не күтілетінін білмейді

Кестедегі ақпарат Хэмстон мен Мардохтың еңбегінен алынды, 1996.

Бастапқы кезеңдерде оқушылардың осыған дейін меңгерген білімін қазіргі кезде оқып жатқан көптеген жаңа түсініктерімен байланыстыру маңызды болып табылады.

Білім мен дағдыларды қарапайымнан бастап күрделіге қарай және нақтыдан абстрактіге дейін ретке келтіру маңызды.

Алдымен сіз қажетті түсініктерді оқушылар бір-бірімен сөйлескен кезде пайдаланатын тілдің көмегімен енгізуіңіз керек. Содан кейін материалдардың табиғатымен байланысты тілді пайдалану қажет және оқушылар нақты заттар арасында байланыс орнату үшін материалдарды пайдалануға немесе әрекеттерді іске асыруға қатыстырылуы керек. Оқушылар осы тақырыппен танысқаннан кейін түсінікпен байланысты техникалық тілді немесе терминологияны зерттеуге кірісуіне болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының « Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы МАН /Екінші Басылым/ 2015ж.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. 2014 ж.
4. www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
5. Қ.Қадашева. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі: Білім беру ұйымдарының басшыларына және білім жүйесі қызметкерлеріне арналған. Монография. /Т.М.Баймолдаев. - Алматы, 2013. - 356 бет.
6. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.

МЕТОДИКА ИНТЕРАКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ



Алихан Гульмира Абдиганиевна
*Учитель русского языка КГУ «средняя школа №152»
 Шиелійский район, Кызылординская область*

Использование интерактивных методик всё шире внедряется в учебный процесс и требует от учителя пересмотра многих привычных подходов к обучению. Без взаимного уважения, без умения прислушиваться друг к другу, без правильного общего руководства ведением урока не получится применить на практике. Кроме того, значительное снижение качества успеваемости привели к тому, что использование нетрадиционных методов и приёмов становится просто необходимым, а урок протекает интересно, разнообразно, эффективно.

Что такое «методика интерактивного обучения»? Интерактивный («Inter» - это взаимный, «act» - действовать) – означает взаимодействовать, находиться в режиме беседы, диалога с кем-либо. Другими словами, в отличие от активных методов, интерактивные ориентированы на более широкое взаимодействие учеников не только с учителем, но и друг с другом и на доминирование

активности учащихся в процессе обучения. Место учителя в интерактивных уроках сводится к направлению деятельности учащихся на достижение целей урока. Учитель также разрабатывает план урока (обычно это интерактивные упражнения и задания, в ходе выполнения которых ученик изучает материал). Следовательно, основными составляющими интерактивных уроков являются интерактивные упражнения и задания, которые выполняются учащимися. Важное отличие интерактивных упражнений и заданий от обычных в том, что, выполняя их, учащиеся не только и не столько закрепляют уже изученный материал, сколько изучают новый. Сегодня ученик мало читает, что становится серьёзной проблемой для современного школьника.

Технология интерактивного обучения русскому языку учащихся средней школы строится на принципах: глобальности в подаче материала, концентричности его предъявления и обработки по формуле «синтез-анализ-синтез», полуфункциональности учебного материала, ролевой организации учебного материала, сознательного подхода к изучению русского языка, интенсивного обучения, индивидуализации обучения при ведущей роли её личностного аспекта, функциональности, новизны. Методы, актуализируемые в рамках технологии интерактивного обучения русскому языку в средней школе: 1) метод проекта; 2) игровые методы; 3) дискуссионные методы; 4) метод сензитивного тренинга; 5) проблемные методы; 6) метод конференции; 7) метод сотрудничества.

Интерактивное обучение русскому языку построено на взаимодействии учащегося с учебным окружением, в том числе со сверстниками, носителями русского языка, учебной средой, окружающей языковой средой, которые служат областью осваиваемого опыта. Опыт учащегося, его активность в получении знаний, умений, навыков в сфере изучаемого языка – основные источники учебного познания. Принцип интерактивности в целом позволяет учитывать в процессе изучения русского языка разноуровневое, разноаспектное описание отдельных форм, связанных с их синтаксической реализацией в составе диалогового сотрудничества (предложений и лексического наполнения) в тематических ситуациях. Интерактивный подход заключается также в особой группировке языкового материала, основанной на разграничении противоположных и сходных, главных и периферийных явлений внутри системы изучаемого языка.

Интерактивный подход в подаче грамматического материала может оказаться недостаточным в тех случаях, когда необходимо показать языковую систему в развёрнутом виде. Такая необходимость возникает особенно на продвинутых этапах обучения русскому языку. Систематизация знаний даёт опору в понимании общих закономерностей существования языка и позволит самостоятельно оформлять и моделировать высказывание. Введение новой информации при таком подходе осуществляется поступательно, одновременно путём перехода от простого к сложному. Принцип интерактивности в методике преподавания русского языка проявляется также в диалоговой подаче материала, что подразумевает отбор грамматически и репрезентацию на дискурсной синтаксической основе, то есть в составе такой синтаксической единицы, в которой реализуется данное значение грамматической формы. Дискурсная основа подачи материала позволяет представить не просто факт языка, а его коммуникативную значимость.

Применение активных и интерактивных технологий на уроках русского языка, литературы и развития речи повышает интерес к изучаемым предметам, способствует повышению качества обучения, позволяет использовать обучающимся различные источники информации (в том числе и Интернет). Формы воплощения активных методов обучения разнообразны: круглые столы, дискуссии, «мозговые штурмы», различные беседы; к интерактивным методам можно отнести проектную деятельность, ролевые и деловые игры, дебаты. Остановимся подробнее на использовании интерактивных методов. Дебаты.

Выступают поочередно защитники и противники тезиса. Первый выступающий выдвигает тезис, называет ключевые понятия и аспекты (категории, ограничивающие рассмотрение проблемы рамками теории). После него выступает главный оратор от оппозиции и формулирует антитезис, а также понятия и аспекты.

Далее вторые участники приводят аргументы в пользу утверждения команды... Последние из участников подытоживают то, что было сказано командой. Председатель может задавать наводящие вопросы, прерывать выступления.

Зрители слушают и делают записи по ходу выступлений. На протяжении всего времени дебатов задают вопросы и дают информацию. Выступающий принимает помощь или отклоняет её. Каждая команда имеет право взять время на консультацию друг с другом.

Голосование.

После дебатов приводится голосование в пользу выбранной позиции. Должен оцениваться не тезис, а аргументы, представленные сторонами.

Эксперты ведут протокол деятельности спикеров (оценивается содержание выступления, содержательность ответов на вопросы, культура общения).

Выступление экспертов.

Рефлексия. Подводят итоги, анализируется деятельность участников.

Председатель задаёт следующие вопросы:

- Чьё выступление вам понравилось? Почему?

- Были ли отходы от основной темы? Почему?

Оцените общую культуру участников.

- Что бы вы предложили изменить в процедуре проявления дискуссии?

- Достигнута ли главная цель?

А что же сам автор думал по этому поводу? (При наличии времени можно обсудить в аудитории: можно предложить подумать над вопросом дома).

Таким образом, технология дебатов позволяет учащимся заниматься исследовательской деятельностью в полной мере, а также развивает три основные ключевые компетенции (информационную, коммуникативную, решение проблем).

Таким образом, на основании всего вышеизложенного следет сделать вывод о том, что исследовательская деятельность учащихся на уроках, безусловно, важна, и не просто важна. а необходима. Использование современных инновационных технологий может стимулировать учащихся к самостоятельной работе мысли, к поиску и творчеству.

Список литературы:


1. Иоффе А. Основные стратегии преподавания. Активные методы обучения в гражданском образовании. //Гражданское образование: содержание и активные методы обучения. М.: Межрегиональная ассоциация «За гражданское образование», Фонд «Сивитас», 2006.
2. Бычкова Е.Ю. Телекоммуникационные проекты как средство развития коммуникативной компетентности обучающихся // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. - 2009. - №4




ҚЫСҚАРТЫЛҒАН САБАҚ ЖОСПАРЫ




Ақбергенова Жанар Биділдақызы
 Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
 «Абай атындағы гимназия мектеп» КММ-нің
 қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	«Абай атындағы гимназия мектеп» КММ	
Зерттеу сұрағы	Қазақ тілі сабағында 6-орыс сыныптарының тіл дағдыларын болжау әдістері арқылы қалай дамытуға болады?	
Пәні:	Қазақ тілі мен әдебиеті	
Бөлім:	Жер байлығына аяулы көзқарас	
Педагогтің аты-жөні:	Ақбергенова Ж.Б	
Күні:	22.02.2022 ж	
Сынып: 6 «Г»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:

Сабақтың тақырыбы:		Қазақстан картасы бойынша елімізді аралайық!		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.1.2.1-тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау;		
Сабақтың мақсаты		тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресур с
Ұйымдастыру 5 мин	Сәлемдесу, сәттілік тілеу Ойқозғау Балалар, бүгін біз «Жер байлығына аяулы көзқарас» деген жаңа тарауды бастаймыз. Сабағымыздың тақырыбы: Қазақстан картасы бойынша елімізді аралайық! Қалай ойлайсыңдар,біз карта бойынша аралағанда нені байқай аламыз?Қазақстан қай елдермен шегаралас жатыр?	Оқушылар сәлемдесіп, бір-біріне сәттілік тілейді. Сабақтың тақырыбы бойынша болжам жасайды және сабақтың мақсатымен танысады.		Слайд, Оқулық 6-сынып «Бәйше шек»
2 мин	 ПОЛЕЗНЫЕ ИСКОПАЕМЫЕ КАЗАХСТАНА	Карта бойынша оқушылар қандай елдермен шегаралас екенін және қандай қазба байлықтары бар екенін айтады.		Қазақстан картасы
3 мин	Мәтіналды жұмыс https://youtu.be/vcwsuiVC7PY «Қазақстанның қазба байлықтары» тақырыбында бейнебаян көрсету. Бейнебаян көру барысында «Түртіп алу» әдісі бойынша Қазақстанда қандай қазба байлықтары шығатынын жазып алу. Жаңа сөздер Шикізат - тұтынуға қолайлы өнделмеген зат (сырьё) Қазба байлықтары– жер қойнауынан қазып алынатын заттар (полезные ископаемые) Кен – жердің қойнауынан қазып алынатын пайдалы зат (руда) Кенші - кенде істеуші (шахтер) Мәрмәр – әк тастың түріне жататын қатты тас (мрамор)	Бейнебаянды көре отырып, «Түртіп алу» әдісі бойынша қазба байлықтарының атауларын теріп жазып отырады. Жаңа сөздермен танысады		Бейнебаян https://youtu.be/vcwsuiVC7PY
Өзін-өзі тексеру				

<p>Өткен білімді еске түсіру</p> <p>5 мин</p>	<p>Қорғасын – көкшіл-сұр түсті, жұмсақ, өте ауыр металл (свинец) Мұнай - май тәрізді минералды сұйық зат (нефть) Құбыр – жер астымен ылғалды я газды бір орыннан екінші орынға жеткізетін түтік.(труба) Жанғыш- горючие Ерігіш- растворимый Мәтінмен жұмыс 1-тапсырма.(ЖЖ) Мәтінді тыңдаңдар, негізгі мен қосымша ақпаратты анықтаңдар</p> <table border="1" data-bbox="370 629 887 779"> <tr> <td>Негізгі ақпарат</td> <td>Қосымша ақпарат</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат					<p>Берілген мәтінді тыңдайды, мәтіннен екі негізгі, екі қосымша мәліметті тауып кестеге жазады</p>	<p>Дескриптор: 2 негізгі ақпаратты табады -2 балл 2 қосымша ақпаратты табады -2 балл</p>	<p>Кесте</p>
Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат									
<p>Жаңа білім</p> <p>10 мин</p>	<p>2-тапсырма. Қазақстанның шикізат және қазба байлықтарын «Жүзім шоқтары» әдісі бойынша сызбаға түсір.</p>  <p>3-тапсырма.(ТЖ) Қазақстан шикізат қоры мен қазба байлығы бойынша әлемде қандай орын алатынын графикке түсіріп, түсіндіріңдер.</p>  <p>4-тапсырма. Төменде көрсетілген шикізат, қазба байлықтардың қайда қолданатынын айтып, ойынды дәйекте</p>	<p>Қазақстанның шикізат және қазба байлықтарын «Жүзім шоқтары» әдісі бойынша сызбаға түсіреді</p> <p>(ТЖ) Қазақстан шикізат қоры мен қазба байлығы бойынша әлемде қандай орын алатынын графикке түсіріп, түсіндіреді.</p>	<p>Дескриптор: Қазба байлықтары мен шикізаттарды сызбаға түсіреді -2 балл</p> <p>Дескриптор: Қазба байлықтарын графикке түсіреді-2 балл</p>	<p>Графикалық орган айзер</p>						
<p>Бекіту</p> <p>10 мин</p>		<p>Төменде көрсетілген шикізат, қазба</p>	<p>Дескриптор: Шикізат, қазба байлықтарының қайда</p>	<p>Сызба кескіні</p>						

<p>Кері байланыс 5 мин</p>	 <p>Кері байланыс: « 3 Қ» әдісі Қызық Қиын Құнды</p>	<p>байлықтардың қайда қолданатынын айтып, ойларын дәйектейді.</p> <p>Оқушылар кері байланыс жасап, өз ойларымен бөліседі</p>	<p>қолданатынын айтады және дәлелдер келтіреді-2 балл</p>	<p>Сюжетті суреттер</p>
--------------------------------	---	--	---	-------------------------

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ



Айтпенбетова Анар Биділдақызы
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы,
«№46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейі» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аса көрнекті ағартушы, ақын, белгілі ғалым, қазақтың ұлттық тіл білімі әдебиет зерттеу ғылымдарының негізін қалаушы, тағылымды тәржімашы, XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында республикадағы мәдени құрылысты ұйымдастырушы, заманында атақ-даңқы халық арасында аңызға айналып кеткен асқан дарынның бірі әрі бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл кісіні қазақ халқының Абайдан кейінгі тарихындағы аса жарқын тұлғалардың бірі десе, еш асыра айтқандық болмайды. Ақын өзінің азаттықтың қызмет жолын ұстаздықтан бастады, өмір майданына ағартушылық туын көтеріп келді. Бұл тұрғыдан алғанда Ахмет Байтұрсынұлы оның алдында ғана өткен ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин дәстүрін тікелей жалғастырушы ретінде көрінеді. Өзі де сол Торғай топырағына Ыбырай екен ұрықтың алғашқы толымды жемісі болып табылады.

Ахмет ағартушылық идеясын дәл Ыбырай ағасы секілді өзінің тікелей практикалық ісі арқылы жүзеге асырады. Табандатқан он жыл бойы мұғалімдік қызмет атқарады. Ұлт ұстазына айналған, өмір бойы ұйқыдағы халқын «Маса» боп ызындап оятуды көздеген, «қазаққа қазақты сүюді үйреткен» Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін еткен қызметі шаш етектен. Ол – ақын, ол – қоғам қайраткері, ол – қазақтың тұңғыш әдебиет теоретигі, лингвист, ағартушы-ғалым... Ол – Алаш көшбасшыларының бірі. Ол қазақ үшін бес рет түрмеге түсіп: «Асықпаңдар! Артымызда қазы бар...» деп, соңында атылып кете барған асыл боздақ. Оның өмір жолын, жасаған қызметін білу, бағалау – біздер үшін парыз. Тіл білімінің негізін салушы, оқу-білімге шақырған қоғам қайраткері, ұлт ұстазы, Алаштың асылы, арысы Ахмет Байтұрсынұлын ұлықтау ешқашан да артықтық етпесі анық.

Ана тілім, өз тілім, қазақ тілім,
Қазақ елі біледі мұны бүгін.
"Ахаң тілі – құндылықтың бастауы" деп,
Мақтанып бар дауыспен айтар үнім.

Қылқалам сыр шертеді суретімен,
Мысалын Ахмет ата үйретумен.
Мысалдар желісімен жас өркендер,
Жалықпас суреттерін сөйлетуден .

Ұлы дала ұстазы - Ахмет ата,
Өзіңді зерттей жүрер әрбір бала.
Қасиетіңді ұғынып білген бала,
Зерттейді өзің жайлы дара бала.

Мәңгілік ел алыбы Ақандайын,
Қалайша қалам тербеп жаза алмайын?
Жүрегімнен шыққан сөзді жыр етемін,
Өзің жайлы оқудан мен талмайын, - деген өлең сөздермен лықсыған ойларымды жеткізгім келді.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес, бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,

Ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін, – деген Ахмет сөзі болашақ үшін басын бәйгеге салғанын дәлелдейді. Қазаққа сүюдің үлгісін көрсеткен, жұрты үшін еткен өлшеусіз еңбегі еш ұмытылмайды. Біздікі тек ұлт ұстазының бір қырын көрсетіп, «жанам деген жүрекке» от беру ғана... Ұлт ұстазын ұлықтаған ұрпақтар үні мәңгі жаңғырып тұрар.

1909 жылы жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» кітабынан алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есек» секілді мысалдарын оқып өстік. Крыловтан аударса да, тақырыпты өзіндік бағытымен өзінше еркін жырлап, қазақ өмірімен тығыз байланыстырып айтқан ой өзегінен халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес тұжырымын жасап, өткір мысалдарын жеткізгенін көреміз. Ахмет атамыз тағылымды тұжырымдарын мысалдарымен жеткізсе, біздің оқушылар мысалдарын суретпен сөйлете ала ма? Неге сөйлетпеске? Сөйлетеді.

Адамдық диканшысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым,
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың, - деп жүрек қылын шерткен Ахметтің өлеңдерін оқыған балалар бойына адамдықтың дәні түсері анық.

Қазақ үшін жүрек майын шам қылған Ахмет Байтұрсынұлы туралы қанша зерттесең, алтындай жарқыраған үстіне жарқырағандай, зерттеу керек қырлары қатпарланып тұрады.

Қазақ халқының ұлы көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы жайлы қанша уақыт толғап, қанша керемет дүниелер көрсетуге болады. Ол алдағы уақыт еншісінде. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері уақыт өткен сайын саф алтындай жарқырап, өз қадір-қасиетін жоғалтпақ емес.


ЗАТТАРДЫҢ ҚАСИЕТІ ӨЗГЕРЕ МЕ?




Алиханова Эльмира Жагипбаровна
Шымкент қаласы, М. Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Қысқартылған сабақ жоспары

Мұғалімнің аты-жөні:	Алиханова Эльмира Жагипбаровна			
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Заттардың қасиеті өзгере ме?			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы (Білу) 1 мин	Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ой қозғау». Мұғалімнің ситуациялық сұрақ қоюы арқылы оқушылар өз білімдерін талдайды. Және алда жете алатын тақырып бойынша ой қозғайды	Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.	ҚБ: Мадақтау арқылы мұғалімнің бағалауы	Психологиялық ахуал.
1 мин	Түстер арқылы топқа бөлу Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!	Оқушылар түстерді таңдау арқылы өз топтарына жайғаса алады		Түстер, қорапшалар
2 мин	Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Сөзжұмбақты шешу арқылы бастайды Сөзжұмбақтың жауабы арқылы күтілетін нәтижені оқушылардың болжауына көмектеседі	Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.		Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары
5 мин	Үй тапсырмасын тексеру (жеке) «Менен сұрақ - сізден	Оқушылар дайындап	Әр оқушы жауабына қарай өз	Ашық хат, кітапша т.б

	жауап » тәсілі арқылы үй тапсырмасына берілген тақырып бойынша 3-сұрақ оқушылар сұрақтар беруіне, кезекпен оқушылар жауап бере отырып, бағалауына жағдай жасайды.	келген сұрақтарын достарына қояды және бағалайды.	досын «Басбармақ» әдісі арқылы бағалай алады	түріндегі сұрақшалар
3 мин	« Суреттер сөйлейді » әдісі арқылы мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді	Оқушылар тыңдайды, берілген сұрақтарға жауап береді		Тақырыпқа сай түрлі- түсті суреттер
2 мин	« Адаққан сөздер » тәсілі арқылы жұптық жұмыс жасалады. Оқушылар мұғалім берген әріптерден тақырыпқа сай сөз құратады және оны тиісті суреттерге сәйкестендіруге жол көрсетеді	Әріптерден дұрыс сөзді жұптасып табады, сәйкестендіреді	Дұрыс жауап беріп, табыс монетасын алады	Қима әріптер, түрлі-түсті суреттер
Ортасы 3 мин		Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Белсенді оқу тапсырмалары		Оқылым тапсырмалары.
	Мұғалім женттің жасалу жолын көрсете отырып түсіндіреді	Тыңдалым тапсырмасын орындайды		
2 мин (Қолдану)	« Базарлық » тәсілі арқылы құрттың жасалу үдерісінің ретін жасатады және жасалу жолын таптырады	Үдерістің дұрыс болуына мұғалімге көмек бере алады және жасалу жолын табады	Мадақтау арқылы бағаланады	Дайын сүт өнімдері
1 мин	<u>Пиктограмманы оқы</u> Негеш әжесі дайындаған тосаптың жасалу жолын пиктограммалармен көрсетті. Пиктограммаға қарап, құлпынай тосабын дайындау үдерісін айтып бер.	Айтылым, тыңдалым тапсырмаларын орындай алады		Оқулық
2 мин	Жұптық жұмыс « Артық сөзді тап » әдісі арқылы берілген үдерістен артық сөзді сызып тастауға және ол ненің үдерісі екенін айтады	Артық сөзді және үдерісті табады.	Табыс монетасы мен бағаланады	Үдеріс
	<u>Дескрипторы:</u> Заттардың қайда қолданылатынын			

	<p>біледі; заттардың қалай өзгертінін, оған не әсер ететінін түсінеді. Заттар түрлі үдеріс кезінде басқа заттарға айналады. Ол үшін заттарды араластырады, қыздырады, ерітеді. Кейбір заттар араласқан қоспаның құрамында болса да, қасиеттерін жоғалтпайды. Ал кейбір заттар басқа заттармен әрекеттесіп, өз қасиеттерін жоғалтады немесе өзгертеді. Олар бастапқы қалпына келе заттарды қосу, араластыру арқылы алмайды. Адамдар заттың қасиеттерін жақсартуды, құрамын өзгертіп басқа заттар жасауды үйренді.</p>			
<p>Соңы 2 мин (Жинақтау)</p>	<p>«Сәйкестендіру» әдісі арқылы заттардың жасалу жолын таба алуға және өзгеру жолын айтуға бағыт- бағдар береді</p>	<p>Жұптаса отырып тапсырманы орындайды, қасиетін өзгерткен заттарды айта алады</p>	<p>Табыс монетасы мен бағаланады</p>	<p>Сәйкестендіру қағазы</p>
<p>Кері байланыс 2 мин (Бағалау) 1 мин</p>	<p>«Қар лақтыру» тәсілі арқылы кері байланыс жасайды, мадақтайды, қатені түзейді Мұғалім ТАБЫС МОНЕТАСЫН санауға көмектеседі, жүлделі орындарды айтады, мадақтайды</p>	<p>Сабақтан алған білімдерін негізге ала отырып, түйген ойларын кезектесе отырып айтады.</p>	<p>Мақтау, түзету арқылы кері байланыс жүреді</p>	<p>Қағаздан жасалған қар.</p>
<p>Үй тапсырмасы 1 мин</p>	<p>Зерттеу жұмыс. Картоптан келесі сабақ крахмал алып келу 58-59 беттерді оқып, түсінгенін айтып беру.</p>	<p>Оқулықты және мұғалім жіберген видеороликті көре отырып зерттеу жұмысын жасай алады.</p>	<p>Формативті бағалау</p>	<p>Зерттеу құралдары</p>

АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВ



Бапаева Жадыра Қазналықызы

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жансейіт ауылы,
№133 негізгі мектебі КММ-нің география пәні мұғалімі*

Қазақстанның көрнекті ғалымдарының бірі Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар уезінде (Семей облысы) беделді, білімді би (ауыл басшысы) Имантай мен оның екінші әйелі Әлиманың отбасында дүниеге келген. Баланың атын Ғабдул-Ғани, анасы еркелетіп Ғаныш деп атаса, мектепте Қаныш есімі мәңгілікке қалды.

Қаныш алғашқы білімін туған ауылының мектебінде алса, кейін Павлодарда орыс-қазақ мектебі болған, оны 15 жасында үздік бітіріп шығады. Семей мұғалімдер семинариясы Сәтбаев үшін жаңа білім беру кезеңі болды.

Жас жігіт университетке түсуге дайындалып жатқан, бірақ денсаулығына байланысты проблемалар басталды: дәрігерлер жас жігіттің туберкулезбен ауырғанын анықтады. Бұл дерт бұрын Қаныштың балалық шағын қараңғылаған – ол екі жасында анасының өмірін қиған. Жоспарларынан бас тартып, емделуге үйіне қайтуына тура келеді.

20 жасар білімді жігіт Казкультпросветке төраға болып тағайындалды, Баянауыл өңіріне халық судьясы болып сайланады. Осы жерде 1921 жылы Қаныштың бүкіл өміріне басқаша бағыт берген бір таныстық болды: бұл өлкеге ғалым Михаил Антонович Усов қымызбен емделуге келген. Ол жас жігітті пайдалы қазбалардың маңыздылығы туралы әңгімелерімен баурап алды. Осыдан кейін Қаныш Томскідегі технологиялық институттың студенті болып, бес жылдан кейін тау-кен инженері мамандығын алады. Кейінгі 15 жылдық еңбек өмірбаяны осымен байланысты Атбасар тресіне жұмысқа орналасады. Сәтбаев бұл жерді геолог ретінде зерттей отырып, мұнда мыс қорының көп екендігін бірқатар белгілермен алға тартты. Осылайша оның геология саласындағы жұмыстары басталды.

Көп жылдық еңбек пен тер төгудің, асқан қажыр-қайратының арқасында, көптеген қиындықтарды жеңе отырып, Қаныш Сәтбаев ғылым мен мәдениетке елеулі үлес қосты.

Ғалымның өмірбаянының қысқаша сипатталған кезеңдерінің өзі оның ғылыми қызметінің ауқымы мен ел дамуына қосқан үлесі қаншалықты зор болғаны туралы түсінік береді. Келесі жетістіктер сізге бұл туралы көбірек айтады:

- Жезқазғандағы ең ірі мыс қорының ашылуы
- Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл аудандағы мыс қоры екі миллион тоннадан асқаны анықталды. Британдықтар бұған дейін оларды 60 мың тоннаға бағалаған. Ол кезде дәлелденген қорлар жер шарындағы ең үлкен деп саналды. Сәтбаев өз ұстанымын ақтап, 40-қа жуық ғылыми еңбек жазды.
- Бұл қорларға жету үшін тек білім ғана емес, ғалымның ынтасы мен табандылығы қажет болды. Әртүрлі жоғары инстанцияларда ол шешім қабылдағандарды өзінің дұрыс екеніне сендіре алды.
- Қаныш Сәтбаев геологиялық барлау жұмыстарын жанкештілікпен жүргізді, қыста да ұңғымаларды бұрғылауға рұқсат алды. Ол үшін бөлімшелерді 40 градус аязда киіз үймен жауып жылыту керек болды.

Ғылыми қызметі жоғары бағаланды: 1942 жылы Жоғары аттестаттау комиссиясы геология және минералогия саласындағы ғылым докторы ғылыми дәрежесін берді.

- Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстанның пайдалы қазбалар картасы жасалды. Ол үшін кешенді әдіс әзірленді, жұмыс макеттері жасалды. Әдістеменің өзі геологиядағы жаңа бағыт – металлогенияның негізін қалады, ал Сәтбаев бұл бағыттың негізін салушы және геологиядағы ерекше «қазақ мектебін» құрушы болып саналады.

Институтта жасалған карта дұрыстығы тексеріліп, ғылыми конференцияларда талқыланып, ең сенімдісі деп танылды. Ол үшін бір топ ғалымдарға Лениндік сыйлық (1958) берілді.

1950 жылдардың ортасында республика ғалымдары табиғат ресурстарын тиімді пайдалану бойынша зерттеулер жүргізді. Тың жерлерді игеруге ғылыми мекемелерді жұмылдырғаны үшін Ғылым академиясының президенті Ленин орденімен марапатталды.

Академик Қаныш Сәтбаев республикада тағы бір жаһандық жобаны жүзеге асыруға атсалысты. Орталық Қазақстанда судың өткір тапшылығы байқалды, бұл аймақтың экономикалық дамуын тежеді. Ертiс суының бiр бөлiгiн осы аумаққа беру үшiн канал салу ұсынылды.

Сәтбаев ықпалды ғалым ретінде бұл жобаны одақтық жоғары органдарда насихаттады. Бүгінде Ертiс-Қарағанды арнасы оның есiмiмен аталады.

Сәтбаевтың ғылыми қызметі, оның негізгі еңбектері геологиямен ғана шектелген жоқ. Ол жайлы қызықты фактілер бар:

1935 жылы аймақты зерттеу кезінде ол XIV ғасырда Темірлан қалдырған жазуы бар тасты тапты. Бұл құнды археологиялық олжа қазір Эрмитажда. Ғалымды даладан табылған тас мүсіндер, жартастағы суреттер қызықтырды.

Ғалым геологиялық экспедицияларда халық әндері мен поэмаларын қағазға түсірген. «Едіге» дастанын зерттеп, жарыққа шығарды.

Сәтбаев ұстаздық қызметпен айналыса отырып, оқу құралын жазды. Бұл мектеп оқушыларына арналған алгебра болатын.

Ғалым қашанда өз халқына мақтаныш сезімін тудырған. Оның Черчилльге берген жауабы онымен Жоғарғы Кеңес депутаттары делегациясының құрамында болған кездесуінде кеңінен мәлім. Белгілі саясаткер қазақтардың бәрі осындай батыр ма деп сұрағанда, Сәтбаев: «Мен ең кішкентайымын, халқым одан биік» деп жауап береді.

Көрнекті ғалымның есімі көшелердің, ғылым және оқу орындарының атауларында мәңгілікке сақталып, елімізде Сәтбаев қаласы бар, ғарышта ғалымның есімі бір планетаға берілді. Жаңа минералдардың бірі саптаевит деп аталды.

ЮНЕСКО өзінің 100 жылдығын мерекелеуге қатысты. Туған жер де атақты ғалымның туғанына 120 жыл толуын салтанатты түрде атап өтті. Оның әріптестері бүгінгі таңда Қазақстанның жалпы ішкі өнімі негізінен Қаныш Сәтбаев ашқан жаңалықтардың арқасында қалыптасып отырғанын ерекше атап өтті.

Сәтбаев есімі әрқашан бірінші сөзбен байланысты. Қ.И. Сәтбаев – қазақ тіліндегі мектеп алгебра оқулығын тұңғыш құрастырушы, қазақтар арасындағы тұңғыш кәсіби инженер-геолог, КСРО Ғылым академиясының қазақтан шыққан тұңғыш академигі, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті және негізін қалаушы, Қазақстан ғылымдарының кандидаты Қазақ КСР Ғылым академиясы Геология институтының тұңғыш директоры, Қазақстандағы тұңғыш Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты!

Көрнекті ғалым-геолог, ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәтбаев өз есімін өз халқының тарихына алтын әріптермен жазды. Академик Қ.Сәтбаевтың ұлылығын асыра бағалау қиын! Ғылымның көптеген салаларында энциклопедиялық білімді меңгерген биік эрудиция тұлғасы Сәтбаев елімізге интеллектуалдық, ғылыми даму үрдісін қалыптастырды, соның нәтижесінде қазақ қоғамы ағартушылық қоғамнан интеллектуалды, ғылыми және кәсіби қоғамға айналды. Халқымыз, жастарымыз, еліміз иеленіп отырған бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуеттің іргетасы ұлы ғалымның сіңірген еңбегінің арқасында болды.

Ел, халық тарихында өшпес із қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын, өмірге бейне бір үлгі-өнеге болатын абзал адамдардың бірі болды. Мұның нәтижесінде еліне, халқына жан-тәнімен адал қызмет атқарған адам дүние салғаннан кейін де ғасырлар бойы ел тарихында, халық санасында сақталып жүреді. Осындай адамдардың бірі – қазақ халқының адал ұлы, білімпаз уәкілі академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Ол шын мәнісінде біздің заманымыздың энциклопедиялық білімді ғұлама ғалымы болды. Оның қадірлі есімі, артында қалдырған ісі, жалпы алғанда, барлық совет ғалымдары ұрпақтарына, жекелеп алғанда, қазақ совет ғалымдарының қазіргі мен болашақ ұрпақтарына үлгі-өнеге болмақ. Ол ғұлама ғалымдылығымен қатар нағыз нәзік жанды тәрбиеші, адам жанының зергері еді.

Қаныш Сәтбаев өмір бойы соңынан ерген туберкулезден 65 жасында қайтыс болды. Бірақ артында мәңгілік мұра қалдырып кетті.

ДОСТЫҚ – ТАТУЛЫҚ БЕЛГІСІ



Абдиганиева Гулширин Абдикапбаровна
Түркістан облысы, Арыс қаласы,
«Лидер» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі әдіскері

Мақсаты: Дос, достық құндылығы туралы түсінік беру. Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Адал дос болуға, достаса білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: тақырыпқа сай суреттер, жүрекше.

Шаттық шеңбері

Біз балдырған тең басқан!

Дос құшағын кеңге ашқан!

Тілегіміз – әділдік!

Ашық болсын кең аспан!

Тәрбиеші: Білесіңдер ме, балалар, достық адамдар арасында ғана емес, ұлттар арасында, мемлекеттер арасында да болады. Біз, Қазақстан халқы, дүниежүзі елдерімен достық қарым-қатынас орнатудамыз. Тәуелсіздік алғалы бері бүкіл әлемге танылды. Бұл күнге біз бірлігіміздің, достығымыздың арқасында жеттік. Татулық - достар арасындағы ең тамаша қасиет. Тату балалар бір-бірін ренжітпейді, тату-тәтті ойнайды, ойыншықтарымен және тәттілерімен бөліседі.

- Балалар, сендер достық жайлы өлең шумақтарын білесіңдер ме?

1-бала Асыл

Бір-бірінді бағалар

Дос болыңдар, балалар,

Дос болсаңдар, қуанар

Ата-әже, аналар.

2- бала Айзере

Дос дегенің – ұлы ұғым.

Бала кезден бұны ұғын.

Достарыңа әр күні

Сыйла көңіл тұнығын.

3-бала Аслан

Дос дегенің – байлық қой,

Басқа бақыт іздеме.

Досың болса ойнайтын

Қарамайсың түзге де.

4-бала Аяулым

Достық – шаңырағымыз,

Достық – ұранымыз,

Достық – туымыз,

Достық – әніміз.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар, достық жайлы өлең шумақтарын жақсы біледі екенсіңдер. Ендеше, достарымызға арналған мән-мағынасы керемет мақал-мәтел кім біледі?

1-бала Қ.Айзере

Кемшіліксіз дос іздеген адам, доссыз қалады.

2-бала Еңлік

Киімнің жаңасы жақсы,

Достың көнесі жақсы.

3-бала Райс

Көп ақшаң болғанша,
Көп досың болсын.

4-бала Жаннұр

Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.

5-бала Эмира

Досы жақсының – өзі жақсы.

6-бала Әлижан

Дос басқа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды.

Сергіту сәті

Бойымызды бір сергітіп алу үшін ойын ойнайық. «**Досыңды тап**» ойыны

Шарты: шеңберде тұрып әуенмен би билейміз, әуен тоқтағанда өз достарыңды тауып алуларың керек.



(Әуенмен ақ көгершін келеді)

- Саламатсыңдар ма, балалар? Балалар, мен достықтың, татулықтың белгісі Ақ көгершін боламын. Қандай керемет! Бүгінгі сабақтарың мен жайлы болып жатқандай. Балалар, сендер достық жайында ән білесіңдер ме?

Тәрбиеші: Ақ көгершін, төрлет, біздің балалардың ән шумақтарын тыңда. Біздің топта өзге ұлт өкілдері бар болғанымен, біз тату-тәтті доспыз. Осы достығымыздың дәлелі ретінде, Ақ көгершін, сізге достық әнін балаларымыз орындап берсін.

Ән: «Достық»

Көрініс: «Біз қандай доспыз?»

Ақ көгершін: Жарайсыңдар, балалар, сендер тату дос екенсіңдер. Мен сендерге құралақан келген жоқпын, өз сыйлығымды ала келдім. (сыйлықтарын таратады).

Мені басқа да балалар күтіп қалды, менің кететін уақытым болды. Сау болыңдар, балалар! (әуенмен Ақ көгершін шығып кетеді).


Суретпен жұмыс: суреттер бойынша балаларға түсінік беріледі.

«Достық жүрегіміз» дидактикалық ойыны.

Ойынның шарты: жүрекшені бір-біріне бере отырып, өз достарыңның атын айтуларың керек.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Бүгін өте жақсы жұмыс жасадыңдар. Өздеріңнің жақсы дос екендеріңді көрсете алдыңдар. Сау болыңдар!

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАУ АЛАДЫ.



Мангулова Салтанат Курбаналиевна

*Шиелі аудандық жалпы орта білім беретін кешкі мектеп КММ-нің
математика пәні мұғалімі*

Қай заманда да адамзат алдында тұратын басты міндеттердің бірі - есті, еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Әр халық өзінің жас ұрпағы қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін әділ, ержүрек, ізгі ниетті, ар-ұжданы мол болып өссін деп армандайды. Жас жеткіншектерді Отанға, елге, ұлт мәдениетіне деген шынайы сүйіспеншілікке тәрбиелеу – ата-ана мен ұстаздың басты міндеті.

Тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылады. Отбасы – адам баласының алтын дінгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасының ең үлкен байлығы – бала. «Шешеге қарап ұл өсер, әкеге қарап қыз өсер» дейді қазақ халқы. Әке мен шешенің жаман үлгісі балаға тәрбие болып табылады. Қазақ отбасындағы тәрбиенің ең бірінші ережесі — әкесін сыйлау, анасын құрметтеу. Бұл – балаға берілетін ең бірінші баға. Ата-анасын сыйлап өткен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді. Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің үлесіміз болып табылар еді. Ата-ана тәрбиесі – қазақ халқы үшін толассыз таусылмайтын қазына. Ата-бабаларымыз өзінің жүріп өткен сан ғасырлық өмір жолы арқылы ұрпағын тәрбиелейтін ұлттық педагогиканың сарқылмайтын мол қазынасын қалдырып отыр. Бүгінгі таңда нағыз ұлтжанды, жүрегі қазақ деп соғатын азаматтарды тәрбиелеу үшін ата-ана тәрбиесі ең басты, ең маңызды, ең қажетті тәрбие болып саналуы тиіс.

Халқымыздың ұлы ақыны Абай атамыз баланың өмірді танып-білуіне, оның бойында қалыптасар барлық қасиеттеріне бір жауапты адам ата-ана дей келе: «Балаға, көбінесе, үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Осылардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе сонысынан жұғады» деуінде үлкен тәрбиелік мән жатыр. Себебі бала алдындағы абырой оның өзіне үлгі тұтатын тұлғасына айналады.

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші-мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Бұл ойдың тармағы бүгінгі тәрбиешінің кәсіптік шеберлігінде, шығармашылық дамуына әкеліп соғады.

Тәрбие - адам тағдырын шешетін ұлы іс. Сондықтан халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбиесіне қатынасты сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерімен туындаған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары бала тәрбиесінде негізгі орын алады.

Тәрбие – тал бесіктен басталады деген ұғымның мағынасы өте тереңде жатыр. Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет-ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

Бүгінгі күнгі педагогтардың, отбасы мен жұртшылықтың күш-жігерін үйлестіріп отыру – сынып жетекшісінің міндеті. Баланың алғашқы тәрбиешісі ата-ана десек, баланың көзқарасы және

нанымы, мінез-құлық дағдылары мен әдеттері отбасында қалыптасады. Ал бала тәрбиелеуде, оқытуда мектеп шешуші роль атқарады. Мемлекет балаларды тәрбиелеуде отбасыға мектеп арқылы көмектесіп, отбасылық тәрбиенің мазмұны мен ұйымдастырылуына әсер етіп отырады. Яғни мектеп мемлекеттік мекеме есебінде жасөспірімдер мен жастарды дұрыс тәрбиелеуде отбасына жәрдемдесуге, ата-аналар арасында педагогикалық насихатты белсене жүргізуге міндетті.

Мектеп пен отбасы бірлесіп күш-жігер жұмсамай отырып, жеткіншек ұрпақтың жан-жақты дамуына ат салысулары тиіс. Кемелденген ел жағдайында мектептің отбасы өміріне белсене араласудың үлкен маңызы бар. Бұл ең алдымен балалардың адамгершілік кемелдігін қамтамасыз ету үшін керек. Ендеше білім ордасының отбасымен және жұртшылықпен байланысы, негізінен, сынып жетекшілері арқылы жүзеге асады. Төменгі сыныптарда мұғалімдер ата-аналармен, қоғамдық ұйымдармен үнемі байланыста болады. Ата-аналармен кездескенді оларды мектептің талабымен таныстырып, оқушыларға әсер етудің формалары мен әдістері жөнінде келісіп алады.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы *жасөспірім тәрбиесінде* – ортақ мақсатты бірлесе талдау, өзара пікір алмасу, сезім әлеміне бірлесіп, қуанышта ортақтас болу секілді кең ауқымды эмоция түрлерін қамтиды. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде ортақ келісімде іс-әрекеттер, өзара түсіністік қалыптасады. Бұл жерде мектеп ұжымының ынтымақтастығы, жасөспірімдердің бірі-бірімен ынтымақтастығы және отбасы мүшелерінің ішкі ынтымақтастығы да аса маңызды факторлар екендігі айту керек.

Қорыта келе айтарым, «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды» деген дана сөздерді өзіне ұран ететін ұрпақты тәрбиелеу, сіз бен біздің міндетіміз.

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА БАУЛУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ



Абдигани Жұлдызай Абдикабарқызы
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
Б.Соқпақбаев атындағы №48 мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қай кезде болсын мұғалім алдындағы міндеттердің бірі – сабақтың сапалы, қызықты, тартымды, мағыналы, пайдалы болуына жағдай жасау болып табылады. Ал осындай сабақтардың жақсы өтіп, оқушы білімінің толығыуына ынтымақтастық жағдайдың да әсерінің мол екенін байқаймыз. Сабақ басталғаннан соңына дейін мұғалім оқушының психологиялық жағдайына мән беріп, көңіл-күйінің жоғары болуын қамтамасыз ете алса, сабақ мазмұнды өтіп, оқушы жақсы білім алды деуге негіз бар.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсарин өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше назар аударды. Балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ұстаз мектепте ұйымшылдық пен тәртіп орнатып, оқу процесінде қатаң режим және оқушылар арасында тәртіп болуын талап етті. Ағартушының мұғалім туралы нұсқаулары оларға қалай оқыту керектігі, оқушылармен болатын байланыс – ұстаздың өз заманында әдіс-тәсілдерді жан-жақты зерделегенін көрсетеді. Ол балалардың ауызша және жазбаша жаттығуларды орындау барысында әрбір еңбегінің құрбосқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде жазды. Ұстаздың нашар оқытуы мен нашар қарым-қатынасы балалардың басын қатырып, шатастыратын, ал, керісінше, балалармен еркін, шынайы құрылған қарым-қатынас барысы оқушылардың көңіл-күйіне неғұрлым әсері көп болса, сабақ соғұрлым табысты

болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді. «Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән берді» деп көрсетілгендей, балаға басында барлық білім тек өзінің ана тілінде берілуі керек екенін дәлелдейді. Осы жайды қазір заманымыз да растап отыр. Ең алдымен, туған тілді жақсы игеріп, сонан соң басқа тілдерді үйренген абзал. Сондықтан да біз өзіміздің әліппеміз бен ана тілімізді қайта қолға ала бастадық.

Өз еңбектерінде ұлы ойшыл ұстаз балалармен сөйлескенде ашуланбай және жұмсақ сөйлесуі керектігін, әрбір нәрсені ықыласпен анық етіп түсіндіріп, шыдамдылық таныту керек деді. Сонымен қатар, орынсыз терминдерді қолдану оқушыларға түсініксіз болады және жалықтырып жіберетінін де айтып өткен.

Қазақ даласында педагогика білімінің негізін қалаушы Алтынсариннің педагогикалық ұстанымы мектеп жүйесін, ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және білім алушылар арасында ынтымақтастық көңіл-күйдің қалыпты болуы үшін, өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделген. «Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді» деп көрсетілгендей ағартушының пікірі күн өткен сайын салмақтана түсті.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі - гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Жас маман болған соң көп ізденіп, көп оқуға тырысамын. Сондай бір ой қосқан жұмыстарда «Сыныптағы бірлескен жұмыс оқылатын пәннің мазмұнын берумен ғана шектеліп қоймайды, ол сонымен қатар мұғалімнің ынтымақтастық атмосферасында оқуды қамтамасыз етуіне бағытталған. Табысты оқу мен оқытудың мәні оқыту үдерісінде жеке тұлғалар өздерін еркін және қауіпсіз сезінуіне жағдай жасаудан тұрады» делінген.

«Ынтымақ болмай – іс оңбас» даналық сөз де осыдан туындаған болар. Сонымен бірге сыныптағы жағымды орта қалыптастырып, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру - ынталандыру, оқушыға дем беру, қуаныш сезімін сыйлау, қозғалысқа түсіру, жеке оқушының білім алуға деген және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудың алғашқы қадамы деген пікірлермен толықтай келісемін.

Сыныптағы ынтымақтастық атмосферасы оқушыларды оқыту үшін өте тиімді және оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейіндерін ашуына бастар жол десек қателеспеспіз.

Жағымды қарым-қатынас оқушының білім алу барысында еркін болуына, ойын ірікпей айтуына, ой-өрісінің тереңдеуіне ықпал етеді деп білемін. Сондықтан сабақ құрылымына психологиялық ахуалды қалыптастыратын әдістерді жоспарлап, пайдаланғанымыз жөн.

Әйгілі ғұлама Әл-Фарабидің пікірінше, сезімдік және ойлау сатылары оқушы танымын кеңейтеді екен. Ал қазіргі оқушы ынтымақтастық қарым-қатынас пен шынайылықты бірден ажырата қояды. Сондықтан оқушының жағымды сезіміне әсер ете отырып, оның ой-сарайына әсер ете білу - оның ойлау зауытының ішкі сырына үңіліп, болашағына білім құю деп түсінемін.

Ұлы ақын А.Құнанбаев өзінің 31-сөзінде: «естіген нәрсені ұмытпасқа 4 түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі ояу байлаулы берік болмақ керек, екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибраттану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтымақпен ұғыну керек, үшіншіден – сол нәрсені бірнеше уақыт қайталап, ойланып, көңілге бекіту керек» деп ой қорытады. Яғни біз оқушының тілін тауып, көкірегін оятып, санасына сәуле шаша білуіміз керек.

ОТБАСЫ – ҚАСИЕТТІ ОРЫН, КИЕЛІ МЕКЕН



Жанділдаев Аймауыт Сейтмұхамедұлы
Қызылорда облысы Шиелі ауданы
№244 Ы.Жақаев атындағы орта мектебінің
өзін-өзі тану пәні мұғалімі

Отбасы – әрбіріміз үшін қадірлі ұғым. Еліміздегі әрбір отбасы - қоғамның айнасы. Ғасырлар бойы халқымыз «Отбасы – бақыт мекені» деген ұғымның тамырын тереңдетіп, артында келе жатқан ұрпағының бойына рухани тәрбие мен құндылықты сіңіруіне ерекше мән берген. Өйткені мақсаты биік, мұраты асқақ мемлекет әрқашан да берекелі отбасынан құралады. Ал енді сол арманымыздағы мақсаты биік, мұраты асқақ мемлекетті қалыптастырамыз десек, ұрпағымыздың бойына өз ұлтының салт-дәстүрін сіңіріп, адал еңбекке баулыған жөн. Мейірім мен татулық орнаған шаңырақта елім дегенде елең ете қалатын өресі биік ұрпақ өсіп жетіледі. Ең бастысы, мұндай отбасылар сағы сынбайтын көшбасшы ұлтты қалыптастырады. Қоғамда осындай өнегелі, берекелі отбасы болуды мақсат еткен көпке үлгілі, ортасына сыйлы жанұялар жетерлік.

Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын адамның ең басты шаттығы болып саналатын балалардың өсіп, өмір сүретін орны. Отбасы құндылығын қадірлеуді мектеп партасынан бастау да маңызды. Оқушыларды өнегелі отбасы иелерімен жүздестіре отырып, олардың ойында жарқын болашақ, мерейлі отбасының үлгісін қалыптастыруға болады. Осы арада менің ұсынысым былай болмақ: мектеп қабырғасында оқушыларға отбасы құндылығы жайында қызықты іс-шаралар ұйымдастырып, оны ары қарай насихаттау. Кез келген адам өз шаңырағының мықты болып, үлкен әулетке айналғанын қалайды. Отбасының жауапкершілігін алдыңғы орынға қоя білсек, қиын кезеңде мойымай, өсіп келе жатқан балалардың болашағы жарқын болмақ.

Қай кезде болмасын отбасының адамзат ұрпағына ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен теңестіруге болмайды деп білетін ұлтымыз отбасының тыныштығы мен құндылықтарын бірінші орынға қойған.

«Отбасы – жарық дүниеге көзінді ашқан сәттен бастап айналып-толғанып, қорғап-қоршап, бауырына басатын теңдессіз ыстық ұя. Отбасы – дүниеге шыр етіп келген сәбидің бірінші рет өзін еркін сезінетін, жан рақатына бөленетін алғашқы бақыты» деген сөздер рас.

«Бәрі қайтып келеді. Жақсылық – жақсылықпен, жамандық – жамандықпен. Сен әрқашан қанша берсең, сонша аласың. Көп алғың келе ме, көп бер! Көп күш, көп махаббат, көп уақыт жұмса. Сонда бәрі сен ойламаған шақта қайтып оралады» деген сөздер астарында да отбасы мүшелерінің әрбірі жақсылық жасауға ұмтылуы тиіс екені аңғарылады. Өмір - бумеранг. Не жасасаң, сол өзіңе қайта оралатыны хақ. Сондықтан ұрпағымызды имандылық иірімдерімен, нақыл әңгімелер астарымен сусындатқанымыз жөн.

Отбасы жайлы сөз болғанда әке мен ана туралы әңгіме қалыс қалмау керек. Әке орны бала үшін әрдайым төрде. «Әке» деген сөз өте қастерлі. Әке келбеті, өсиеті әр баланың санасында сақтаулы тұруы тиіс. Әкенің асқақ ойлары, өсиет сөздері бізге мұра іспетті, сондықтан түйсігі бар бала оны естен шығармағаны абзал. Асқан сабырлықпен бар білгенін ыждағаттылықпен түсіндіріп, оң-солымызды тануымызға көмек беретін - асқар тау-әкелеріміз. Олар адал еңбекпен тапқан нанның тәтті әрі берекелі боларын біледі. Екіншіден, өмірмен бірге аяқ басып, ағымымен бірге жүзуге бағыт береді.

Әкенің қамқорлығы таудан биік деген. Әке – жарық дүниедегі ең жақын адамдардың бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу - кез келген баланың борышы. Әке – асқар шың, бақыттың алтын бағы, әке – баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы.

Ана туралы сөздің де жөні бөлек. Ананың аялы алақанын сезіну қаншалықты қуаныш сыйласа, өмір бойы баласын сәби көретінін ескерсек, аяулы аналарымызды соншалықты құрметтеуіміз керек екені әбден түсінікті.

Асыл аналарымызды неге теңесек те жарасады. Ана – өмір гүлі, ана – жан шуағы. Ана – мәңгілік тақырып. Ана жайлы қанша жазсақ та сөз таусылмас. «Ана» деген сөз қысқа айтылғанмен оның мағынасы түпсіз терең.

«Ана көрегендігінің теңдесі жоқ. Ана мен баланың арасын көзге көрінбейтін тылсым сырлы жіп жалғап тұрады», - деп жазады Оноре де Бальзак. Ана баламен тікелей байланысты, үйдің ұйытқысы, шаңырақтың шаттығы. Отбасындағы тәрбиенің басым бөлігі анаға келіп тіреледі. Ұл-қыздың бойындағы тәлімді тәрбие көбіне анадан тарап, әкеден дарып жатады.

«Тәрбие тал бесіктен бастау алады» деген халқымыздың сөзі осыны аңғартады. Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Ата-ана тәрбиесі – толассыз жүріп жататын процесс. Ата-ана берген тәрбие – баланың өмірлік азығы, бала мінезінің іргетасы. Іргетас қалай қаланса, бала да солай қалыптасады. «Бала – жас шыбық сияқты. Ол қалай өссе, сол бағытпен кетеді» - деген нақыл сөзден осыны ұғамыз.

Ата-ана барлық құрметке лайық, өйткені олар сыйлаған бақыт пен шаттықты еш жерден таба алмасымыз анық. Ата-анаға дәру болар жақсы лебімізді, жан жылытар жылы сөзімізді айтып жүруді ұмытпайық.

Отбасы – адамзаттың аса қажетті әрі қасиетті алтын мектебі, жылулық мекені, жарастық ортасы, ынтымақ ордасы. Сондықтан да киелі шаңырағымызды көздің қарашығындай сақтайық дегім келеді.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБЫЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ



Хафизова Анар Бөрібекқызы
*Шымкент қаласы, М. Жұмабаев атындағы
№39 жалпы орта білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Білім негізі бастауышта қаланады десек, ұрпақ тәрбиесі алдында бастауыш сынып мұғалімдерінің жауапкершілігі орасан зор. Елеулі өзгерістер болып жатқан бүгінгі таңда халқымыздың арғы-бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларын біліп, қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру өмір қажеттілігінен туындап отырған мәселе. Бүгінгі мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршін – ертеңгі қоғам иесі, болашақ қайраткер. Сондықтан оқытудың бастауыш сатысынан бастап, оқушыларға сапалы білім саналы тәрбие беру, іргелі ғылым негіздерімен, халықтық педагогиканың құнды дүниелерімен сусындату үшін озат тәжірибенің негіздерін басшылыққа алуы уақыт талабы.

Педагог А.С.Макаренко «Баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет. Оның барлық өмірі – ойыннан тұрады», - деген пікірін өз еңбектерінде атап өткен. Бұл дегеніміз - дидактикалық ойынның өзіне тән ерекшеліктері болады. Мысалы, мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды, ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік-сезім түрлерін де дамытады.

Ойынды балалардың сабақ үстінде шаршамауы үшін, әр берілген негізгі ұғым-түсініктерін берік меңгерту мақсатында жүргізеді. Ойын оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге, өздігінен қорытынды жасауға үйретеді. Сабақта қолданылатын әр ойынның тәрбиелік мәні зор, оқушының ой-өрісін дамытуға, логикалық ойлау қабілетін арттыруға оң әсерін тигізетіндей

болуы тиіс. Ойын берілген білімді кеңейтуге, ынтасын арттыруға, сабақтағы зерігушілікті жоюға көмектеседі.

Ойын–шығармашылық, ойын–еңбек. Ойын тәсілі сабақ мазмұнымен, оқушының дербес ойлау мүмкіндігімен ұштасып отыруы керек. Ойын элементтерімен басталған сабақ біртіндеп қиындай түсіп, жаңа технологияның бір саласы қаралып, деңгейлік тапсырмалармен жалғасқаны тиімді. Ойын элементтері сабақ барысында, біріншіден, сергіту тәсілі болса, екіншіден, оқушы білімін үнемі толықтырып отырады, үшіншіден, өткен материалды қайталау тұрақты түрде жүргізілуіне мүмкіндік туады.

«Бір сарынды және бір бағытта ұзақ жүргізілген іс-әрекет бала өміріне шексіз зиянын тигізеді. Сондықтан әсіресе бастауыш сыныптарда оқыту барысында әртүрлі оқыту әдістері мен формаларын алмастыра отырып қолдану керек», - деген К.Д.Ушинский тәжірибесіне сүйенер болсақ, баланы сабаққа қызықтыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана алуымыз қажет. Қызығу – танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Оқушы танымын дидактикалық ойындар арқылы арттыруға болады. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып-үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенімі артады, дара тұғалық сипаттарға ие бола бастайды. Тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндігін толық пайдалану және оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын түрлерін пайдалану ерекше маңыздылыққа ие екендігін барша бастауыш сынып мұғалімдері қолдары сөзсіз.

Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, оқу үрдісіне ынта-ықыласын арттыру, жеке әрекет ету мүмкіндігін жетілдіру – бүгінгі күннің өзекжарды мәселелерінің бірі.

Қазіргі кезеңде қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты, ал болашақта ғылымды, техниканы, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан да қоғам мектеп оқушыларынан жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді. Оқушылардың қоғаммен үйлесе алуы, өзінің қажеттіліктерін қоғамдық қатынастардың қажеттіліктерімен салыстыра білуі, өзіне сенімділік артуы, білім, білік, дағдыларын, құзырлықтарын қалыптастыра білуі – мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Оқушы дағдыларын үнемі дамытып, әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастырып, оқытудың озық әдіс-тәсілдерін қолдана білгенде ғана бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері дами алады.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушының сеніміне ие болуында. Әр баланың жеке қабілеттерін көру, тану арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, қабылдау мүмкіндіктері де әртүрлі болады. Дегенмен де әр баланың бір нәрсеге бейімі болады. Бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

Шығармашылықты тежейтін үш кедергі бар:

- эмоциялық кедергі, өзіне-өзі сенбейтін қорқыныш сезімі;
- өзін-өзі төмен бағалау, жоғары нәтижелерге жетуге аса құштарлықпен өлшенеді;
- ерік-жігердің жетіспеушілігі, «жалқаулық».

Ең бастысы, шығармашылық, оқушыға өз ісінен рахаттану, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Бұл жаңа нәтижелерге жету, өз мүмкіндіктерін кеңейту қуанышы.

Шығармашылық–бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, яғни тіршіліктің көзі. Сондықтан көркемдік қабілеттің бәрі тек қана адамға ғана тән. «Әрбір бала – болашақ данышпан» деген қағидаға сүйенсек, оқушыны бастауыш білім беру деңгейінде дарынды, дарынсыз деп жіктеу адам табиғатына қарсы шығумен бірдей.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып білім беру үдерісінің мазмұны мен жүргізілуін реттейтін жаңа стандарт бойынша да кең ауқымды дағдыларды кіші жастағы оқушылардың бойында қалыптастыруға болады. Ол үшін ізденіп, ерінбей еңбек керек.


FILMS




Сантаева Сымбат Нұрбайқызы
«№244 орта мектебі» КММ-нің ағылшын тілі пәні мұғалімі,
Шиелі ауданы, Қызылорда облысы

Қысқартылған сабақ жоспары

Unit 6: Entertainment and Media		School: 244 after Y. Zhahaev		
Date: 04.02.2022y		Teacher name: Santayeva Symbat		
Grade: 7		Number present:		Number absent:
Theme of the lesson:	<i>Films</i>			
Learning objectives	7C7 develop a sustain a consistent argument when speaking or writing. 7L2 understand with little support most specific information in extended talk on a limited range of general and curricular topics. 7S3 give an opinion at discourse level on a growing range of general and curricular topics. 7S6 begin to link comments with some flexibility to what others say at sentences and discourse level in pairs, group and whole class exchanges.			
Lesson objectives	All learners will be able to: learn genres of films. Most learners will be able to: read and understand the short dialogue Some learners will be able to: give an opinion at discourse level			
Criteria	Students will have succeeded in this if they: 1. Can use argument when speak or write. 2. Understand specific information 3 .give the opinion about the topic 4. Take part in discussing and solving problems in groups			
Previous learning	Film reviews			
Plan				
Planned times	Planned activities	Learners' activities	Evaluation	Resources
Beginning 3 minutes	I.1. GREETING Get students ready to the class by greeting them, asking questions about their feelings. Hello! How are you today? 2. Warm-up: Students step by step say compliments with throwing the ball like this: I wish you to be strong and so on...	Learners do the task		
Middle 6 minutes	II. Asking the home task. “I am a director” Students had to make a short film that they have chosen at previous lesson: Bekzat and	Learners introduce their films	<i>Verbal evaluation</i>	Interactive whiteboard

<p>3 minutes</p>	<p>My name is Kozha.</p> <p>III. “Forecasting” method Students listen to the words and identify what topic they belong to? According to these words in the pictures can you guess what is our theme? Action, comedy, science fiction, romance, horror, animated film, cartoon, musical and etc. Welcome to our cinema. Take the golden tickets.</p>	<p>and shows them</p>	<p><i>Verbal evaluation</i></p>	<p>pictures</p>
<p>6 minutes</p>	<p>IV. Work with book At first I will present you vocabulary related to the theme. And fill in the exercise 4 with these words.</p> <p>• Films 4 Fill in:</p> <p>sound plot effects cast computer-animated blockbuster</p> <p>1 Special _____ make films more exciting. ☹️ 2 The film's gripping _____ kept us on the edge of our seats. ☹️ 3 Shrek is a(n) _____ film. Children will love it. ☹️ 4 The film is great. It'll be a(n) _____. ☹️ 5 In animated films, they use a lot of _____ effects to attract children's attention. ☹️ 6 With an excellent _____ and great director, the film will be a success. ☹️</p>	<p>Learners guess theme of the lesson</p>	<p><i>Individuale valuation with smile stickers</i></p>	<p>St book Excel 7 Page 65</p>
<p>10 minutes</p>	<p>V. Group work. Dividing into 2 groups. Choose one of the pictures(a TV or a ball) and divide into two groups. The first group “Oscar”, the second group is “Cannes”. And now You have to answer the questions about these 2 films by searching the internet. Make a postcard</p> <p>1. The dark Knight 2. Terminator Genisys.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. What is the name of the film? 2. What is the type of the film? 3. Who is it’s director? 4. When was the film released? 5. Who are the main characters and stars? 6. What the film is about? 7. Will you recommend it to your friend? 	<p>Learners repeats the words</p> <p>Learners complete the task</p> <p>Learners divide into 2 groups</p>	<p><i>Mutual evaluation</i></p> <p><i>Pair evaluation with smile stickers</i></p>	<p>Internet</p>
<p>5 minutes</p>	<p>VI. Consolidation Task Pair work. Read the statements and try to find the genre of the film. Write it on the line. Read and check. First student reads the definition and the other the name of genre.</p> 	<p>Learners read the definition and writes the suitable genre</p>	<p></p>	<p>PPT Worksheets</p>

5 minutes	<p>Interesting facts about Films. And now I will tell you some interesting facts about films and cinema.</p> <p>It is interesting to know...</p> <p>The most interesting facts about films</p> <p>DID YOU KNOW? </p>			
End 5minutes	<p>REFLECTION Write on the golden ticket:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.What new things have you learnt today? 2.What new skills have you acquired today? 3.What was difficult for you? 4.What was easy for you? <p>Feedback: T. with the help of Method of Golden ticket checks up if the students need some support.</p> <p>Homework: to write about their favourite films</p> <p>Saying goodbye and singing goodbye song</p>		Self-assessment	Flashcards
2 minutes				

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры
ф.ғ.к М.Н.Қойшыбаев

Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының
I курс магистранты Бекбаулиева Аманкул Ясиновна

Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту әдістемесі кең арналы түрде зерттеліп келеді. Осы салада докторлық диссертация қорғаған С.Р.Рахметова, Ф.Ш.Оразбаева, Қ.Қадашева, Р.Шаханова, К.Жақсылықова, А.Қыдыршаев, Н.Құрманова, Ж.Сүлейменованың еңбектері үлкен жаңалықтар алып келді деуге болады.

Қазақ тілі – бастауыш сынып оқушыларының ана тілі. Профессор Б.Хасанов «Ана тілі – ата мұра» деген кітабында былай дейді: «Ана тілі дегеніміз күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына (жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелдей және жан-жақты қызмет ететін ұлтішілік қатынас құралы» [1]. Сондықтан да қазақ тілі – бастауыш сынып оқушылары үшін көп қырлы, мол сырлы ерекше пән болуы тиіс. Мәселе – қазақ тілі грамматикасының негізгі ұғымдарын жалаң жаттап алмай, саналылықпен ұғындыруда.

А.Байтұрсынов бастауыш сынып оқушыларына әріптерді үйретіп болған соң қазақ тілі курсы менгерту әдістемесін жасады. А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы туралы арнайы зерттеген А.Қыдыршаевтың зерттеуінде бұл мәселе кең түрде қарастырылған [2].

А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл – құрал» деп атаған оқу кітабын елге етене таныс қылу мақсатында біраз түсініктеме береді: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат... «Тіл – құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен

сөздің буынын айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер; қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылға үйретуге осы жеткілікті болар; үйткені «Тіл – құралдағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып, шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе, бірінші жыл оқылатын «Тіл – құралы» тіл білімінің негізі болғандықтан нық үйретулерге керек .

Осындағы «нық үйретулерге керек» деген сөздер – грамматиканы оқытудың көздейтін мақсаты. Яғни оқушының ана тілінде сауатты ойлай, оқи, жаза білетін дәрежеге көтерілуі үшін грамматиканың негіздерін нық үйрету керек.

Ал енді сол нық үйретудің түрлі жолдары бар десек те, неліктен осы кезге дейін теориялық білім беру мәселесі мен оқушылардың практикалық білік-дағдыларын дамыту туралы мәселелер бірікпей, бірімен екіншісі қарама-қайшылықта келе береді?

Өйткені теориялық білімнің практикалық қолданыста сенімді құралға айналуы – арнайы оқыту барысында ғана қалыптасатын машық-дағдының арқасында ғана мүмкін болады.

Оқу дегеннің өзі де соған саяды. Теориялық білімі терең болғанымен, соны өмірде іске асыра алмау – көп кездеседі. Ол жағдайдың себебі де жаңағыда, яғни теориялық білімді практикалық құралға айналдыру үшін оған арнайы түрде игеру, машықтану, дағдылану керек.

А.Байтұрсынұлының грамматиканы, грамматикалық ұғымдарды теориялық деңгейде оқытуға ұмтылғаны туралы Н.Құрманованың зерттеуіндегі талдаудан көре аламыз [4].

Бастауыш сыныптарға грамматиканы, соның ішінде морфологияны оқытумен байланысты бастауыш сыныптар мен негізгі сыныптарда оқытуда оқушылардың ойлау қабілетін дамыту туралы мәселелер әр кездерде ғалымдардың, әдіскерлердің, мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибелерін тарату, жинақтау мақсатындағы мақалалары мен еңбектерінде қарастырылып отырған. Атап айтқанда грамматиканы оқыту мәселелері А.Ысқақовтың, С.Рахметованың, Ә.Алдамұратовтың, К.Ахановтың, Р.Құтхожинаның, Б.Кәтенбаеваның, Ж.Нұржанованың, А.Исабаевтың, Қ.Қасабекованың мақалалары мен кітаптарында, мектеп мұғалімдері Ж.Байымбетованың, Б.Жақанов, Ә.Жаниязов, Ж.Смағұлова мақалалары мен еңбектерінде қарастырылған.

Ш.Ш.Сарыбаев құрастырған «Қазақ тіл білімі, әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші», 6-бөлімінде берілген «Оқулықтар. Программалар» тарауы қазақ тілі оқулықтарының жүйелі түрде баспадан шыққан жылдарын жүйелеуге арналады [5].

Шындығында, қазақ тілі оқулықтарының тарихы әріде де жатқан болуы мүмкін. Десек те, қазақ тілі оқулығы, қазақ тіліне арналған оқу құралдары тек ХХ-ғасырдың 50-жылдарынан бастап қана дұрыс жолға түсіріліп, яғни қатаң сталиншілдік шаблоннан шығып, «ұлттық тіл», «ана тілі» деген ұғымдар сынамаалап енгізіле бастаған.

Оқулық, оқу құралдары жайына тоқталатын болсақ, оның бастауын, әрине, Ы.Алтынсариннің «Әліппесінен», «Қазақ хрестоматиясынан», ал әдістемелік құралдар жайын «Начальное руководство к изучению киргизов русскому языку» деген еңбектен бастаймыз. Оның жалғасы А.Байтұрсынұлының еңбектері деп санаймыз [6].

М.Дулатовтың «Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қара*ат кітабы», М.Жұмабаевтің «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» деген еңбектерінің де бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін алатын орны үлкен [7].

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі кең де іргелі түрде енді дамып келеді. 1969 жылы С.Р.Рахметова бастауыш сынып оқушыларының жазу тілін дамыту әдістемесін кандидаттың диссертация деңгейінде зерттесе, 1994 жылы бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың ғылыми негіздерінен докторлық диссертация қорғады. Бұл -қазіргі кезде қазақстандық бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі саласы бойынша жалғыз ғана докторлық диссертация болып отырғаны белгілі.

Докторлық диссертациясында С.Рахметова бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – оқушылардың тілін дамыту екендігін атап көрсетеді, осы бағытта сөзбен, сөйлеммен, текспен жасалатын түрлі жұмыстардың әдістемесін жүйелі тұтастық ретінде жасап ұсынады. Профессор С.Рахметова: «Салиқалы білімнің көзі, саналы тәрбиенің өзі сәбилік кезеңнен бойға сіңеді; тіл үйретуді де жолға қоюды білім беру мен тәрбиелеудің түп негізі, іргетасы бастауыштан бастап мықтап қолға алынуы керек» - дейді [8].

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің күрделі мәселелері өте көп екені белгілі. Осындай мәселелердің бір ұштығын шешуге арналған әдістемелік құралдың бірі – Ш.Әуелбаевтың жалпы редакциялығымен шыққан «Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту методикасы» атты құрал .

Бұл әдістемелік құралда бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытудың әдістері, грамматика мен емлені оқыту мәселелері қарастырылады.

Грамматиканы оқыту туралы мәселелерді қарастыратын болсақ, мұнда авторлар көкейкесті мәселенің өзегі туралы былай дейді: «Бастауыш мектепте балаға сурет салдырудан да, есеп үйретуден де, табиғатты танытудан да өзі сөйлеп жүрген ана тілін оқыту қиын.

Тілден алатын білім көбінесе абстракциялы ережелер мен тілдік заңдарға негізделген материалдарға сүйенеді» .

Осы әдістемелік құрал авторларының көптеген құнды пікірлері жаттығу материалдарын іріктеуге, сұрыптауға көп байланысты. Атап айтқанда, авторлар жаттығу мәселесіне терең және дұрыс назар аударады, жаттығуды таңдаудың мынадай талаптарын көрсетеді:

«Біріншіден, жаттығу материалдары мазмұнды болуы тиіс... Оқу материалына қойылатын басты талап – тілек – оның тәрбиелік мәні басым болуы керектігі естен шықпау керек...

Екіншіден, әрбір мысал, үзінді, әңгіме, өлең, сөз, сөйлем, тіл (стиль) жағынан мүлтіксіз, әдеби норманы ұстануы тиіс...

Үшіншіден, алынған жаттығу, тағы басқа материалдар құрамынан керекті сөздер, дыбыстар, әріптер, грамматикалық тұлғалар, сөйлемдер... жиі кездесетін болсын. Жаттығу материалдарын таңдауда негізгі көз тігетініміз осы талап тұрғысынан болғанмен, алдыңғыларсыз бұның сапасын дұрыс бағалауға болмайды» .

Бастауыш сынып оқушыларының оқып-игеруі міндетті саналатын пәндерінің негізгісі – «Қазақ тілі» пәні екені белгілі. Қазақ тілі пәнін оқыту – бастауыш сынып оқушыларына 4 жыл бойы белгілі бір тәртіптілікпен, бірізділікпен жүргізілетін тұтастық ретінде тануға мүмкіндік беретін педагогикалық процесс.

Педагогикалық үдерістің қайталанбалы, циклды болып келетін сипатында белгілі бір кезеңдердің болуы тұрақты екенін көруге болады. Бірақ ол кезеңдерді дидактик-ғалымдар педагогикалық процестің құраушы бөлшектері емес, сол процесс дамуының белгілі бір сабақтастығын көрсететін бірізділігі деп таниды.

Мемлекеттік білім стандарты көрсеткендей, бастауыш сыныптардағы оқылатын қазақ тілі пәнінің білім мазмұны екі бөлшектен тұрады: оның біріншісі – инварианттық (өзгермейтін, тұрақты) білім мазмұны; екіншісі – вариативтік (өзгеруге бейім) білім мазмұны.

Бастауыш мектепте оқылатын білім мазмұнын жасауда, ғалымдар баланың қанша көлемдегі білімді игеретін мүмкіншілігіне емес, берілетін білім мазмұны әлеуметтік тапсырысқа қаншалықты жауап бере алады және баланың алдағы өміріне бастауыш сыныптағы білімі қаншалықты негіз бола алады деген мәселеге назар аударады.

Бастауыш сыныпта оқылатын қазақ тілі пәнінің білімдік мазмұны, көп ретте, концентрлік және линиялық аралас болып келетінін байқаймыз. Егер, сөз таптарына қатысты айтар болсақ, онда 1-2 сыныптарда сөз таптары туралы тым қарапайым түсінік беріледі.

Ал 3-сыныпта сөз таптарының есім сөздер тобы берілетін болса, етістіктен қысқаша ғана білім меңгертіледі де, етістіктің ішкі заңдылықтары 4-сыныпта кеңірек оқытылады. Осы 4-сыныпта есім сөздер туралы тақырыптар сынамалап оқылып өтіледі.

Оқу жүйесіндегі педагогиканың сыныптық үрдісінің көп немесе аз көлемдегі қорытынды кесіндісі – сабақ. Сабақ – бұл педагогикалық еңбек, сондықтан да ол оқытушы мен оқушының бірыңғай ой еңбегімен, екі жақты ішкі түсінушілігімен басқа процестерден өзгешілігі болуы керек.

Әрбір сабақ – мұғалімнің көздеген мақсатының нақтылығымен, оның қорытындысының дұрыстығымен басталып және сабақта мұғалімнің неге қол жеткізгісі келетіні де ескеріледі.

Содан кейін тәсілдердің мақсатына жетуіне көмектеседі, әдістің нақтылығы – мұғалім мақсатының жүзеге асуына қандай іс-әрекет қолдануында болып табылады.

Сабақ құрылымы – сабақ элементтерінің әртүрлі нұсқадағы өзіндік құн арасындағы сабақтастық, оқу үрдісінде пайда болатын және оның қызметке деген бағытын қамтамасыз етеді.

Оқу процесінде мұғалімнің басты ролі бар. Ол білім береді, оны меңгеруге басшылық етеді, оқушылардың әрекетін бақылайды, баланың білімін бағалайды. Бұл белгілер сабаққа белгілі құрылым және жүйелілік береді.

Жаңа материалды ұғыну үшін алдымен оқушылардың қаншалықты дайындалғанын, өткен материалдан қаншалықты білімі барлығын ашып алу керек. Сабақ оқыту осы топтың балаларының жалпы психологиялық ерекшеліктеріне негізделеді.

Түсіндіру сыныптағы барлық оқушыларға бір уақытта беріледі, әр оқушының мұғалімнің айтқанын игеруге мүмкіндігі бар. Түсіндіру үстінде, сондай-ақ балаларға сұрақ бере отырып, олардың жауабынан оқу материалын қаншалықты ұғынғанын мұғалім аша алады.

Сабақтың құрамды бөлігі беркіндендіру және материалды қайталау болып табылады. Сондай-ақ, оқушылардың білімді меңгеруі, іскерлік пен дағдының қалыптасуы бақыланады. Сабақ өзінің формасы бойынша тұрақты құрылым жүйесі бар процесс; басталуы, сабақтың мақсаты мен міндетін қою, түсіндіру, бекіту немесе қайталау, үйге берілген тапсырманы тексеру, тапсырма беру.

Сабақтың барлық бөлімі өзара байланысты, бірінен соң бірі жүріп отырады. Ең алдымен, сабақ кезеңдерін қалай орналастыруды ойластырған жөн. Сонда ғана ғылыми негізделген сабақ жоспары жасалады. Оқытуды алдын-ала болжау ұстанымының мақсаты – сабақ беруде ең маңызды әдіс-тәсілдерді материалға байланыстырып, оқушының білімін тереңдетіп, оларға сапалы білім беру жолын табу.

Оқытудың табысты болуы тақырып ішіндегі оқу материалының дұрыс және жүйелі бөлінуіне, әрбір сабақ құрылымының тиянақтылығына байланысты. Осындай талаптарға орай сабақ жүйесінің жіктелуіне, құрылымына және көрнекілікті тиімді қолдану мен әдістеріне елеулі өзгерістер енгізілді.

Жеке тақырыптар бойынша бес типке жататын сабақтар өткізу жоспарланды және тірек сызбаларды қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыратын жолдары зерттелді. Олар:

- 1) Тақырыпты жалпы талдау және зерттеу сабақтары (шартты түрде дәріс сабағы);
- 2) Оқу материалы бойынша жеке дара жұмыс (аралас семинар сабағы);
- 1) білімді қорыту және жүйеге түсіру сабағы (салаланған тапсырмалар бойынша өздік жұмыстарын орындау);
- 2) материалды пән ішілік қорыту сабағы.
- 3) Сарамандық сабақтар.

Оқыту құралында жаңа типті сабақтарды ұйымдастыру әдістемесі жасалған. Жаңа сабақ мақсаты-мазмұны, құрылымы, әдістері және оқушылардың танымдық жұмыстарын тиімді ұйымдастырудағы тәсілдерімен ерекшеленеді. Ұйымдастыру жағынан мұндай сабақтар оқушылардың теориядан алған білімдерін практикада қолданылуына басты назар аударылады.

Білімді игеруде дидактикадағы дәріс беруді нақтылаудың бірі – білімді игеру деңгейлерінің жіктелу негізі ретінде, үлгі бойынша өздік жұмыстарын ұйымдастыру кезінде оқушылардың теориядан алған білімдерін қолдану үш сатыда жүзеге асырылады:

- жаңа білімді игеру және таныс жағдайда пайдалану;
- игерген білімді өңдеп, таныс емес жағдайда пайдалану;
- жаңа білімді шығармашылықпен қолдану.

Аталған сатылардың әрқайсысы білімді игерудің төрт деңгейіне: а) білу; ә) түсіну; б) қолдану; в) біліктенуіне сәйкес келеді. Осы талдаулардан төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- Әр пән бойынша игерілетін білімнің әр сатысында төрт деңгейден өту нәтижесінде оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сапалық өзгерістері төмендегідей бағытта жүреді, игерілген білімді: а) сол қалпында; ә) сапалық өңдеуден кейін; б) шығармашылықпен пайдалану.

Білімді игерудің әр сатысындағы төрт деңгейге сай оқу нәтижелерін жоспарлау оқушылардың дайындық деңгейлерінің өлшемдерін анықтауға мүмкіндік береді. Теориядан алған білімдерін іс жүзінде шығармашылықпен қолдана білу біліктілігі біртіндеп қалыптастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

2. Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы, 2012. 272б.
3. Қыдыршаев А. А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. – Орал, 2002
4. Бастауыш білім берудің жанартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары. <http://nao.kz/loader/fromorg/2/25?lang=kz>
4. Құрманова Н. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің ғылыми негіздері. Монография.-Ақтөбе, 2001
5. Сарыбаев Ш.Ш., Сарыбаев К.Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. 6-бөлім.-Алматы.: Ғылым, 2004.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 2002. 142-143б.
7. Міржақып Дулатов шығармалары // Алматы «Жазушы» 2001 ж.,
8. Рахметова С.Р. Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 2017

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ БІЛІМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Б.Қожамбердиев, Б.М.Апенев

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Философия және әлеуметтік-ізгілендіру кафедрасы оқытушылары

Міндеті

- Білім философиясы адамның мәдени ортадағы ақыл-ой және адамгершілік жағынан дамуын, бұл үрдіске білім беру жүйесінің әсерін қарастырады.

Мақсаты:

- Білім философиясы білімдік үрдістегі барлық құбылыстардың мәні мен табиғатын зерттейді.

Білімнің логикасы

- **Білім логикасы** тұлғаның даму заңдылықтарын қарастырады және сол жайлы ойлаудың бағытын реттейді, басқарады. Сонымен қатар танымдық үрдісте өзі де өзгеріске ұшырайды. Білімдегі алынған дұрыс не теріс нәтижелердің себебі не, неге байланысты осылай болды? – деген сұрақтардың жауабын іздеуде логикалық білімнің қажет екендігі түсінікті.
- Бұл туралы Д.Дьюи педагогикадағы барлық ойлар екі идеяның күресін көрсетеді. Оның бірі-білімді табиғи қабілеттерге негізделген **даму** деп есептесе, ал екіншілері-сыртқы әсерлер арқылы табиғи бейімділіктердің орынына жаңа қабілеттерді **қалыптастыру** деп есептейді.

Білімнің этикасы

- Қазіргі кезде білім этикасы білім жүйесіндегі қатысушылардың мінез-құлық және адами қылықтарының үлгілерін қарастырады.
- Мұғалім мен оқушының мінез-құлық нормалары дәстүрге байланысты реттеліп отырылады.
- Дәстүрлі білім жүйесінде мәдениетті сақтап оны ұрпаққа жеткізіп отыру құндылығы жетекші роль атқарады. Онда баланың өмірі әлі де нағыз, толыққанды өмір деп есептелінбегендіктен оқу әрекетінде қатал мәжбүрлеу орын алады.
- Еліміздегі көптеген мектептер тәжірибесінде осы уақытқа дейін дәстүрлі жүйенің тоталитарлық талаптары әлі де орын алып отыр.

Қорыта айтқанда, білім беру үрдісіндегі білім философиясының алатын орны ерекше екендігіне көз жеткіздік. Сондықтан да мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында білім философиясының өзекті мәселелерін енгізсе құба-құп болатынына сенімдіміз.

Сонымен қатар, білім ұғымның үш мәнін атап өткеніміз жөн.

Олар;

- 1) білім – тұлғаның игілігі;
- 2) білім – тұлғаның өзінің игілігін жасау үрдісі;
- 3) білім жүйесі – барлық азаматтарға сондай игіліктерді алуға көмектесетін әлеуметтік институт.

Білім ұғымның мәнін анықтағаннан кейін, білім берудегі мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады;

Оларға мына нәтижелерді жатқызамыз;

- Білім құзыр ретінде айқындалады
- Білім “қанша білгенін емес”, “не үйренгенін”; айқындайды.
- Білім нақты пән мазмұнының біліктілігінен жоғары, кең мағынадағы дағды жазбасы ретінде;
- Білім тікелей немесе жанама бағаланады;
- Білім, білім үрдісіне қатысы бар барлық субъектілерге түсінікті;
- Білім жоғары деңгейдегі ойлау дағдысына бағытталуы қажет.

Нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесінің кілті

- Ұлттық деңгейдегі мақсаттардың нақтылануы;
- Күтілетін нәтиже ретінде көпдеңгейлі мақсаттар жүйесін құру;
- білім беруді ұйымдастыру ұстанымын өзгерту;
- Бағалау жүйесін анықтау
- Білім берудің ашық жүйе ретінде дамыту
- Халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу

Білімнің аксиологиясы (құндылықтар теориясы немесе аксиология)

- Құндылықтар әлемі–мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығы өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының басымдылықтарының саласы.
- Құндылықтар дүниетаным ықпалымен қалыптасады, өйткені адам әрқашан әлеуметтік тәжірибесі барысында әр алуан көзқарастарды біріктіруге ұмтылады.

Білім философиясы адамды басты құндылық деп санайды

Адам:

- индивид
- даралық
- субъект
- тұлға

Қазіргі заман парасатты білім философиясының заманы десек қателеспейтін шығармыз. Себебі кез-келген диалог өзінің жаратылысы жағынан табиғи нарсе. Өмірдің мәнді-мәнсіз болуы көбінесе адамның бірін-бірі тыңдап білуіне байланысты. Ақиқатты іздеу-адамның мәңгі таңдаған жолы, өзінің-өзгемен ұқсамайтындығы, тілдесуі, танымдық сипатымен ерекшеленеді. Өмір тоқтаусыз ілгері жылжи береді. Адамның, адамзаттың да ақыл-ойы өсіп жетіледі. Сондықтан да философиялық ілім өмір талабын түсінуге ұмтылады. Ғылым мен білімнің көмегімен табиғаттың небір тылсым сырына үңіліп, оның тұңғығына жол сала алған адам, іскер де жасампаз адам, кенеттен таңдауға тап болады: қандай білім жүйесі болуы керек? Білім жүйесін дамыту процесіне назар аударсақ, оны ұйымдастырудың ғылыми деңгейде дамыған әртүрлі бағыттары, әр деңгейдегі оқыту жоспарларының жасалынғанын байқаймыз. Уақыт өткен сайын бұл мәселеге, оқыту формасына, мамандарды даярлауға жаңаша көзқарас қалыптасады.

Қазіргі білім беру ұйымдарының оқу үрдістерінде негізгі мақсат оқушыларға қажетті ұғымдарды қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге оларды саналы түрде меңгеруіне қол жеткізу. Сондықтан да, мұғалімдер оқушылар арасындағы өзара бірін-бірі рухани байыту қарым-қатынасын көрсете отырып, «өзіңді-өзің танып біл» деген ұстанымды білімнің сұқпаттық үрдісін құрайтын құрамдас бөлім екендігін ерекше атап көрсетуі қажет деп ойлаймыз. Адам табиғаты көп жағдайларда өзі қол жеткізген жетістіктеріне қанағатшыл болып келеді. Ал, енді бір адамдар жетістікке шектелмей, алдына үнемі жаңа мақсат қойып, соған жету үшін әрекет жасайды. Бір қоғамның білім жүйесін түсіну, сол қоғамның өмірін түсіну болып табылады. Бүгінгі күні білім

жүйесінің ішкі қырларында, білім берудің жаңа модельдерін таңдау қажеттілігі туып отыр. Білім саласында өзіндік және белсенді түрде дамыған басымдық бағыттағы жаңа модельдерді іздестіру жұмыстары күн тәртібінде тұр. Білім жүйесіндегі жан-жақтылық – оның тұрақтылығы мен нақтылығының негізгі керекті кепілі. Осы таңдауда білім стратегиясының тиімді түрлері дүниеге келмек. Бірақ, мына бір жайды түсінген жөн: білім жүйесінде ешкім үстемдік жасай алмайды. Білімде әрқашан бірге өмір сүретін, қақтығыста болатын консервативтік және динамикалық құрамдас бөліктері де кездеседі.

Педагогикалық әдістемелік зерттеулерде оқыту пәндерінің арасындағы қатынас мәселесін шешуге арналған ізденістер, сол сияқты білім мен мазмұн құрылымындағы қиындықтың оны туралы пікір талаптар әлі де жалғасын тауып келе жатыр. Олардың басым көпшілігінің пікірлеріне сәйкес оқыту пәндерінің мазмұны арасындағы өзара қатынасы-мамандарды даярлау мазмұнының аса маңызды мәселелерінің бірі болып саналады және де онда оқытылатын пәндерде кездесетін білім мен мазмұн құрылымының қисындық орны жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігі де жиі айтылады. Сондықтан да осы орайда жаңа философиялық білім беру жүйесін дамыту процесі күн тәртібіндегі мәселелердің біріне айналып отыр. Философия ілімі қазіргі кезеңде бұрынғыдан да тереңірек, ауқымдырақ маңызға ие болып отыр. Оған жастардың аңсары ауып, қызыға бастағаны айдан анық, шындық. Философияның қызығы мен қиыншылығы мол қазіргі уақытта көпшіліктің назарына ілінуінің бірнеше объективті және субъективті себептері бар. Объективті себептері өркениеттің жүрдек дамуының әртүрлі бағыттар мен пиғылдардың бетпе-бет ұшырасуынан туындап отырған қарама-қарсылықтар мен келіспеушіліктің тереңдей түсуімен тығыз байланысты. Бұрын тарих доңғалағының қозғалысы мүлдем басқаша режимде болды. Бұрынғының адамдары батқан күнге қарап «бір күнім өтті»-деп жылайды екен. Қазіргі біздер бір күніміздің тез өтіп кеткенін байқамай қаламыз, сонда біз қайда асығамыз. Түбінде оларды да, бізді де күтіп тұрған бір ғана ақиқат бар, ол – өлім. Бұрынғының адамдары уақыттың көсемі болып, көсіле серпіп, асықпай, аптықпай өмір сүріп жатты. Жер қандай кең болса, оның пейілі де, ықпалы да, сондай кең еді. Сондықтан да олар өмірге де, өзіне де, өзгеге де салиқалы сабырлықпен, күнәдан пәк, кіршіксіз таза сезіммен қарады. Ал, бүгінгі біздердің жағдайымыз мүлдем басқа. Ғылым мен техниканың дамыған заманында біз машина сияқты, бірдей зымырап барамыз. Асығып, аптығып барлық өміріміз машина үстінде өтіп барады. Біз өмірге де, өзгеге де, өзімізге де космостық жылдамдықпен қараймыз. Әлгі ата-бабамызға тән салиқалы салмақтылық «күн сүйген күнгейдің шуағы» дегенді білмейміз. Өйткені күннің шуағының өзі бізге көп түсе бермейді. Өмір күтіп тұрмайды, ұдайы асығамыз. Күн сәулесінен нұр алмаған, табиғаттың аялы алақанын сезбеген, оның сұлулығына тәнті болмаған қазіргі адамдарда қандай биіктік, қандай рухани тереңдік бар дейсіз.

Белгілі қазақстандық мәдениеттанушы, Зира Наурызбаева өзінің «Антропологиялық дағдарыс жағдайындағы мәдениет пен білім»- деген ғылыми мақаласында жаңа тәртіп идеясы, батыс ойшылы Жан Аттали «қалтасына тіс шұқығышы мен кредит карточкасын салып алып дүниеге келген, әулетіне де, отанына да- ештеңеге байланбаған қаңғыбастың бейнесін сомдап шығарған» деп, жазды

Ал, америкалық философы Э. Франк былай деп пікір білдіреді: «технократиялық ойлаудың өлшемімен пішілген дүние адамдық сипаттан айрылады, онда адамдық бостандық, жауапкершілік, өмір мәні атымен болмайды».

Осындай жағдайда аданың мәні мен мағынасын жан-жақты түсіндіріп, оны шынайы гуманистік табиғатын көрсететін философиялық ілімге көз тігуіміз кездейсоқтық болмаса керек.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры
ф.ғ.к М.Н.Қойшыбаев*

*Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының 1 курс
магистранты Әлібаева Акерке Ақболатқызы*

Критерийлік бағалауды енгізу қажеттілігі, ең алдымен, бастауыш білім жүйесінің түйінді құрылымдық реттіліктер негізінде жеке тұлғаның тұтас дамуы үшін іргесін қалауы қажеттілігіне негізделген, ал бағалау жүйесі болса, білім мазмұнының жаңару үрдісіне сәйкес келуі тиіс екенін аңғаруға болады.

Сонымен, жоғарыдағы теориялар, пайымдауларға байланысты критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады. Сонымен «Қалыптастырушы бағалау сабақ үдерісінде оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты үздіксіз қамтамасыз ететін және оқу процессін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін – бағалау деген ой-тұжырым жасауға болады. [1].

Негізгі зерттеу тақырыбымыз қалыптастырушы бағалау болғандықтан қалыптастырушы бағалаудың төмендегідей әдістеріне тоқталсақ[2-11б].

1. Жұптарда өзара бағалау

1. Оқушылар жұптары бойынша бөлінеді, өздерінің достарымен болуы міндетті емес.

Мұғалім жауап үлгілері толық өңделген сұрақтардың екі тізбесін дайындайды. Әрбір тізбе мұғалім көрсеткен сұрақтармен өте ұқсас әртүрлі типтегі сұрақтардың белгілі бір санынан тұрады. Әр жұп сұрақтардың бір тізбесін алады. Әрбір оқушы келесі кезеңде бір сұрақтар тізбесімен жұмыс жасайды.

2. Оқушылар өз бетінше келесі кезеңге дайындала отырып, бір-бірден жауап үлгілерін зерделейді (мысалы, 5 минут бойы)

Егер оқушылар өздерінің қателерін дұрыстау керектігін білетін болса, олар барынша мұқият бола бастайды. Дегенмен, жай ғана мүлт кетуден болатын қателер, әдетте, еленбеуі, ал бірқатар қателер түзетуді талап етуі мүмкін.

Осы стратегия, көптеген оқыту стратегиялары сияқты, өте қарқынды пайдаланылуы мүмкін. Егер Сіз оқушылардан барлық өздерінің жұмыстарын түзетуді өтінсеңіз және олар осылай жасауды жалғастыра алмайтын болса, бұл іс аса жалықтыратын болып саналуы мүмкін. Алайда бұл әдістің пайдаланылуы жеткіліксіз болуы мүмкін. Тапсырмаларды қалай дұрыс орындауын түсіну қажет болса, оқушылар кейде тапсырмалардың басқа түрлерін орындау керек.

- Осы жетістіктерге қол жеткізілді.

- Осы қызметті сол тақырып бойынша шолу ретінде қайталауға болады.

Қалыптастырушы оқытудың қандай ерекшелігі бар?

Критериалды бағалауды жүргізгенде кері байланыс маңызды рөл атқарады.

Кері байланыс (рефлексия) – өзіндік білімі мен жетістіктерін бағалудағы ең жағымды құралы болып табылады. Рефлексияны қолдану әсіресе кіші жастағы балалардың білімін бағамен шектемей, білім алуға деген қызығушылығын жоғалтпауға өзін-өзі тигізеді. Оқушы өз білімін өзі нақты бағалай алғанда ғана ары қарай білім алуын өзі реттей алады үйрене бастайды. Оқушы рефлексия арқылы өз оқу әрекетінің тәсілін түсініп білімді саналы меңгере алады, яғни рефлексия - оқушыға алынған нәтижені талдауға, алдағы жұмыстың мақсатын анықтап, оған жету жолын өңдеуге үйретеді, өзін-өзі тексеріп, оқу қызметін бағалауына мүмкіндік береді. Сондықтан да рефлексия - өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы.

Өзін - өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін рефлексия ұғымы пайда болды. Жаңа дәуір философиялық идеялары "өзіндік" және "мен" ұғымдарына бағытталады [3,18б]. Өзін-өзі бағалауды негізінен енгізген уақытта оның біртіндеп енгізілуін ескерген жөн.

Бірінші сатысы - эмоционалдық, көңіл күй рефлексиясы, екінші сатысы – білімдік материалдың мазмұнына бағытталған рефлексия. Бірінші саты бойынша жұмысты рефлексия жасауға арналған стратегияларды қолдануға болады. Мысалы: «Көңіл-күй гүлзары», «Себет», «Эмоция ағашы» т.б. әдістерді қарастыруға болады. Бірінші сатыдан келесі сатыға көшуге

арналған; «Білмедім, енді білемін», «синквейн», «қағаздағы әңгіме», «Дәйек», «Пікірім» сияқты түрлерін атап өтуге болады.

Рефлексияның ең маңызды жұмысы оқушының қай материалды жеңіл қабылдайтыны, материалды меңгеруде қиналатын тұстары бар екенін түсіну өте маңызды үдеріс. «Борт журналы», «Қойын дәптері» әдістері арқылы баланың тереңірек ойлауына өз ойын қағазға түсіру барысында көптеген тың ойларына назар аудару, қай баланың болмасын ақпаратты қабылдау деңгейі, оны интерпретациялауының әртүрлі болатынын ұмытпағанымыз жөн. Атап айтсақ қазіргі таңда танымдық рефлексияға баса назар аударылып жүрген жоқ. Көбіне біз рефлексияны тек эмоционалды түрде ғана қарастырып жүргенбіз. Ал осы жұмыс арқылы біз баланың алған білімін немесе білімге деген көзқарасын көре алатынымыз жайында көп жағдайларда ойлана қоймаймыз.

Бастауыш сыныпта қолданылатын кері байланыс түрлерін ұсынуға болады.

«ойды аяқта»	«корабль»	«жетістік баспалдағы»	«шырша»

Анықталған тұжырымдарға және зерттеушінің жеке тәжірибесіне, бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, бастауыш сыныптың жаратылыстану пәнінде критериалды бағалауды қолданудың жұмыс бағыттары айқындалды.

Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында қалыптастырушы бағалауды қолданудың біз төмендегі жұмыс бағытымызды ұсынып отырмыз:

1) қалыптастырушы бағалауды шынайы жүргізу дағдыларын айқындауға бағытталған тапсырмалар жүйесі құрастыру;

2) шынайы бағалау дағдыларының деңгейіне жас ерекшеліктеріне сай көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындау;

3) оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалаудың оқыту әдістерін таңдау және қолдану, бағалау парақшаларын дайындау.

Оқушылардың шынайы бағалауын қалыптасу көрсеткіштері төмен, орта, жоғары деңгейлер бойынша анықталды.

деңгейлері	көрсеткіштері		
жоғары	Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауда қажетті білімді қолдана алады	Берілген кері байланыс негізінде өз жұмыстарына толықтырулар мен түзетулер енгізе алады	Өз жұмысын жақсартудың жолдарын анықтай алады
орташа	Қалыптастырушы, бағалау тапсырмаларын орындауда қажетті білімді толыққанды қолдануы орташа	Берілген кері кері байланыс негізінде өз жұмыстарына мұғалімнің нұсқауымен толықтырулар мен түзетулер енгізе алады	Берілген кері кері байланыс негізінде өз жұмыстарына толықтырулар мен түзетулер енгізе алуға қиналады
төмен	Қалыптастырушы, бағалау тапсырмаларын орындауда қажетті білімді қолдануда қиналады	Өз жұмысын жақсартудың жолдарын мұғалімнің жетекшілігімен анықтай алады	Өз жұмысын жақсартудың жолдарын анықтай алмайды

Кесте – 6. Сыныптасын және өзін-өзі шынайы бағалау дағдыларының өлшемдері мен көрсеткіштері.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының басым ерекшеліктерінің бірі – кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру, әр пәннің өзіндік ерекшелігіне сәйкес айталық, қалыптастырушы бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы қажет.

Қазақ тілі оқу бағдарламасының негізінде 1) топтардағы өзара бағалау 2) жұптардағы өзара бағалау, 3) өзін-өзі бағалау дағдылары арқылы жүзеге асыру көзделді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы МАН /Екінші Басылым/ 2015ж.
2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен – Астана, 2016. – 48б.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. 2014 ж.
www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
4. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры
ф.ғ.к М.Н.Қойшыбаев*

*Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының 1 курс
магистранты Жаңабоева Жансая Оразбекқызы*

Қазіргі мектептердің міндеттерінің бірі – балаға білімді меңгерту ғана емес, оның рухани – адамгершілік қасиеттерін танып, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін – өзі дамытуына жол көрсету.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз оқушы өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез-келген затқа, жан-жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу. Сондықтан рухани-адамгершілік білімі жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады.

Бастауыш сыныптардағы рухани-адамгершілік тұрғыда берілетін білім мазмұнында ұлттық руханиятымыздың өзегін құрайтын қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегі, әдеби ертегілер, аңыздар, эпостық, лиро-эпостық жырлар, тарихи жырлар, айтыс өнері мен шешендік сөздердің кейбір таңдаулы үлгілері беріледі. Халық ауыз әдебиетіндегі адамзаттық мүддені қорғайтын, өмірге бейімдейтін, әртүрлі әдептілік, әсемдік, әділдік, және шыдамдылыққа да жетелейтін құндылықтарды оқып-үйрену арқылы оқушылар халқымыздың ділін, дүниетанымын, мәдениетін танып, олардан тәлім алатын болады. Батырлар жырындағы бабалардың елін, жерін қорғаудағы ерліктері; лиро-эпостық жырлардағы сүйіспеншілік пен мөлдір сезім, салт-дәстүр; айтыс өнеріндегі ой тереңдігі, тапқырлық, суырыпсалма ақындықтан көрінетін даналық балалардың өз халқына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін асқақтата түседі.

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілік рухта тәрбиелеу дегеніміз, оларға дүниеге ұйымшыл, белгілі бір мақсат көздеген адамгершілік көзқарас қалыптастыру. Жан – жақты қоршаған табиғатқа, әсіресе адамға адамгершілік қатынаста болып, жауыздыққа, қатыгездікке белсенді түрде қарсы бітіспес күрес жүргізу – адамгершілік сезімге тәрбиелеудегі негізгі мәселе.

Адамгершілік сезімді қалыптастыру бірнеше кезеңдерден өтеді. Оның алғашқы буыны мектепке дейін басталып, оқушылардың дара адамгершілік қасиетін қалыптастырудың іргетасы төменгі сыныпта қаланып, одан әрі жан – жақты дамуы да осы бастауыш сыныптардағы оқыту және тәрбиелеу үрдісінде жүзеге асырылады.

Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесі байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Халық педагогикасы-нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті — халық педагогикасында деуге болады.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ. Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі.

Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысыноятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы -осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік- адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады.

Мектепте рухани-адамгершілік тұрғыда берілетін білім мазмұнында ұлттық руханиятымыздың өзегін құрайтын қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегі, әдеби ертегілер, шешендік сөздердің кейбір таңдаулы үлгілері беріледі.

Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің мазмұны мектептегі пәндер, мектептен, сыныптан тыс өткізетін іс-шаралар арқылы қалыптасады. Осы өткізілетін сабақтар, іс-шаралар неғұрылым маңызды, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қонымды болса, олар соғұрлым баланы адамгершілікке тәрбиелеуге зор ықпал жасайды. Адамгершілік тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олар:

- оқушыларды өмір талабына сай қоғамдық моральдық нормасын орындауға қатыстыру;
- оқушылардың адамгершілік тәжірибесін қалыптастыру;
- оқушылардың санасына және мінезіне ұстаздық ықпал жасау, ұлттық қасиеттерді дарыту.

Адамгершілік тәрбие балаларда адамдарды құрметтеу және оған сүйіспеншілікпен қарау, олармен ізгілік, жағымды, әділ қарым-қатынас жасай білу.

Бүгінгі оқушы – Егеменді еліміздің болашағы екенін ескерсек, осы балалардан қоғамның тұлғасы болар білімді, тәрбиелі, мәдениетті азаматтар шыға қояр ма екен деген ой көпшілігімізді әсіресе тәрбие негізі қаланатын мектептегі ұстаздар қауымын толғандырады. Себебі Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Өйткені әрбір халық ұрпағымен көктеп өркен жаяды. Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік білімді де, білікті ұрпағынан қуат алады, ол өзінің әрбір жаңа буын жас ұрпағы жетілген сайын дамудың жаңа биіктеріне көтеріледі. Ал бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – еңселі еліміздің кірпіші боп қаланатын әрбір қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде.

Бала дамуының алғашқы кезеңінен яғни адамгершілік туралы ұғымдарды саралап, санасына сіңіре бастайды. Моральдік-этикалық дәстүр мәдениетінің толысқан сферасы ретінде дәстүрлі педагогикалық мәдениетті қалыптастыра отырып өскелең ұрпақты, адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралы, формасы, әдіс-тәсілдері, адамгершіліктің қайнар көзі, ілкі бастауы бола алады.

Адамның адамгершілігі - оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі - адамдық ар - намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу. Ақылды, мейірімді адам кез- келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Арлы адам - ардақты. Біздің ортамызда осы сапаларды бойына сіңіріп қана қоймай, өзін қоршаған ортаға таратушы, осындай өз сапаларымен жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздар аз емес. Адамгершілігі мол адам - басқаларға қашан да үлгі-өнеге.

Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек.

Адамның пейілі таза, көңілі кең, мейірімі мол, әр нәрсені қанағат ынсап тұта алу қасиетінің көптігі ниетке байланысты екендігін Шәкәрімнің «Мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шыншыл характер – түп қазығы ақ ниет», – деген нақыл сөзі дәйектей түседі. Мейірімді, қайырымды, сезімтал адам әрдайым жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақ ниетпен жақсылық жасау адамның ішкі дүниесінің байлығын, жан сұлулығын көрсетеді.

Жақсылық та, жамандық та әркімнің өзіндік сенімінің қаншалықты мықты екендігіне байланысты болғандықтан балаларға қиындықпен бетпе-бет кездесуден қорықпай, жеңіл жол іздемей, сеніміңе үміт артып, әрқилы кедергіні де жеңуге ұмтылады. Сөйтіп, оқушылардың ойы адамның өзіне-өзі сенімді болуының басты көрсеткіші болып табылатын батылдық, табандылық, адалдық сияқты қасиеттері айналасында шоғырланады. Осы орайда оқушылардың сенім туралы, оның түрлі қырлары жөніндегі түсініктерін кеңейту мақсатында М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңіндегі қайратты, айбынды, көздерінде от бар, сөздерінде жалын бар, арлы, мінезі жұмсақ, жүрегі ақ, иманды және т. б қасиеттерге сипаттама беріледі. Мысалы, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін әдеби және адамгершілік білім беру ықпалдастығында қарастырып көрейік. Өлең мазмұнындағы әдебиеттік мазмұн ғылым, білім алуға үндеп, оқушыларды бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болуға, ғылымға берілу жолдарын іздестіруді мақсат етеді. Ал өлеңнің адамгершілік сипаты адамды босқа шаттанбауға шақырады. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ тәрізді бес жағымсыз қылықтардан адамды аулақ ұстап, оларды керісінше талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сияқты жақсылыққа жетелейтін қасиеттерге баулиды. Адамгершілік қағидаларды көрсететін әдеби көркем мәтіндер оқушының интеллектуалды-шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойлауын, дамытып, елестете алу, қиялдай білу дағдыларын қалыптастырады. Шығармашылық көңіл күй оқушының басқа пәндерді де құлшыныспен оқуына әсер етеді. Көркем шығарма мазмұнындағы елжандылық, әсемдік, рухани-адамгершілік құндылықтар басқа пәндермен пәнаралық тығыз байланыста болғанда ғана оңай шешіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру тиімділігінің негізгі педагогикалық шарттары барлық сабақтардағы оқу уақытындағы танымдық іс-әрекеттің жоғары деңгейі (мазмұнын, оқыту әдістерін, ұйымдастырушылық формаларын таңдауды білдіреді) және ұзақ уақыт пен ұжымдық өмір атмосферасы, қызметтің қоғамдық құнды мақсаттарына ұмтылудың ортақтығы, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың гуманистік стилі ғана емес, сонымен қатар әрбір оқушының оқу-тәрбие іс-әрекетіндегі белсенді ұстанымы, сондай-ақ оқушылардың азаматтық ұстанымы болып табылады.

Жоғарыда аталған ғылыми- теориялық зерттеулер негізінде бастауыш сынып оқушыларының рухани- адамгершілік- қасиеттерін қалыптастыру әдістері мен құралдарын анықтаудың маңыздылығы зор екендігін байқадық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмбаев М. Педагогика.- Алматы: Рауан, 2013. – 154б.
2. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 2015. - 312б.
3. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы, 2011. – 295б.
4. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика: әдістемелік құрал. – Алматы: РБК, 2014. – 140 бет.
5. Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы. - 2019, - 260 бет.
6. Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2014.
7. Гуткина А.Д. Планирование и организация воспитательной работы в школе. -М., 2014
8. Шилова М.И. Учителю о воспитанности школьников. М.: Педагогика, 2010.-144 с.

ТҮЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры ф.ғ.к

М.Н.Қойшыбаев

Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының I курс магистранты **Әшім Камила Ғабитқызы**

Кез келген технологияны, соның ішінде білім беру технологияларын құру оның әдіснамасын таңдауды және негіздеуді талап етеді. Тұлғалық-бағдарлы білім беру Қазақстан Республикасына енгізілген жаңа стандарттағы түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың әдіснамалық қағидасы ретінде бекітілген. Бұл міндетті жүзеге асыру осы тұрғының аясында жүргізілетіні айқын.

Түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру теориясының міндеттеріне барынша бара-бар келетін білімдік әдіснама ретінде тұлғалық-бағдарлы тұрғы қызмет ете алады. Себебі тұлғалық-бағдарлы білім беру әрбір оқушының даралығына, жеке ерекшеліктеріне бағыттала отырып, оқушының жеке даму траекториясын жасауға мүмкіндік береді.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруді тәжірибеге ендіру және түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың теориясын жасау әлемдік педагогика ғылымы мен практикасы үшін бүгінгі күні барынша көкейкесті мәселеге айналуға.

Бүгінгі қазақстандық білім беру сипатындағы айрықша өзгерістер оны «адамның еркін дамуына» оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделгіштігін дамытуға бағыт береді. Бұл бағыт өз алдына оқушы тұлғасын қалыптастыруда жаңа тұрғыдан келуді қажет етеді.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруді педагогикалық қауымның меңгеруі нәтижесінде туындайтын педагогикалық мақсаттардың өзгерісі толық, тұлғалық және әлеуметтік-

интеграцияланған нәтижені анықтау мәселесін алға қойды. Осындай интеграцияланған элеуметтік-тұлғалық-іс-әрекеттік ұғымның білім берудің нәтижесі ретіндегі жалпы анықтамасы болып мотивациялық-құндылықты, когнитивті, дүниетанымдық, коммуникативтік құрамалардың жиынтығын беретін «құзырет/құзыреттілік» ұғымы танылады. Бұнда бірінші анықтама, әдетте, белгілі бір аядағы процестер, нормативті міндеттер және құқықтармен белгіленетін тұлғаның сапаларымен байланыстырылса, екіншісі құзыреттердің практика жүзінде жүзеге асуы, оның нақты іс-әрекеттерде көрінуі, тұлғаның сол іс-әрекетке қатынасынан туындайтын нәрсе болып табылады.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары бүгінгі педагогика ғылымында зерттеу деңгейінде ғана мәлім. Сондықтан осы күнге дейін бұл ұғымдардың нақты, соңғы анықтамасы қалыптаспаған. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігінің негізгі дәлелі ретінде танылады.

Шетел сөздерінің сөздігінде «құзыретті» ұғымы құзыреттіліктерге ие – белгілі бір ұйымның, адамның өкілеттігі аясы немесе бір адамның жүргізуі тиіс сұрақтар мен істер аясы деп түсіндіріледі. Competent (франц.) – құзыретті, өкілетті, competents (лат.) – сәйкесті, қабілетті, competence (ағылш.) – қабілет (құзыреттілік) [1].

«Құзыреттілік» ұғымы еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелерінде пайда болды. «Түйінді құзыреттілік» термині алғаш рет 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болды. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау механизмдерін талдау болды.

Халықаралық еңбек ұйымы жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу және басқарма кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінен өтетін мамандардың біліктілік талаптарының қатарына «түйінді құзыреттіліктер» ұғымын енгізген. Кәсіптік мектепте мамандарды даярлауда түйінді құзыреттіліктер 1990 жылдардан бастап айтылуда.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымының мәнін ашу үшін философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалды.

Құзыретті философиялық тұрғыдан түсіндіру адамның танымы мен практикасына байланысты жаңалықтар мен жаңа енгізулерге жол ашады, сонымен қатар әрбір сыныпта педагогикалық ситуацияға қойылатын білімділік талаптарын анықтауға мүмкіндік береді [2].

Құзырет (латын сөзі competens – сәйкесті, қабілетті) – орындалатын жұмыстың мәнін, қойылған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын терең және түп-түбіріне дейін білу, сонымен қатар сол жұмысқа сәйкес келетін іскерліктер мен дағдылардың болуы [90].

Жалпымәдениеттілік құзырет – өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі [91].

Құзырет – нақты пәндік салада нақты әрекетті тиімді орындау үшін қажет болатын спецификалық қабілет және оның қатарына арнайы білімдер, ойлау тәсілдері, өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікті түсіну де енеді [92].

Құзырет – өзінің бойындағы белгілі бір білімі мен дағдысы арқылы шешім қабылдауға қатысуға немесе өз бетімен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін лауазым иесінің жеке мүмкіншіліктері, оның біліктілігі (білімі мен тәжірибесі) [93].

«Құзырет» ұғымын автор тұлғаның жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауда өнімді әрекет жасауға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін күйге жетуімен байланыстырады [94].

Осылайша, «құзырет» - бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды.

Құзырет – бұл іс-әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады.

Құзыретті меңгеру оқушының белсенділігіне тәуелді. Жұмыс жасауды үйрену үшін жұмыс жасау керек, қарым-қатынасқа түсуді үйрену үшін қарым-қатынас жөніндегі ғылыми баяндамаларды тыңдаудың пайдасы жоқ. Ағылшын не орыс тілінде сөйлемейінше, оларды меңгеру мүмкін емес. Тек практика жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады.

Құзыреттің көрінуіне белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке ие болу дегеніміз сол

ситуацияға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді адамдардың нақты ситуацияларда қажет болған жағдайда сол білімін қолдана алмайтындығын күнделікті өмірде кездестіруге болады. Осылайша, құзыретті қалыптастыру үшін олар көрінетіндей нақты жағдайлар тудыру қажет.

Құзыреттіліктер – адамның белгілі бір салада беделге, танымға, тәжірибеге ие сұрақтар мен құбылыстар шеңбері [3].

Әлеуметтік құзыреттілік – қоғамдағы өмір сүрудің нормалары мен ережелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер). Әлеуметтік педагогиканың термині [4].

Құзыреттілік – мамандық талаптарына сәйкес келетін дәреженің жеке сипаттамасы [5].

Құзыреттілік – белгілі бір ұғымдық жүйенің болуын талап ететін практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, пайда болған проблемалар мен міндеттерді шапшаң шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың типі, түсіну қабілеті [6].

Құзыреттілік – тұлғаның оқу-танымдық үрдісіне өз бетімен қатысуына және оны еңбек іс-әрекетіне дұрыс ендіруге даярлауға бағытталған оқыту барысында меңгерілетін білім мен тәжірибеге негізделген тұлғаның іс-әрекет жасау қабілеті және даярлығы [7].

Құзыреттілік – белгілі бір іс-әрекетті сапалы және өнімді түрде орындауда қажет болатын белгілі бір заттар мен процестерге қатысты белгіленетін тұлғаның өзара байланысқан сапаларының (білімі, іскерлігі, дағдылары, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы [8].

Осылайша, берілген анықтамаларды қорытындылай келе, «құзыреттілік» ұғымын субъектінің іс-әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынумен байланыстырылады. Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес құзыреттерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау. Түйінді құзыреттіліктер жөнінде айтылғанда жаңа ситуацияларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Түйінді құзыреттілік – бұл анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, спецификалық емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.

Құзыреттіліктер пәндік (пәнаралық және т.б.) және түйінді болып көрсетіледі. Еуропа Кеңесі түйінді құзыреттіліктердің бес тобын айқындаған, соларға ерекше мән беріледі.

1) Саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер: өзіне жауапкершілікті ала білу қабілеті, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу, дау-жанжалды зорлық-зомбылықсыз жолмен реттеу, демократиялық институттардың қызмет етуіне қатысу және оны жақсарту.

2) Көпмәдениетті қоғамда өмір сүру қабілетіне қатысты құзыреттіліктер: расизм мен ксенофобиялар тууына, таралуына жол бермеу, білім беру жастарды өзгешелікті түсіну, бірін-бірі сыйлау, басқа мәдениет тілдері және діндегі адамдармен бірге өмір сүру қабілеті сияқты мәдениетаралық құзыреттермен қаруландыруы керек.

3) Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша формаларын меңгеруге қатысты құзыреттіліктер, соңғысының жұмыста және қоғамдық өмірдегі маңыздылығы соншалық, оны меңгермеген адамға қоғамнан аластау қаупі төнеді. Осы топқа бүгінгі күні маңызы артып отырған бірнеше тілді білу де жатады.

4) Қоғамдық ақпаратты пайдалану және мойындаумен байланысты құзыреттіліктер жаңа технологияны меңгеру, оны қолдануды түсіну, оның күшті және әлсіз жақтарын айқындау, БАҚ тарататын ақпараттар мен жарнамаларға сыни көзқарас.

5) Өмір бойы оқуға қабілеттілік - үздіксіз даярлықтың және кәсіби даярлықтың, сонымен қатар жеке және қоғамдық өмірдің негізі ретінде.

Құзыреттілікті қалыптастырудағы педагогикалық мақсаттардың ерекшелігі - олар оқытушының әрекеті түрінде құрылмайды, керісінше оқушының іс-әрекет нәтижесі, көзқарасы, яғни оның белгілі бір әлеуметтік тәжірибені меңгеру үрдісінде дамуы және жылжуы түрінде құрылады.

А.В.Хуторский негізгі білім беру құзыреттілігінің жеті түрін көрсетеді: - құндылықты-мәнді,

- жалпы мәдени
- оқу-танымдық
- ақпараттық
- коммуникативтік

- әлеуметтік-еңбектік

- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттіліктері.

Автордың айтуынша, олардың мазмұны Еуропа Кеңесінің бөліп көрсеткен түйінді құзыреттілігінің мазмұнына қарама-қарсы келмейді.

Қорытындылай келе, ескеретін жағдай, базалық құзыреттілік оқудың негізгі формалары ретінде болады, олар объективті білімділік формасында айтылады. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру іс-әрекеттік сипатқа ие және ол оқушының функционалды сауаттылығына сүйене отырып жүзеге асуы мүмкін. Түйінді құзыреттіліктер кәсіби сипатқа ие, олар іс-әрекет субъектісінің тұлғалық дамуының нәтижесі түрінде көрінеді.

Мектептегі білім беру үрдісінің құзыреттіліктерге қайта бағытталуы педагогтардың алдына жаңа проблемаларды қояды. Оқыту үрдісінде қандай технологияларды қолданған дұрыс? Білім берудің тиімді нәтижелеріне қандай жолдармен жетуге болады?

Аталған құзыреттіліктердің әрқайсысы оқушы тұлғасын қалыптастыруда маңызды орынға ие. Басты құзыреттіліктердің негізі ретінде, біздің ойымызша, коммуникативтік құзыреттілік танылады. Себебі, адам қоғамда өмір сүргендіктен ол, ең алдымен, басқа адамдармен байланысқа түседі. Кішкентай сәби қарым-қатынас негізінде дамиды. Баланың балабақшаға, мектепке баруы, кәсіпті меңгеруі, өмір сүруінің өзі қарым-қатынасқа түсу іскерліктеріне негізделген. Ақпаратты жеткізу, қабылдау, жинақтау, өзгерту, сақтау және қолдану қызметі қарым-қатынастық байланыста жүреді.

Ю.Н.Емельянов коммуникативтік құзыреттіліктің ерекшеліктеріне сипаттай отырып, «егер адамның іс-әрекетінің түрлі салаларындағы құзыреттілік әдетте белгілі бір мәтіндерді меңгеру арқылы жүрсе, онда коммуникативтік құзыреттілік әлеуметтік контекстілерді жасау арқылы қалыптасады» деп атап өтеді [9]. Автор коммуникативтік құзыреттілікті білімге және сезім тәжірибесіне негізделген қарым-қатынас ситуациясындағы бағытталу, ол әлеуметтік-психологиялық оқығандықты қажет етеді, яғни әрі қарай қарым-қатынасқа түсуді оқу мүмкіндігі. Коммуникативтік құзыреттіліктің негізінде тек тілді меңгеру ғана емес, индивидтің тұлғалық ерекшеліктері тұтастықта, нақты әлеуметтік контекстінде ашылатын оның сезімдері, ойлары мен іс-әрекетінің бірлігі.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру коммуникативтік іскерліктерді біртіндеп дамытуға негізделген. Ол оқу үрдісіне «шағын топ» ұғымын ендіруді, талдау, талдау-жинақтау, шығармашылық жаттығуларды ендіруді қажет етеді. Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру үрдісінде түрлі жанрдағы мәтіндер дидактикалық бірліктер болып табылады. Бұл оқушының бейімделгіш қасиетін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл бөлімді қорытындылау мақсатында «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына тоқталсақ.

1. «Құзырет» ұғымы білім саласына емес, іскерлік саласына жатады.

Құзырет – бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды. Бұл жерде құзырет пен іскерлік ұғымдарын ажырату қажет. Іскерлік – спецификалық ситуациядағы іс-әрекет, ал құзырет – іскерлікті, іс-әрекетті бақылаудан алынатын сипаттама. Осылайша, іскерлік – бұл іс-әрекеттегі құзырет. Құзырет – бұл іс-әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе.

2. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады.

3. Құзыретті меңгеру оқушының белсенділігіне тәуелді. Жұмыс жасауды үйрену үшін жұмыс жасау керек, қарым-қатынасқа түсуді үйрену үшін қарым-қатынас жөніндегі ғылыми баяндамаларды тыңдаудың пайдасы жоқ. Ағылшын не орыс тілінде сөйлемейінше, оларды меңгеру мүмкін емес. Тек практика жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады. Осылайша, құзыретті меңгеру үшін оқушы өзінің саналы әрекетінің субъектісіне айналуы тиіс.

4. Құзырет контекстуалдық сипатқа ие. Құзыреттің көрінуіне белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке ие болу дегеніміз сол ситуацияға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді адамдардың нақты ситуацияларда қажет болған жағдайда сол білімін қолдана алмайтындығын күнделікті өмірде кездестіруге болады. Осылайша, құзыретті қалыптастыру және қалыптастыру үшін олар көрінетіндей нақты жағдайлар тудыру қажет.

5. Құзырет бастапқы деңгейіне сүйене отырып, дамытылады, байытылады, кеңейтіледі және бекітіледі.

6. «Құзыреттілік» ұғымы субъектінің іс-әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынумен байланыстырылады. Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес құзыреттерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау. Түйінді құзыреттіліктер жөнінде айтылғанда жаңа ситуацияларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Негізгі құзыреттілік – бұл анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, спецификалық емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сериков В.В. Личностно-ориентированное образование: феномен, концепция, технологии.- Волгоград., 2010
2. Словарь иностранных слов.- 13-е изд., стереотип. – М., 2016.
3. Розов Н.С. Философия гуманитарного образования. М., 2003. – С.137
4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. М., 2003. - С.294
5. Роботова А.С., Леонтьева Т.В. и др. Введение в педагогическую деятельность. М., 2002. С. 25
6. Маркова А.К. Психология профессионализма. М., 2009. С.8
7. Милованова Н.Г., Прудаева В.Н. Модернизация российского образования в вопросах и ответах. Тюмень, 2002. С.25.
8. Шишов С., Агапова А. Компетентностный подход к образованию // Лучшие страницы педагогической прессы. 2002. №3. С.5
9. Хуторской А.В. Определение общепредметного содержания ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов // [www. eiudos. ru/ news / compet-dis. htm/](http://www.eiudos.ru/news/compet-dis.htm/)

СЫР АҚЫНДАРЫНЫҢ ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ОЙ-ТОЛДҒАМДАРЫ

Б.Қожамберлиев, Б.М.Апенев

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Философия және әлеуметтік-ізгілендіру» кафедрасы оқытушылары

Сыр сүлейлерінің басым көпшілігі өздерінің алғашқы білімін медреселерден мұсылманша діни тұрғыда алғаны анық. Осы тұрғыда олардың діни тақырыптарға мойын бұрмауы мүмкін емес еді. Сонымен бірге, ақындардың өмір сүрген заманы орыс отаршылдығының өршіп тұрған уақытымен сәйкес келіп, қазақ қоғамында діни қағидалардың бұрмаланып, діни қатынастардың бұзыла бастаған кезі болды. Олар адамдар бойындағы адамгершілік қағидаларының сақталуының өзегін дінмен байланыстырып, халықты діни сауаттылыққа шақырады.

Шегебай ақын өзгермеу тек ерлерге тән дей отырып, адамның бір сөзді болып, екі сөйлемей, уәдесінде тұруын оның ізгі қасиеті санайды. Шегебай ақын пікірінше, өмірдегі адамдардың кейде рахат өмір сүріп, кейде бейнет көруі заңды нәрсе, өмірдің заңдылығы және бұл заңдылық тіпті хандар мен бектердің өміріне де қатысты. Ақын жырларының орыс отаршылдығымен байланысты қазақ қоғамындағы заман өзгерісін толғаған «Зар-заман» ақындарының шығармаларымен де үндестігі айқын байқалады. Өз өлеңдерінде қоғамды қараңғылық басып, діннің азып, адамдардың майдаланып кеткенін, одан құтылар жол іздеп, құдайдан үміт күтеді.

Көрінер жарық жер жоқ, қараңғы түн,

Бола ма ататын таң, шығатын күн.

Дейтұғын ислам қайда, ер азайып,

Бақ айнып, ауысып жүр пері мен жын.

Әулие тебіренесің енді қашан,

Жылдан жыл жіңішкеріп барады дін.

Бермесен өзің қуат патша құдай,

Кімге айтып дегенмен «дат» жетеді үн[2, 30].

Ақын сол кезеңдегі әлеуметтік мәселелерді үлкен сезімталдылықпен ұғынып, өз шығармаларына арқау еткенін байқаймыз. Қоғамның азуы адам өміріне тура әсер етіп, ел қорғар ерлердің езге айналып, оған өз заманының әлеуметтік жағдайлары ықпал ететінін айтады. Бұл жерде К. Маркстің «сананы тұрмыс билейді» дейтін танымал қағидасы еск түседі. Шындығында, адамның әлеуметтік жағдайының жақсы болуы, қазақы түсінікпен айтқанда, төрт құбыласының түгел болуы оның қоғам істеріне белсене араласып, өзінің азаматтық белсендігін айқын көрсете алуының басты алғышарты болып табылады.

Жаратқан жаббар хаққа ет тәуекел,
Ақырдан алмауытсын жеген сұлы.
Мойнынан наз бедеудің кетсе жалы,
Жабымен тең болады сатсаң пұлы[2, 33].

Шегебай заманды оңалтудың бір жолын діннен іздейді. Қоғамдағы адамдардың әр түрлі өмір сүріп, әр түрлі әлеуметтік дәрежеде болуы құдай ісі, яғни заңдылық дей отырып, егер адам діни сауатты болса, нәпсіге ермей, жамандықтан аулақ болады деп санайды. Қазақтың ХХ басындағы көрнекті қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай «жалпы жаман халық, жақсы халық деген болмайды, ал саяси тұрғыдан алғанда басқаша» - дей отырып, ұлттар арасындағы теңсіздіктің, отарлықтың себебі саяси сананың, сауаттылықтың төмен болуы деп санап, халықты саяси сауаттылыққа шақырады. Ежелгі грек ойшылы Сократ та жаман қылық, жамандық білімсіздіктен шығады, егер адам ненің жақсы екенін білсе, онда ол жамандық жасамайды деген ой айтады. Байқағанымыздай, Шегебай ақынның ойы аталған ойшылдардың ой-толғамдарымен өз үндестігін көрсетеді.

Әкемсің күллі алам, бұл халыққа,
Қараудар сен мұхаддам мақұлыққа.
Келтіріп жоқтанбар ғып дүниеге,
Мінгіздің бірді ғарып, бірді таққа.
Өлшеусіз бәз бәндаңа беріп ақыл,
Аблықпай қойды көңіл ыбадатқа.
Алардай дін танарлық берсең елім,
Былғайын басты неге нажасатқа[2, 39].

Ақын қоғамдағы және адам бойындағы жамандықтан арылудың жолы діни тұрғыдан сауатты болу дей отырып, адамдарды сауаттылыққа шақырады. Оның ойынша, Барлық әлем мен тіршіліктің иесі, жаратушысы бір Құдай. Барлық тіршілікке жан беруші де Құдай.

Адамды он сегіз мың жараттың хах,
Қараудар серігің жоқ өзіңсің тақ.
Шамасыз құдіретің бар таңғажайып,
Жан беріп сөйлеткендей тіл менен жак.
Ай мен жеті аспанның күні біреу,
Көрсеттің баршасына таң раунақ[2, 42].

Бұл ойлардан Шегебай ақынның діни тұрғыда терең білімі, сауаты болғанын байқауға болады. Өз өлеңдерінде құдайды мадақтап қана қоймай, оның болмысын, құдіретін жан-жақты тануға талпынады. Оның пікірінше, Құдай болмысы барлық дүние мен ондағы заттар мен құбылыстардың жалғыз себебі болып табылады.

Жаратып құдіретіңмен екі жаһан,
Келтірдің бұл фәниға неше бір зат.
Ақиқат патша өзің іпті дәсін
Тең бірдей қарауыңда мақұлиқат.
Білдіріп барлығыңды көрсеттің жол,
Інжіл мен Забур, Құран, ол бір Таурат[2, 41].

Оның пікірінше, жоғарғы ақиқат - бір Құдай, ол - жалғыз шындық, барлық дүниенің бастауы, екі дүниенің жаратушысы, Құдай өз болмысының барлығын, нақтылығын білдіру үшін қасиетті төрт кітабын жіберіп, адамзатқа тура жолын көрсеткен. Бұдан түйетін ойымыз, ақын софылық дәстүрге де бой ұрған. Егер теологтар мақсаты құдай заңдарын танып, оларды түсіну болса, софылық құдай болмысының мәнін тануға ұмтылады.

Қанша айтса, өшкір қысқы күн санаулы,

Бір күні болмақ тамам, бітіп нәубет.
Арасы екі дүниенің бір-ақ қадам,
Сан ұрмай қапұл бәнде қамыңды ет[2, 38].

Оңғар ақынның дүние туралы көзқарасында құдайдың құдіретінде шек жоқ, барды жоқ, жоқты бар қылатын да тек құдай. Яғни, ақын ойында құдай бұл дүниені тек жаратушы ғана емес, барлық құбылыс пен өзгерістің басты себебі, барлығы тек құдайдың құдіретімен жүзеге асады, құдайдың мейірімділігінде шек жоқ. Бұл көзқарас діни философияда теизм деп аталып, ортағасырлық көртеген ойшылдардың негізгі тұжырымы болды. Ақын ойы бойынша адам өз өмірінде құдайдың құдіреттілігін, мейірімділігін түсініп, тануы керек, сонда құдайдың адамға берер шарапаты иол болады.

Шынымен Шарапатлы төксе нұрын,
Көктетер миюалатын қу ағашын.
Саладан сарқылған су қайта шіреп,
Тастырса қиын емес дариясын.
Қазынасы қадыр хақтың таусылмайды,
Пазылы кең көрмей қалмас көздің жасын[3, 71].

Ақын пікірінше, өмір құдайдың адамға берген сынағы. Сондықтан, ақын өмірдегі қиыншылық пен ауырпалықтарға, қайғы мен қасіреттерді де құдайдың берген сынағы ретінде қабылдап, өмірде оларға мойымай өмір сүру қажет дейді. Өйткені, сынақтан сүрінбей өткен адамға құдайдың берері мол, қиыншылық артынан жақсылығын аямайды.

Барды жоқ, жоқты жомарт еткен алла,
Ақырын алды асықпай сұраңыздар.
Ауырды артат деген сүйген құлға,
Жеткерер, жабырқамай шыдаңыздар[3, 71].

Ақын ойынша, дүниеде бәрі де өзгермелі, мәңгілік еш нәрсе жоқ, тау да, тас та орнында тұрмайды, көктен нәсер жауын жауса, шөлде көк жазираға айналады. Бұл өмірде өшпейтін, азаймайтын тек адамның ақылы мен ойы. Ежелгі грек ойшылы Платон дүниені идеялар әлемі және заттар әлемі деп бөледі. Оның пікірінше, өзгертін, қозғалатын, тұрақсыз заттар әлемі, сондықтан жалған дүние, ал идеялар әлемі өзгермейді, бөлінбейді, тұрақты, мәңгілік, сондықтан ақиқат, шынайы дүние. Оңғар ақынның осы жыр жолдарынан да Платонның дүние туралы негізгі қағидасының сарынын байқауға болады.

Тау бұзар сұрапұлдың соққан желі,
Тартылар тасты бұзып аққан селі.
Сап болып сарқылмайды табылғанмен,
Айдынның аққу ұшқан шалқар көлі.
Күн жауып көктен нұрын төксе жерге,
Көркейтер жазираның кепкен шөлі.
Қайтадан қалыбына орны толар,
Азаймас алынғанмен ақылың кені[3, 74].

Ақын ойынша, адам өмірі де, ондағы тіршілік те, дүние-мүлік те өткінші, алдамшы, баянсыз. Адам осыны түсіне отырып, шүкіршілікпен, қанағатшылдықпен өмір сүруі керек. Өмірден өткенен кейін байлық та, дәулет те, барлығы қалады, адамның артында оның ізі болып қалатын тек оның ойы, ілімі, сөзі. Тек солар ғана мәңгілік, адамның өмірде болғанының, өмірінің жалғыз куәсі.

Қауіп ойлап қаһарынан құдіреттің,
Шүкірлік соңғыларға содан қалған.
Келгендер мәубетпенен кетіп жатыр,
Ешкімге етпейді баян дүние жалған[3, 16].

Баспан ақынның қызығушылық тудыратын жырлары бұл діни тұрғыдағы ой-толғамдары. Оның пайымдауынша, құдай бүкіл әлемді жаратқан алғашқы құдірет, барлық дүние мен тіршіліктің иесі. Адам өз ғұмырында, ең алдымен, жаратушы құдайды танып, оған бас иіп, құлшылық жасауы қажет.

Жад етелік алдымен,
Он сегіз мың ғаламды,

Жаратқан-егем патшаны[3, 105].

Ақын ойынша, адамға ғұмыр сыйлайтын және оның өлшемін де белгілейтін бір Құдай. Алладан бұйрық келсе, кім де болса, қанша мықты болғанмен, оның әміріне бойұсынып, өмірінің соңы келгенін ұғынып, өлімге бас тігеді. Өлім Алланың жіберген бұйрығы, сондықтан өмірдің өлшемі болып табылатын өлімге саналы түрде дайындалу адамның Алланың алдындағы адалдығын, құлшылығын білдіреді. Өлімге қарсылық білдіру, одан қашуға тырысу адамның құдай деген сенімінің күпірлігін, иманының аздығын, сабыры мен шыдамының кемдігін білдіреді.

Алладан ауқал келген күн,

Кім болса да халің жоқ,

Кимеске үш қат сарпайды.

Қаншама мықты болғанмен,

Ажалдың тисе айбаты,

Әлсіреп әркім шаршайды[3, 106-107].

Ақын ойынша, адамның өмірі де, өлімі да Құдайдың еркінде. Жақынның, ағайынның өмірден кетуі адамға қаншалықты ауыр болғанымен, сабырға келіп, ауыр қайғыны мойынсынып көтеру қажет. Өйткені, ажал алдында адам дәрменсіз, ол Алланың әмірі. Көп болып көтерген жүк жеңіл болды дегендей, бұл пәни дүниеде барлық адамның да қонақ екенін ұғынып, қайғыны да ортақтасып көтеру қажет.

Адамның еткен ісі емес,

Көтермеске әл нешік,

Мойынға тағдыр салғанды.

Ерден жұрат қалдырмай,

Қөрмедік мұндай опасыз,

Дүние шіркін жалғанды[3, 114].

Қазіргі уақытта қоғамымыздағы діни сипаттағы қайшылықтардың орын алып отырғанын байқап отырмыз. Оның басты алғышарттары мен себебі ретінде дінтанушылар мен теолог ғалымдар халықтың діни тұрғыда жеткілікті сауатты еместігін тұжырымдайды. Осы тұрғыда Сыр ақындарының діни ой-пікірлерін дінтанымдық тұрғыдан зертеуді қолға алып, ондағы негізгі тұжырымдар мен қағидаларды қазіргі қоғам өмірімен байланыстыра қайта жаңғыртудың өзектілігі байқалады. Оның бір себебі сыр ақындарының исламның негізгі қағидаларын қазақ халқының өзіндік дүниетанымы мен ділімен, ұлттық ерекшеліктерімен сабақтастыруымен байланысты. Тұрмағанбет ақынның жырларындағы ой-толғамдардың басты өзегі – бұл адам ұғымы, оның өмірі, адамның болмысы. Сондықтан, ақын жырларының басым бөлігі адамгершілік қағидаларына арналған өсиеттерден, өмірлік құндылықтарды түсінуге арналған ой-толғамдардан, адамның шынайы болмысының мәнін ашуға арналған нақылдардан тұрады. Тұрмағанбет жырларының дүниетанымдық мәні, қазіргі заманның өзінде, адамдар үшін өмірлік және адамдық рухани құндылықтарын түсіну тұрғысынан маңызы зор. Шегебай ақын шығармашылығы қоғам мен адам болмысын, өмір мен өлім қатынасын, діни құндылықтар мен құдай болмысын тануға арналған. Ақынның дүниетанымдық ой-толғамдары жан-жақты, сонымен бірге терең мазмұнға иелігімен, діни ілімді насхаттап қана қоймай, терең құдай болмысын тануға ұмтылысымен ерекшеленеді. Өз жырларында ақын ағартушылық пен софылық ілімдерді, адамгершілік қағидалар мен өмірлік, эстетикалық құндылықтарды сабақтастыра білген және сол арқылы кейінгі ұрпаққа толғам мен мағынаға толы нақыл-өсиеттерін қалдырған.

Баспан ақынның ой-дүниетанымының өзегін заман мен қоғам, өмір мен өлім мәні, бірлік пен татулық ұғымдары құрайды. Өз жырларында діни мәселелерге де мойын бұрып, софылық дәстүрдің негізі болып табылатын Құдай болмысын тануға талпынады. Заман мен қоғам тақырыбында заманның азғанына, тектіліктің, ерлердің азайғанына қынжылғанымен, келешекте заманның оңалатынына, ел қорғар ерлердің қайта келеріне сенім білдіреді.

Сейтжан ақын шығармашылығы негізінен ағартушылық бағытқа, адамгершілік қағидаларына, өмір мен өлім мәнін түсінуге, болмысының адам шынайы болмысын, заман мен қоғам ағымын, оның болашық бағдарын тануға бағытталған. Ақын өз ойларында өлім мен өмір мәселесінде олардың диалектикалық бірлігі тұрғысынан қарастырып, бұл екі құбылысты бірінсіз-бірі болмайтын егіз ұғым ретінде қарастырады. Ақын өз заманының ащы шындығын жырлай отырып, кеңестік идеологияның қазақ халқына қарсы бағытталған солақай саясатын өткір сынайды.

Ақын шығармашылығы өткен қазақ қоғамы тарихын, адам мен оның өмірі туралы толғанатын әрбір адам үшін құнды, танымдық мазмұны зор дүние болып табылады.

Сонымен, Сыр сүлейлері шығармаларындағы дүниетанымдық ойлар отандық философияның, дүниетанымның бір бөлігі болып табылады. Отандық ғылыми әдебиеттерде сүлейлер шығармашылығы зерттелгенімен, негізінен әдеби, лингвистикалық, дидактикалық тұрғыдан қарастырылған. Олардың еңбектерінің философиялық, дүниетанымдық мазмұны жеткілікті зерттелген деуге келмейді. Сондықтан, Сыр сүлейлерінің дүниетанымдық ой-толғамдарын, зерттеп, талдап, жарыққа шығару, халық арасында кеңінен насихаттау қазіргі уақыттың өзекті мәселесі болып табылады. Сыр сүлейлері шығармашылығы халық даналығының көрінісі, жыраулар мен ақындар философиясының заңды жалғасы. Мазмұндық және тақырыптық тұрғыдан алғанда сүлейлер мен ақын-жыраулар дүниетанымдарында өзіндік сабақтастық пен үндестік, ортақ экзистенциалдық сарын байқалады. Сыр сүлейлерінің басты көтерген мәселесі адам мен оның болмысы, өмірі мен әлемі тақырыптары. Бұл тұрғыда сүлейлер адами болмысты түсінуде өзіндік ерекше көзқарас танытады. Әсіресе, қызығушылық танытатын мәселе сүлейлер шығармаларындағы өмір мен оның мәні, өмір мен өлімнің диалектикалық бірлігі мәселесі. Мұнда негізінен өмір мен өлім ұғымдарын бірін-бірі мазмұндық тұрғыдан толықтыратын, бір-біріне ішкі мән-мағына беретін мәңгілік бірліктегі заңды құбылыстар ретінде сипаттайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Философия тарихы : Оқулық / Ж. Алтай, А. Қасабек, Қ. Мұхамбетали. - Алматы, Раритет, 2006 ж.
2. Шегебай мен Әлібек ақындар. Алматы, Арыс баспасы, 2007ж.
3. Егізбай Н. Сыр сүлейлері. Қызылорда, 2001 ж.
4. Философия: лекциялар курсы: оқуқұралы / Г. Ж. Нұрышева. - Алматы: Зият Пресс, 2006.
5. Айсауытов Ә. Сыр елінің өнер өрендері. Қызылорда. 1999ж.
6. Әл-Фараби Әбунәсір. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. // Ежелгі дәуір әдебиеті (Құрастырған және өмірбаяндық деректерін жазған А.Қыраубаева). – Алматы: Ана тілі, 1991, – 280 б.
7. Қасқабасов С.А. Төртінші тарау. Рухани мәдениет. Дін. Өнер. 1.Қазақстанның XIII-XV ғасырлардағы рухани мәдениеті. // Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бестомдық. 2-том, Алматы: Атамұра, 1998, – 640 б.
8. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы (Құрастыр. алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев). –Алматы; Ана тілі. 1991, – 288 б.
9. ес ғасыр жырлайды. 2-томдық (Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев) Алматы: Жазушы, 1989. 1-том, – 384 б.
10. Ешниязұлы Жүсіп. Насихат сөзге құлақ сал. Өлеңдер, айтыстар және дастандар. Алматы: Абай атындағы АЛМУ, 2003. – 199 б.

ШЫҒАРМАШЫЛ МҰҒАЛІМ – ЗИЯЛЫ ТҰЛҒА



Ташкенбаева Ақзияш Қазыханқызы **Қызылорда облысы, Шиелі ауданы** **№46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейінің** **орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

«Басқа халықтардан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек».

А. Байтұрсынұлы

Соңғы уақытта "білімділердің заманы" деген тіркесті жиі естіп жүрмін. "Білімділер" біз оқып өскен Ахметке дейінгі мен Ахметтен кейінгі ұлт зиялылары еді.

Жетпіс жыл желкеде тұрып, жүйесін жүргізген патша үкіметі кезінде қазақтың оқығандары көзге көп көрінбеді. Бертінде қоғамда сана сезімі қақпанға түсіп, адалдықты алауыздық, ақты қара, әділдікті алаяқтық алмастырды. Иә, тізе берсең, тізбек көп біздің буынның болашағы – батпақтан тазарған, тегіс жолда кең пейілмен кеңдікке түскен кемел топ. Қош, не айтып жатыр едік. Әңгіме әлқиссасын, білімділер кімдер тақырыбына ауыстырайық...

Ертеңгі күннің дәл бүгінгідей болмайтыны белгілі болса, бір-біріне ұқсамайтын сәттерді жасаушы білімділердің басты қаруы – жиған-терген білімі. Қоғамды алға қарай жетелейтін күдіретті күш ол – білім. Білім бірінші мұғалімнен басталады. Мектептен өрбиді. Бәріміз де мектептен білімді болып шықсақ деп барамыз. Ал, алғаш барып, бәрі де таңсық болып тұрған саған ең алдымен жазу мен оқуды үйретуші ол – мұғалім. "Мұғалім – мектептің жүрегі" дегенді жаттап өстік. Жүрегі ғана емес, іргетасын ұстап тұрушы тірегі. Отыз балаға отыз сөзді жаттатып емес, ғұмырына азық боларлық бір ғана мағыналы ой айтса – ұстазының ұтқаны деп білемін.

Бәріміз де бала күнімізде мұғалім болуды армандадық. Үлкендерден «өлмейтін мамандық» дегенді тағы естідік. Ең оңай, әрі ең жеңіл жұмыс сияқты көрінетін еді ғой сонда. Жоқ, біз қателесіппіз. Бұл жолда жүрекпен, махаббатпен, мейіріммен, ниетпен келгендер ғана жүрсе екен деймін. Болашақ тұлғаларды қалыптастырушы мұғалімдер жан-жақты, білімді, шығармашыл болса екен деймін. Сауатты мұғалім – сауатты тұлға. Шығармашыл мұғалім – зиялы тұлға. Негізінен, шығармашылыққа жаны жақын жандар өмірде жаны нәзік, жүрегі жұмсақ, сұлулыққа сүйсінгіш болып келеді. Ал, ондай адамдар балаға жақсы тәрбие беріп, жағымды ой қалыптастырады.

Балаға білімді бастауыш сатыдан бастап беру керек. Бастауыш кезеңінде баланың тілін, ой-өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту – болашақ игі бастамаларға мүмкіндік береді. Әрине, бар салмақ пен жауапкершілік – бастауыш сынып мұғалімінде. Десек те, мектептің әрбір қызметкері – қызметке ұмтылғыш емес, қызықты сабақ өткізуге, қызықты ойын ойнауға белсенділік танытар ме еді?!

Бала бала кезінде бәріне ұмтылғыш болады: көрсем, білсем, оқысам, үйренсем. Бір емес, бірнеше бағытты қатар ұстағысы келеді. Бұл кезде шығармашыл мұғалім оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу керек. Бұл дегеніміз – оқушының зейінін, есін, қиялын, ойлау қабілетін дамыта отырып, тұлға қалыптастыру.

"Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің ошағына, мұғалім сол ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады" – деген көрнекті педагог В.А.Сухомлинскийдің айшықты сөзі бар. Расында да, жай ғана құр сабақ құнарсыз тамақ сияқты бойына жүкпейды. Ал, қызықты сабақтар мұғалімнің жаңашылдығы, ізденісі, қолданған

әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың бала жүрегінен үлкен орын алады, мәңгі есінде қалады.

Шығармашыл мұғалім – сыртқа тұлғасынан бастап әдептіліктің лебі есіп тұратын, педагогикалық шеберлігі мықты, басқаны түсіне білетін жан. Шығармашыл мұғалім – сыни ойлау деңгейі жоғары, өзгенің пікірін құрметтейтін, үнемі білімін жетілдіріп отыратын, мәдениеті жоғары, эстетикалық талғам және көркемдік мәдениеті жинақталған, жаңалыққа жаны құштар, ең асыл қасиеттер иесі. Бұл – зиялы тұлға бейнесі. Оның рухани байлығы, алдымен, балаға деген махаббатынан көрінеді. Жоғары адамгершілігі мен арлылығынан, ұяттылығынан байқалады. Олар бірсарындылық пен біртүрлілікті қабылдамайды. Айналасында болып жатқан жағдаяттарға бей-жай қарамайды. Өзінің азаматтық позициясы бар, саяси сауаттылығы жоғары маман.

Сондай-ақ, шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизацияны жатқызамыз. А.К.Маркова педагогикалық импровизацияны «күтпеген педагогикалық шешімдерді тауып, оны жүзеге асыра білу» деп түсіндіріп, оның төрт кезеңнен тұратынын атап көрсетеді. Бірінші – педагогикалық ойдың жарқ етуі болса, екінші ережеге педагогикалық мақсаттың мәнін бір сәтте ұғынып, оны жүзеге асырудың жолдарын жылдам таңдай алу жатады. Үшіншіден, педагогикалық идеяны жұртшылық алдында нақтылы түрде көрсете алу қабілеті болса, одан кейін ой қорытып, көрсеткен педагогикалық идеяны тез арада талдай білу ерекшелігі болмақ.

Иә, жалпы, жаңалық ашу өздігінен келе салатын жеңіл дүние емес, қажырлы еңбектің нәтижесі, шындалған шабыттың көрінісі. Шабыт – адамның рухани шырығуы, шығармашылық толғанысы. Мұғалімнің әрбір сабағы шабыттан тұратын, көрнекіліктермен көмкерілген, қызықты һәм қызу тартысқа толы болуы керек. Әрбір сабақ – бір-бір жаңалық.

Өзгермелі қоғамның өзгерісіне бейім жаңа буынның тілін түсініп, тәуелсіз елдің тұтқасын ұстайтындай тұлға қалыптастыру – біздің жауапкершілігіміз. Ғаламтордың ілмегіне қанша ілінсе де, адамдық қасиеттерімен асқақтап тұратын арда ұрпақ тәрбиелеу – біздің міндетіміз. Біз, ұстаздар, еліміздің әрбір бүлдіршіні үшін жауаптымыз. Бәрі де бізден білім алады. Елімнің ертеңі ертегі болсын десең, өзін білім ал. Өзің оқы. Өзің үйрен. Абай атам айтқан "тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ" деген тұжырымға келеміз.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Түрікпенбаева Нұрсәуле

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернаты Қызылорда қаласы

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

«Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз –бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ, ондағы батырлардың ешқайсы бүгінгідей (кеңес дәуіріндегідей) жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне

салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп қарап қалмаған. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: "Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу - мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы" - деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", "патриотизм", ұғымдары сол заманның ақиқаты - наным - сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы - қазақстандық патриотизм болды [1].

"Қазақстандық патриотизм" ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм - Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парастатты ел игілігіне жұмсау, ата-мекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кірсе керек.

Патриотизм идеясының дамуы Аристотель, Платон, Цицерон есімдерімен де байланысты.

Цицерон Отанға деген қатынасты патриоттық санадан іздестіреді. "Ең мәртебелі ой-толғамдар Отанның игілігі жайында болмақ", - дейді Цицерон "Мемлекет туралы диалогінде" [2; 105].

Патриотизм идеясының дамуына француз материалистерінің, неміс философтарының да қосқан үлесі мол.

Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұхар жыраулар, Махамбет Өтемісұлы да өз шығармаларына арқау етті.

Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады.

Отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси -әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Осыған орай Н.Ә.Назарбаев, - патриотизмді "әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау"- деп белгілеген.

Егемендік алған бастапқы күндерден-ақ патриотизм ұғымы, оның мазмұны төңірегінде пікірталас жүріп келді. Одан, "ұлттық патриотизм", "қазақстандық патриотизм" - деген екі ұғымның туындағаны белгілі. Бірақ, өсіп келе жатқан жас буындарды отаншылдыққа тәрбиелеуде бұл екі ұғымның қайсысын ұстанған жөн; олардың мазмұндық құрылымы қандай ой-тұжырымдар жүйесінен тұрады; бұдан былайғы кезде жастарды патриотизмге бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдері, формалары мен мазмұнын қолдануға бола ма?, - деген сияқты көптеген проблемалар туындап отыр.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз.

Біздің пікірімізше, өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін :әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір - бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын - жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең

жырлары, шешендік сөздері колледж білім алушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен - өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек. Білім алушылардың патриотизмге тәрбиелеу мәселелерін зерттеген: С.Ешімханова, Е.Жұматаева, А.К.Ахметов, Д.С.Құсайынова, т. б. ғылыми - педагогикалық, психологиялық, колледждегі іс-тәжірибелерін зерттеп бақылау нәтижесінде колледж білім алушыларын патриотизмге тәрбиелеудің бағыттары төмендегідей мәселелерді көздейді: педагогикалық практикадағы мүмкіндіктерді барынша толық қамтып біртұтас түрде білім алушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау; әртүрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек болатындай сипатқа ие болу, бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен практикасына қатысты қазақстандық, ұлттық тәжірибелермен қоса шетелдік жаңа идеяларды үнемі ашып іс жүзінде қолдану жолдарына көмектесуі керек.

Колледж білім алушыларын патриотизмге тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектерінің қорытындылары іс-тәжірибелерінің нәтижелеріне сүйене отырып, біз патриотизмге тәрбиелеу – білім алушылардың нақты іс-әрекеті, мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алу керек деп ұйғардық. “Қоғамда Қазақстан - біздің Отанымыз, бұл ұғымға өте көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қалыптастыру керек” – деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі терең ойдан туындаған пікір екенін әрқайсымыз жақсы түсінуіміз қажет.

Қорыта айтқанда, білім алушылармен осы жоғарыда баяндалғандай тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, білім алушының көкейіне осындай іс - әрекеттерімен ой сала білсек, үлгі көрсетсек заманға сай, қоғамға керекті азамат отансүйгіш, елсүйгіш азамат елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200
2. А.Құсайынов Білім және Реформа . Алматы 2006.
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. -Алматы «Рауан» 1994ж.
4. Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм. Ақиқат-2000, №8
5. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова «Педагогика» - 2004
6. Ә.Әмірова «Патриоттық тәрбиені қалай түсінеміз?» – Сыныптағы тәрбие, 2009, №4
7. А.А.Сарсенов. «Патриоттық тәрбие». Қазақстан мектебі, 2008, №7

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оспанова Динара Жанузаковна
Т.Рұсқұлова атындағы №222 орта мектебінің психологі

«Бастауыш-білім негізі» деген пікір орынды айтылған, сондықтан білім берудің басты міндеті сапаға зейін аудару, ұғымдар, ережелер, амалдар-педагогикалық іс-әрекеттер арқылы қалыптастырылып, жүзеге асырылуы тиісті. Бастауыш мектеп-баланың дамуының іргетасы қаланатын ерекше кезеңі болғандықтан, олардың алғашқы ұғымдары да осы уақытта қалыптасады.

Бастауыш мектептің жас ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған негізгі мақсаттарының бірі-қоғамға өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, мемлекетіміздің болашақта жан-жақты жетілген, дамыған, табанды жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бастауыш сатыға білім мазмұнын жаңарту және оқу үрдісінің жаңаша ұйымдастыру-сапалы білім беру, оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіруді қамтамасыз ету, анық философиялық, педагогикалық, психологиялық негіздердің терең, жүйелі зерделеу, салыстыруды қажет етеді.

Педагогикалық қолдаудың көрініс формалары – жылы лебіз; құлақ сала білу, қажет болса – кеңес беру; тәрбиеленушіге сенім; оның құқығын қорғау; тәрбиешінің балаға болған қамқорлық қатынасы; шәкірттің қандай да табысын көре танып, оған ұнамды баға беруден жалықпау және т.б.

Педагогикалық қолдау 1) тәрбиеленушілердің баршасына бағытталып, оларға деген қамқорлық пен сенім қатынасында көрінумен өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізеді; 2) жеке тұлғаға бағытталып, оның дамуына, білім игеруіне, тәрбиелілігіне, өз басы жағдаяттарын шешуге жәрдем көрсетіп, азаматтың өзгерістерін диагностикалап бағалауға мүмкіндік береді.

РЕКО оқушының психикалық тұрғыдан өзіндік сипатына тоқтасақ.

Мектепке кірерде бала дене жағынан алға қарай недәуір өріс алып, бұлшық еттері мен шеміршектері және сүйектері недәуір нығайып қалады. Қол бармағының нығаюы \сүйектенуі\ 9-10 жаста қалыптасады да, табаны 10-11 жаста сүйектеніп бітеді. Осының нәтижесінде кіші оқушының 10-11 жасқа толғанша жазуға тез болдырып, қиналады. Сондықтан бастауыш мектеп жасындағыларды жазба жұмысымен көп айналыстыруға, әсіресе бір нәрсені көшіріп жазуға көп уақытын жіберуге болмайды. 7-8 жастың арасында бала жылына 2,5 кг-дай қосады. Биіктігі жылына 5 см өседі. Бұл кезде әсіресе кеудесі көтеріліп, жүрегі мен тыныс органдары недәуір қалыптасып қалады. Бірақ жүрегінің соғуы 84-90-ға дейін барады \ересектердікі 70-72 жиілігімен соғады\ . Осының өзі баланы недәуір қиналдыратын болса да, қан айналыс жүйесінің жұмысынан онан әрі жақсартады. Мұның себебі қан айналыс тетіктері диаметрінің көлемі ересектерден 2 есе артық. Осының нәтижесінде бас миына түтіктер арқылы қан көп құйылады да көп жұмыс істесе де шаршамайтын болады. Бас миының салмағы \7 жастан 11 жасқа дейін\ 1000 гр-нан 1400г. дейін өседі, әсіресе оның маңдай бөлігі недәуір қалыптасады. Маңдай бөлігі ой мен сөйлеудің орталығы болғандықтан осының қалыптасуы балада ақыл-ойдың кеңінен өріс алуына мүмкіндік береді.

Кіші оқушылардың оқу әрекетіне келелілік. Оқуда өзінше әрекеттің бір түрі дегенде бәлендей мазмұнды сөз, не нақты бейне арқылы белсенділікпен ұғынуды айтады. Оқу әрекеті тек білім алуымен шектелмейді. Осыған ептілік пен дағдылану керек.

Бастауыш мектептегі оқу жұмысының әр салаларына бейімделу балада бірден қалыптаспайды. Осыған біраз мерзім үйрену керек. Сонымен қатар балалардың оқуға белсенділігі сабақтарда әртүрлі.

Жеке пәндерден сабақтарды ойдағыдай үлгеру үшін алдымен баланың осыған ықыласы болуы шарт. Оқу ойынға қарағанда қиын болғандықтан балалардың кейбіреулерінің оқуға ықыласы болып жарымайды.

Оларды оқуға үгіттеу арқылы тарту қиын. Сондықтан оқуға деген ықыласты тудыру үшін тапсырмаларды орындата отырып осыдан нәтиже шыққанда мадақтау керек. Орындалған тапсырма үшін қуану, кейін алдағы тапсырманы орындауға түрткі болады.Әдетте,

ықыластың тікелей және жанама түрі бар. Тікелей ықылас оқушының бәлендей нәрсеге қызығуынан болады. Ал жанама ықылас сәл нәрсе қызық болмаса да жалпы сабақ үлгерімін жақсартқысы келгендіктен болады. Ықыластың соңғы түрі кіші оқушылардың өмірінде негізгі рөл атқаруы тиіс.

Кіші оқушылар көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Мысалы, бұлар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Солай болуы осылардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі.

Бастауыш мектепте тапсырма балаларға мынадай екі түрлі жолмен беріледі: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі. Мысалы, тапқыты жаттау үшін соның мәтіні беріледі. Осы мәтінге өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол мәтінге сүйене отырып бала оны жаттап алады.

Ал тапсырманың соңғы түрі өте сирек кездеседі. Баланың оқу әрекеті деп тапсырманы орындаудың бірінші түрін және проблемалық мәселелерді орындай білуді айтады. Осыған әр түрлі пәннен айталық грамматикалық, дүниетану, математикалық т.б. есептер шығару жұмысы жатады.

Әдетте, оқу өзінше бала үшін әрекеттену, яғни проблемалық мәселені шешу дегенде осының мынадай үш сатыдан тұратынын айтады: біріншіден берілген тапсырманың шартымен танысудан, екіншіден, соны орындаудан, үшіншіден, осының қалай \дұрыс, я, бұрыс\ орындалғанын тексеруінен. Пәндер неше түрлі болғандықтан, осы сатыларды орындау түрліше кездеседі. В.В.Давыдовтың айтуынша, оқу әрекеті мынадай бөлшектерден құрастырылады: 1\ тапсырмадан яғни оқу ситуациясынан.

2\ тапсырманы орындаудан.

3\ орындалған тапсырманы тексеру кезеңінен.

4\ баға қоюдан.

Тапсырманы орындау үшін оқушы алдын-ала дайындық жұмысынан өтуі тиіс. Егер бала тиісті дайындық кезеңдерінен өтпей, оның немесе бірнеше тізбегін орындауға үйренбей тастап кетсе, тапсырманы орындай алуы мүмкін емес.

Балаға тапсырма берерде, сол тапсырмаға орай не біледі, нені есіне түсіруді қажет екенін тексеру керек. Егер, тиісті мәліметтерді және не істеуді бала түгел білсе, тапсырманы орындауда қиналмайтын болады.

Ал оқу әрекетінің тексеру кезеңіне келсек, осыған мән берудің үлкен маңызы бар. Күнделікте, кейбір балалардың нашар оқуының себебі тапсырманы орындап біттім деген соң, соның нәтижесін тексермей, сабаққа бірден келуінен мұндай сәтсіздік оқушының кішкентай жасынан бастап осыған мән бермеуінен \оқушының жалқаулығынан\ кездеседі. Ал мұнымен күресті тапсырманы орындаған соң, соның қиыншылықты дұрыс екенін оны тексере білуге үйретсе, балалардың бәрі қатесіз оқитын болар еді. Себебі бала тапсырманы қате орындағанын үйде отырып білсе, уақытын бос өткізбей, сол қатені жоюға әрекет жасаған болар еді.

Кіші оқушылардың ойынына көшелік. Бала мектепке барғанша тек ойынмен айналысып жүреді. Енді оқу оның негізгі қызметіне айналса да, бала ойнауын бірден тоқтатпайды. Бала әлі де бұрынғысындай ойнағысы келеді. Бірақ жағдай өзгергендіктен оның осыған бұрынғысындай көңіл бөлуге мұршасы жоқ. Осының нәтижесінде ойын оның өмірінде бірінші орыннан екінші дәрежедегі әрекетке ысырылады. Осыған орай кіші оқушының бұрынғысынан өзгеріліп көбінесе жаңа мазмұнда кездеседі. әрине, осы жастағының ойыны бұрынғысындай бәлендей маманның \машинистің, дәрігердің, малшының т.б.\ рөлін ойнайды. Бірақ осы ойынының бұрынғысынан өзгешілігі мынадай, сол рөлдердің азаматтық сапасына, айталық қайраткерлігіне, ептілігіне, батырлығына т.б. мән береді. Демек, кіші оқушы «мен Бәленше боламын» демей, сол бейнелердің мінез-құлқын тандап, солардың қайсысы әсем, қайсысы әсем емес екенін ажыратып, өзі соларға еліктеуге тырысады, 1 және 2-3 сыныптағылардың ойыны бірдей емес. 1-сыныпта бала: «Мен ұшқыш болам», «Маған сондай рөл ұнайды» деп айтып, бірақ соны орындауға әрекет жасамайтын болса, 3 сыныпта рөл ойынына еліктеумен шектелмей, соларға орай тиісті қиыншылықтарды жеңуге тырысады. Демек, сөзден сол бейнелерді орындауға көшеді, өзі соларға еліктеп, өзі іс жүзінде төзімді, шыдамды, қорықпайтын, епті айлакер болуы үшін әрекет жасайды. Осы өзін-өзі

тәрбиелеудің бастапқы кезі-бұл ойын мақсатының мүлде өзгерілуі деп түсіну керек. Өйткені ойын бұрын ермек болып келсе, енді кіші оқушы үшін өзін-өзін тәрбиелеудің құралына айналып отыр.

Рөлдік ойындармен да кіші оқушы 2-3 сыныпта айналыса бастайды. Мысалы, шахмат не футбол ойнау. Егер шахмат баланың ақыл-ойын дамытуға әсерін тигізетін болса, футбол қайраткелігін, дене мүшелерінің \қолының,аяғының\ ептілігін дамытады. Футбол ойнау, егер қозғалу ойынның түріне жатса, соның өзі, екіншіден, рөлдік ойынның түріне де қатысы бар. Мысалы, қақпашының рөлін бала атқарып допты торға тигізбеуге әрекет жасағанда, ол рөлдік қызметті атқарып отыр. Мұның солай екені мынадан: кіші оқушы қақпашының рөлін ойнағанда оның үстіндегі киімі, кескіні нағыз қақпашыға еліктейді: қолына қақпашыныкіндей қолғап киеді \басында қорғаныс шлемі бар т.б\, допты торға тигізу үшін керек деген жағдайда, оның үстіне құлайды т.с.с. Осыған қарағанда бала футбол ойнап отырған жоқ, футболшының атқаратын қызметін қайталап отыр. Осындай ойын үстінде баланың күші, ептілігі қалыптасады. Осымен қатар оның ерік-жігерлігі, ұстамдылығы, тәртіпке бағынышты келуі құрбыларымен достық қасиетін ұлғайтуға жәрдем береді. Сондықтан ойынның соңғы түрлері кіші оқушылардың психикалық дамуында ереше орын алады.

Оқушылардың таным процестеріне талдау беруге көшелік. Кіші оқушылардың негізгі таным процестері \қабылдау, зейін, жат пен ес, қиял, ойлану мектепке кіргеннен кейін недәуір өзгерістерге ұшырайды. Соған орай біз талдауды әуелі қабылдаудан басталық.

7 жастағы баланың қабылдауы мектепке дейінгілерге қарағанда недәуір қалыптасып қалаған \көзінің көргіштігі, құлағының естігіштігі т.б. жақсы дамыған\ . Бірақ әлі де болса қабылдауының кейбір жеткіліксіз жақтары да кездеседі. Мысалы, орыс тілінен алынған ұқсас дыбыстарды ф,п немесе б,в, фонемаларын дұрыс ажырата алмайтыны болады. Дидактикалық материалдарды қолданып жаттығуларды орындау, ойындар ұйымдастыру арқылы жаттықтыруға болады.

Баланы қабылдай алуға үйретуде мұғалім негізгі рөл атқарады. Мұғалім бәлендей нәрсені сабақта балаларға көрсеткенде, сол нәрсенің нендей қасиеттеріне мән беруді айтып, қандай нәрсеге назар аударуды ескертіп отырады. Егер қабылдау кезінде ойланып, ненің негізгі, ненің екінші дәрежедегі қасиет екенін ажырататын болады. Баланың қабылдауында, мысалы, сәнді қабылдау \тыңдау\ мен нақты затты қабылдаудың арасында недәуір айырмашылық бар: нақты затты қабылдау бірінші сигнал жүйесіне әсер етеді де, сөзді қабылдау екінші сигнал жүйесінің қызметі болып есептелегенді. Дамудың бұл түрі баланың әр түрлі объектілерді қабылдай алуына жағдай туғызады. Солай болса да, ілгеріде айтылған кіші оқушының қабылдауындағы жеткіліксіздіктер біразға дейін сақталынады.

Кіші оқушының зейіні де қабылдау сияқты әуелгі кезде терең дамыған. Зейін, әдетте, ерікті және еріксіз түрлерге бөлінеді. Бала не қызық соған мән беретін екендігінен оның еріксіз зейінінен басым келеді.

Оның еріксіз зейіні әсем бояулар не заттар немесе ұйқастырып айтқан сөздер өзіне тартқыш келетінен мұғалім мүмкінлігінше сабақты қызықтыруға барлық күшін салады. Осы бөтен болғанымен, сабақтың барлық жағын қызықтырамын деп баланы осыған әдеттендірсе, оның ерікті зейінін қалыптастыруға кедергі жасайды.

Егер мақсат жаттау болса, осыны қандай тәсіл қолданып-бөлшектерге бөліп, не тұтас жаттауда көбінесе білмейді. Ал мақсат тапсырманы өз сөзімен айтып беру болса, оның қалай орындаудың жолын білмей қиналады. Себебі өз сөзімен айтып беру дегенде, соны қысқартып не бәрін қалдырмай айтып беру керек екені бала үшін түсініксіз келеді. Сонымен қатар осы екі жағдайдың екеуінде де мәтінді қандай тәсілмен қолданып, жаттау, не есте қалдыруды білу керек. Оқушылардың психикалық әрекеттеріне басшылық жасай білу үшін төмендегідей ойындарды ұйымдастыруға болады.

Сынып ұжымының психологиялық диагностикасы

Оқушыларды мінездемесіне байланысты топтарға жинақтау керек, осы жағдайда топ денгейлігі тоқтамай жылжып, жемісті еңбек нәтижесін берді. Оқушылар алдарындағы қағазға өз қабілетін, қасиеттерін «+» және «-» таңбасымен белгілеп отырады.

Ең көп «+»-мен немесе «-» керсінше жинақтап, мінездемесін алуға болады.

Ұжым қызметіне мінездеме (мектептік нұсқа)

Солтүстік (өжет сарбаз)

1. Сенімді, мінезді.
2. Басқаларды басқаруға жетекшілік етуді ұнатады.
3. Тез сезінеді, табанды шешім қбылдауға итермелейді.
4. Күрделі сұрақтарды шешуді жақсы көреді
5. Қорғанысқа тез шығып, дауласып, өз үстемдігін дәлелдей алады.
6. Шыдамсыз, жедел шара қолдануды қажет етеді.
7. Арманының орындалуын және оның мұң-мүддесін қолдап, сыйлап, өзіне бағынғанын қалайды.
8. Өз мақсатына жету үшін басқалардан «аттап» өтеді.

Оңтүстік (адамгершілігі жоғары, ашық адам)

1. Әркімге бір сенгіш, ашық және қорғансыз.
2. Басқа адамдарды және олардың ойын бағалайды.
3. Қоғамдық және жеке бос мәселелерінде өнегелі.
4. Әсершіл, сезімтал.
5. «Жоқ» деп айта алмайды, адамдар тілектеріне тойтарыс береді.
6. Мәселелерді жасырып, бар кемшіліктерді мойнына алады.
7. Адамға түңілгіш, адамгершілік қасиеттен бұрын іскерлік қарым-қатынасты бағалайды.
8. Арада қарым-қатынасты ашық шешу кезінде екілінеді (ашуланады).

Батыс (танымдылыққа ұмтылушы)

1. «Иә» және «жоқ» деп салмақтауды ұнатады.
2. Бәрін сараптайды, ойша салыстырады.
3. Жұмысты орындағанда, басқалардың көзқарасымен практик ретінде көріеді.
4. Адамдардың жан-сезімін түсінгіш, ілтипатты.
5. Қырсығып, өз айтқанында тұрады.
6. Табандылық көрсете алмайды.
7. Екінші дәрежелі жұмыстарды істеп, керек емес мағұлмат жинауы мүмкін.
8. Тәжірбие жасауды ұнатады.

Шығыс (шығармашылықты ұнатады, ойлаптапқыш, жандандырғыш)

1. Үлкен қиялшыл адам, кез келген мән-жағдайды картина сияқты көреді.
2. Идея беруді ұнатады.
3. Өз өміріндегі орнын, алдына қойған мақсатын біледі.
4. Жеңіл жаралғанғыш.
5. Өз жауапкершілігіне көп істі алып, уақыт жетпеуіне байланысты аяқтамауы мүмкін.
6. Кез келген істі энтузиазммен алады, бірақ бастаған істі орта жолда қалады.
7. Болашағы туралы көп ойлайды.
8. Өнерге деген қызығушылығы бар.

Қызықты ойындар

- 1. Айна** – жұппен ойнау. Осы сәтте жүргізуші – ойынсеріктің еркімен, оның жасаған қозғалыстарын қайталау қажет. Ауызша емес дағдылар дамиды.
- 2. Соқыр және жетекшісі.** Жетекші соқырды жолдан өтуді сөйлесіп келе жатып, түсіндіреді, көрсетеді.
- 3. Қол арқылы сөйлесу.** Ойынға қатысушылар қос-қостан көзі байланып, бір-біріне қарама-қарсы отырады. Ойынсеріктер бірін-бірі білмейтіндей етіп отырғызамыз. Қолдары арқылы сәлемдеседі, ренжіседі, ұрсысады, татуласады, қоштасады. Осыдан кейін байлаған танғыш шешіліп, ойынсеріктері өздері алған әсерлерімен бөліседі.
- 4. Ойлап тап, ол кім?** – “Егер бұл адам, үй, сурет, ауа райы, гүл, жол көлігінің бір түрі болса — ол кім және қандай болар еді?” деген жүргізуші сұрақтарына ойын қатысушылар өздерінің теңеулерін ұсынады. Есік артында тұрған бала бұл адамды табу керек.
- 5. Жаңылыс** – бір-бірімен қол ұстасқан ойынға қатысушылар бір-бірімен шырмаласады. Жүргізуші байланған түйінді шешеді.

6.Космос аппараттарының тоғысуы. Ойын 4 адамнан тұратын топпен өтеді. Ойынға қатысушының екеуі тізе түйістіріп отырады да, көздерін жұмады. Оң қолдарының сұқ саусақтары – космос станциялары, осы отырғандардың артына тұрады да, олардың иығынан қысып, босатып, дабыл қағылғанда қолының қозғалысын меңгереді. Отырғандардың мақсаты – ойын серіктерінің саусақтарын түйістіру.

— Нұсқа – ракетадан нысанаға ату, нысана – ойынсеріктерінің алақаны.

— Робот нұсқасы – жүргізуші оператордың ”робот” деген команда бергенде, жерден сіріңке шилерін жинайды. ”Робот” өте дәл қозғалады және мүлтіксіз орындайды. Жүргізуші операторлар барынша көп іс-әрекетті меңгерсе, ойын ойдағыдай өтеді.

7.Кеден – елге рұқсат берілмеген тауар әкелетін екі бұқпа саудагердің ішінен біреуін табу керек. Шетелден келген қонақтар кеденшілердің көңілін басқа жаққа аудару үшін аңыз айтады.

8.Кім қалай апарды? — Топқа алатын адамға мінездеме нақты жағдайлар туралы мысал: «Көлікте келе жатқанда, біреу аяғын басып кетті...», ”Оның анасы ауырып қалды...”, “Оны бастыққа шақырды...””, т.с.с.

Ата-аналармен танысу үшін сауалнама

1. Қымбатты ата –аналар, сауалнама сұрақтарына жауап беруіңізді сұраймын. Бұл ата-аналар ұжымымен және сіздердің балаларыңызбен келешектегі бірлесіп істейтін жұмысымызға көмек болады.

1.Оқушының аты жөні _____
2.Бос уақытында қандай жұмыспен айналысады (үйірмелер, әуестілігін атау керек) _____
3.Денсаулық жағдайы (неге көңіл аудару керек) _____

4.Баланы не мазалайды (психологиялық мәселелер) _____

5.Сіз мұғалім білу қажет деп есептейтін керекті мәліметтер _____

2.Екі топтың жұмысының қайсысына қатысқыңыз келетініне ниетіңізді білдіріңіз:

1.”Шығармашылық” – демалыс, жексенбі күндерінде өтілетін мәдени бағдарламалардың және мерекелердің қойылымының зертемелерін жасауға көмектесу _____

“Сынып қоры” – сынып шежіресін жасау, қаражатты бөлу, қаржылық қызмет _____

2. ”Біздің үй” – мерекелерге сыйлық алу, мектеп пен сыныптың тұрмыстық мәселелерін шешу _____ Жауаптарыңызға рахмет!

Мұғалім _____

Сіздің балаңыз қабілетті ме?

Осы тест ата-аналарға балаларының қабілет зеректігін білуге көмектеседі.

Әр бала өзіне ғана тән қылықтарға ие. Осы қылықтар баланың жас кезінен біліне бастайды. Ол қылықты жаңа басталғаннан түсініп, біліп, ”жеті мөрдің” астында жатқада өкінбей, дұрыс тәрбие беру – әр ата-ананың борышы.

Сонымен, сұрақтар:

1.Сіздің балаңыз 6 жасқа жетпей оқуды үйренді:

а-өз бетінше-7 ұпай;

б-біреудің көмегімен- 5 ұпай.

- 2.Көп оқиды, өте жылдам – 2 ұпай.
- 3Сөздіктермен және энциклопедиямен жұмысты өзі немесе біреудің көмегімен істейді.—2 ұпай
- 4.Оқуды тез үйренеді, бірақ оқығанда қиналады.- 1 ұпай.
- 5.Есікті жауып, сабағын оқиды, ал жолдастары өзінен үлкен -2 ұпай.
- 6.Өзінен үлкендермен тепе-тең жағдайда сөйлеседі -2 ұпай
- 7.Өте көп біртума сұрақтар қояды, үлкендердің өздері жауап бере алмай, тұйыққа тіреледі- 2 ұпай
- 8.Өзінің жауабы тосын сұрақтарға да әрқашан дайын – 1 ұпай.
- 9.Кейде ұмытшақ болғанымен, таңқаларлық тапқырлықпен кез келген нәрсенің қорытындысын айта алады (айталық кинофильм, телехабар көргенде, біреуді бақылағанда т.с.с.) — 2 ұпай.
- 10.Айналаны қоршаған әлем туралы риза болып,әңгіме дүкен құрады, табиғат құбылыстарына өз бағасын бере алады -1 ұпай
- 11.Көп күш-жігерді керек етпейтін біркелкі күнделікті жәйттерге селқос қарайды -1 ұпай
- 12.Кез келген әділетсіздікке барынша сезімталдықпен қарайды – 2 ұпай.
- 13.Әзіл-оспаққа өте жақын -2 ұпай.
- 14.Пікір алысқанда оның сөздік қоры өте бай, әңгімелескенде әртүрлі терминдерді епті пайдаланып, айналасындағы адамдарды өзінің пайымдау деңгейімен таңқалдырады – 2 ұпай.
- 15.Күрделі ойындарды ұнатады (зеректікті қажет ететін ойындар: шахмат, т.с.с.)—2ұпай.
- 16.Мектепке баруға дайындалып жүр, бірақ жоғары сынып оқушыларының оқып-үйренетіне қызығады – 1 ұпай.
- 17.Түрлі іс-әрекетті жақсы көреді, бірақ әрқашан кез келген мәселені өзі дербес шешкенді ұнатады – 2 ұпай.
- 18.Оны бастапқы тұрмыс, адамның шығу тегі қызықтырады – 2 ұпай.
- 19.Мектепте өз күшімен оқып жүр, жылдам ұғады, түсінеді, сонымен бірге көптеген сұрақтар бойынша өз ой-пікірі бар – 2 ұпай.
- 20.Оның музыкаға, қолданбалы өнерге,айналаны қоршаған ортаға деген қызығушылығы бар. Сезімталдықпен қарап, бәрінің үйлесімділігін қалайды – 2 ұпай.

Тестің қорытындысын шығару.

Енді сіздердің оған қанша жинағандарыңызға байланысты жауапты соншалықты дәлдікпен қайтаруға тырысыңыздар.

Егер сіздер:

-1-13 ұпай – сіздің балаңыздың белгілі қаблеттілігі бар.

-14-одан да көп ұпай –балаңыз ерекше зерек, сізге балаңыздың оқуын, тәрбиесін ары қарай дамыту үшін не істеу керектігін ойлау керек.

Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіру арқылы қоғамда өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын,үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, еліміздің болашағы үшін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға негіз қаланады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тұрғымбаева Ж.М. « Кіші жастағы оқушының ұжымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру» — Астана «Элит орталығы», 2004.
2. Төлебаева Х.Т. « Кіші жастағы оқушының ұжымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру» — Астана «Элит орталығы», 2004.
3. Нұрбекова Г.Н. « Кіші жастағы оқушының ұжымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру» — Астана «Элит орталығы», 2004.
4. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика.-Алматы «Рауан», 1992.
5. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Методология 12-летнего образования. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2003
6. Омарова Р.С. и др. Организация воспитательной работы на начальной ступени 12-летней школы. Методическая рекомендация. – Астана, 2003

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Жаңабаева Райхан Аманқызы

Е.Н.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп – интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мектеп: Е.Н.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп - интернаты		
Мұғалімнің аты-жөні: Жаңабаева Райхан Аманқызы		
I бөлім: Орфография.Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы		
Сабақ тақырыбы: Латын графикасына негізделген қазақ жазуы		
Сынып: 8 «А»	Пәні: қазақ тілі	
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	8.3.5.1 Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін(аннотация) жазу және ойды жеткізе білу; 8.4.1.1.Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: оқылым материалы бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап айтады.Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі құрама атауларды анықтайды. Оқушылардың басым бөлігі: мәтіннің баяндалу желісін сақтай отырып, алынған ақпараттарды анықтайды.Мәтіндегі күрделі атауларды орфографиялық нормаға сай жазады. Кейбір оқушылар: Оқылым материалдарынан алынған ақпараттар бойынша мәтін жазады. Орфографиялық нормаға сай жазады түрлендіреді.	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін жазады . Бас әріппен жазылатын күрделі құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазады.	
Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылар: жазылым Сөз тіркестері: әліпби жүйесі, латын графикасы, қазақ жазуы т.б.	
Ойлаудағыларының деңгейі	Қолдану	
Құндылықтарды дарыту	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Ұлттық тіл тарихының қалыптасу жолымен танысу, оның тарихи маңызын ұғыну.	
Пәнаралық байланыстар	Әдебиет. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт жанашыры Тарих. Тарихтағы тұлғалардың рөлі,ұлт үшін жасаған еңбегі.	
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, слайд, компьютер	
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Қысқарған жалқы есім туралы біледі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 1 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесіп, арнайы жасақталған топтарға бөлу	Бұқаралық ақпарат көзері «Интервью» әдісі 
3-4 мин	Үй тапсырмасын тексеру.  «Интервью» әдісі арқылы.	
	Мұғалімнің бағалауы: атқарылған жұмыстарға ауызша	

комментарий жасау

Ортасы

Жаңа сабақ

Біздің заманымыз – жазу заманы:
жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден
артық дәрежеге жеткен заман.
А.Байтұрсынұлы

«Қанатты
сөздер»
жинағы

2-3 минут

Миға шабуыл. Тақырыпты түсінуге, тапсырманы орындауға
«Суретті сөз» арқылы бағдар беремін.
-Латын графикасы туралы не білесіндер?

Интербел-
сенді
тақтадан
көрсету



5-6 минут

Латын графикасы туралы түсінік қалыптастыру.

- 1.1929 жылға дейін араб әліпбиі
- 2.1929-1940 жылдар аралығында латын әліпбиі
- 3.1940 жылдан бері қарай латын графикасына негізделген әліпби қолданылып келеді.

Мемлекет басшысы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізді.


Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, № 50-51-52, 326-құжат) өзгерістер енгізілді.


Ақорда, 2018 жылғы 19 ақпан № 637

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
әліпбиі

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	А а	[a]	17	Ñ ñ	[ɲ]
2	А́ а́	[ə]	18	О о	[o]
3	В в	[b]	19	Ó ó	[o]
4	Д д	[d]	20	Р р	[r]
5	Е е	[e]	21	Q q	[k]
6	Ғ ғ	[f]	22	Р р	[r]
7	Г г	[g]	23	S s	[s]
8	Ғ́ ғ́	[f]	24	T t	[t]
9	Н н	[x], [h]	25	U u	[y]
10	І і	[i]	26	Ú ú	[y]
11	І і	[ɪ], [j]	27	V v	[v]
12	J j	[ʒ]	28	Y y	[ɣ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

Мәліметті
стендімен
байланыст
ыру

<p>3-4 минут</p>	<p>1-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіннің әр бөлігінен маңызды ақпараттарды іріктеп, негізгі ойды анықтап жазып алу, айту. <i>Кооператив</i> – мүшелерінің қаражатын ортақтастыру принципіне негізделген ұйым.</p>	
<p>3-4 минут</p>	<p>2-тапсырма. «Quizlet» бағдарламасы арқылы компьютермен топтық сәйкестендіру тапсырмасын орындау</p>  <ol style="list-style-type: none"> 1. Қай жылы латынға көшу қажет деген мәселе күн тәртібіне қойылды? 1920 жыл 2. Латыншылдар ұйымдары қайда құрылды? Мәскеуде, Ташкентте 3. Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезі қандай мақсатта ұйымдастырылды? Әліпби ауыстыру мәселесін талқылау 4. XX ғасыр басындағы "арабшылдар" мен "латыншылдар" пікірталасы қанша уақытқа созылды? 7-8 жыл 5. Жаңа қазақ әліпби орталық комитеті қашан құрылды? 1927 жылы 19 қарашада 6. Жаңа қазақ әліпби орталық комитетінің төрағасы? Нұрмақов Нығмет 7. "Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі мемлекет әліпбиі деп саналсын" деген қаулы қашан қабылданды? 1929 жылы 24 қаңтарда 8. Газет, журнал, кітаптар латын әліпбиінде қашан басылды? 1930 жыл 9. Латын таңбалары қазақ елінде қанша уақыт қолданыста болды? 10 жылдан астам 10. Кириллица қарпіне нешінші жылы ауыстырылды? 1940 жылы <p>Бағалау: уақыт тиімділігі жағынан алғаш орындаған топ мүшелерін мадақтау</p>	<p>Акт</p>
<p>3-4 мин</p>	<p>3-тапсырма. «Сөзден тақырыпқа» әдісі арқылы А.Құнанбаев өлеңдерінің сөзінен өлең тақырыбын анықтап, латын әліпбиі нұсқасында жазу</p> <p>Бағалау: мұғалім мадақтамасы</p> <p>4-тапсырма. «Айналым бекет» әдісі.</p>	<p>Үлестірме қима қағаздар</p>



Күрделі - құрама атаулардың әр тақырыптық тобына мысалдар келтіріңдер.

(интербелсенді тақтандан ой тастайтын суреттер көрсетіледі)

1-топ.Қосарланған жалқы есімдер.

2- топ.Тіркесті жалқы есімдер.

3- топ.Біріккен жалқы есімдер.

4- топ.Күрделі жалқы есімдердің ережесін плакатқа түсіріп, бір ғана мысал келтіріп латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиімен жазады. Орындаған жұмыстарын бір-бірімен алмасып, әр топ бір ғана мысалдан жазып, толықтырып отырады.

Бағалау: «Мадақтау смайлигі»



Тілдік бағдар. Күрделі – құрама атаулардың тақырыптық топтары жайлы мәлімет беру.

Күрделі –құрама атаулардың тақырыптық топтары.

1.Ертегі, аңыз, миф, әпсанакейіпкерлернің аттары: Ай астындағы Айбарша сұлу т.б.

2.Тұрақты эпитеттен келген жалқы есімдер: Ақсақ Темір, Ер Қосай т.б.

3.Титулмен, құрметті атақпен келген кісі аттары: Шапырашты Наурызбай, Үкілі Ыбырай т.б.

4.Географиялық терминмен келген жер-су аттары: Абай асуы, Арал өңірі т.б.

5.Анықтауышы тұрақты жер аттары: Ақ Ертіс, Таулы Алтай т.б.

6.Тірек сөздермен келген атаулар: ҚР Ұлттық Банкі т.б.

7.Қысқарған сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы - ҚХА

8.Мемлекеттік наградалар, құрметтіатақтар, сыйлықтардың атаулары: «Еңбек Қызыл ту» ордені, Кеңес Одағының Батыры т.б.

9.Сәулет, мемориалдық ғимарат, көше, алаң, даңғыл, кешендерінің, мәдениет үйлерінің, сауықтыру орындарының атаулары: Қабанбай батыр көшесі, Ә.Қастеев атындағы мұражай т.б.

10.Мерекелер мен атаулы күндердің аттары: Тәуелсіздің күні т.б.

11.Ғаламшарлардың, жұлдыздардың, шоқжұлдыздардың, метеориттердің аттары: Есекқырған, Жетіқарақшы т.б.

12.Дәуір, кезең, мәдениет, ескерткіш, тарихи оқиға атаулары: Ақ

<p>3 минут</p>	<p>Орда, Хиуа хандығы т.б.</p> <p style="text-align: center;">Бір жауапты және көп жауапты тест тапсырмасы</p> <p>1. «Ер Тарғын» жырының композициясы шебер құрылған және тілі өте көркем. Сөйлемдегі жалқы есімнің түрін белгілеңіз.</p> <p>А.Аффикстік тәсіл В.Дербес мағыналы сөздердің бірігуі С.Эпитетті сөздің тіркесуі Д.Қосарлану арқылы Е.Қысқару арқылы</p> <p>2. Атаулардың шығу, қалыптасу жайын қарастыратын саланы белгілеңіз.</p> <p>А.Ономастика В.Топонимика С.Этнонимика Д.Зоонимика Е.Теонимика</p> <p>3. Аффикстік тәсіл арқылы жасалған жалқы есімді белгілеңіз.</p> <p>А. Біржан сал В.Жанқожа С. Бұхарбай Д.Төлеген Е.Тарғын</p> <p>4. Ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби-мәдени өмірін жыр еткен дастандарды белгілеңіз.</p> <p>А.«Қалқаман-Мамыр» В.«Білге қаған» С.«Алпамыс» D.«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» Е. «Тоныкөк» F«Қобыланды» G.«Айман-Шолпан» Н. «Күлтегін»</p> <p>5. Эпитеті алды-артына келіп бірге айтылатын кісі аттарын белгілеңіз.</p> <p>А.Ақсақ Темір В. Алпамыс С.Жиренше шешен D.Қойшыбай Е.Ақбала Ғ. Ақан сері G.Қобыланды H.Күнекей</p>	
-----------------------	---	--

	<p>Жауаптары</p> <p>1. С 2. А 3. С 4. В,Е,Н 5. А, С,Ф</p> <p>8-9 балл – 5 6-7 балл-4</p>	
<p>Аяқталуы</p> <p>2 минут</p> <p>1 минут</p>	<p>5--тапсырма.Кім жылдам? Табылған жауаптар арасынан әр топқа 2 сөзді латын әліпбиі нұсқасында жазғызу</p> <hr/> <p>1.Бір заттың басқа бір затқа тәуелді екенін білдіретін жалғау түрі (тәуелдік)</p> <p>2. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, басқа сөз таптарымен тіркесіп, сол сөз таптарының мағыналарын толықтыратын, айқындайтын, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын сөз табы (шылау)</p> <p>3.Етістіктерше және есім сөздерше түрленетін, солардың қызметін атқара алатын етістіктің ерекше түрі (есімше)</p> <p>4.<u>Сөйлем</u> ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі кейбір <u>буың</u>, <u>дыбыстардың</u> басқа тілдік бөліктерден ерекшеленіп, көтеріңкі айтылуын қалай атайды? (екпін)</p> <p>5. Сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстар тобынан жасалған фонетикалық бөлшек (буын)</p> <p>6.Сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөзтұлғаларының қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір саласы (морфология)</p> <hr/> <p>Үйге тапсырма. Жалқы есімдерді қолдана отырып бес сөйлемді латын графикасының негізінде жазу.</p>	
Қосымша ақпарат		
<p><u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</p>	<p>Білім алушылардың жеке қабілеттері мен қажеттілігін ескере отырып, түрлі деңгейдегі топтар үшін оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін саралап тапсырмалар беруді жоспарладым. Білім алушының оқуға деген ішкі уәжіне қолдау көрсету мақсатында саралау тапсырмаларын ұйымдастырдым. Сабағымның ұйымдастыру кезеңінде ынтымақтастық орта құрып, «Интервью» әдісін қолдану арқылы өткен сабаққа шолу жасаймын.</p> <p>Топтық жұмыс барысында топтағы көшбасшы топқа бағыт-бағдар беріп,мақсатқа жетелеп отырамын.Оқушыларға бірдей тапсырма берілгенмен,орындау барысында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға түрлі қолдау көрсетемін.«Сенде аз болса да ілгерілеу бар, әлі де де болса, саған анықтамаларды, терминдерді, т.б. меңгеруге көңіл бөлуің керек деп» қолдау көрсетіп отырамын.Қабілеті жоғары оқушыларға қосымша ақпарат жинауға тапсырма беремін. Қосымша ресурстар ұсынамын. Сөздік қоры молайып, шығармашылық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады.</p>	

	Сабағымда «Айналмалы бекет», «Сөзден тақырыпқа» және «Quizlet» бағдарламасы арқылы сәйкестендіру т.б. тапсырмаларын қолданамын.
Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	Сабак барысында оқушылардың жеке, жұптық, топтық жұмыстары қалыптастырушы бағалау арылы жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау білім алушының алға ілгерілеуіне, нәтижеге қол жеткізуіне, ынталануына ықпал жасайды. Сондықтан, жоспарланған сабақта, комментарий жасау, шапалақ арқылы бағалау, мұғалім мадақтамасы, смайлик арқылы бағалау және электронды бағдарламаның уақыт бойынша бағалау түрін қолданамын.

ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ – ОТАНШЫЛДЫҚ, ЕЛЖАНДЫЛЫҚ, ҰЛТТЫҚ САНА, ҰЛТТЫҚ НАМЫС ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры
ф.ғ.к М.Н.Қойшыбаев*

*Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының 1 курс
магистранты Төлеби Ақтурсын Төрәліқызы*

Азаматтық тәрбие сана-сезімді, дүниетанымды қалыптастырудан басталып, саяси идеялық тәрбие арқылы отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа әкеледі. Отансүйгіштік, ұлтжандылық, отансүйгіштік, отаншылдық деген сөздер бір ұғымды білдіреді. Отансүйгіштік - отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту. Отансүйгіштік грек тілінен patriotes-отандас, patris-отан, туған жер деген ұғымды білдіреді. Отансүйгіштік - адамның бойындағы сезімге байланысты. Шәкірттердің сол сезімін ояту, өзін өз елінің азаматымын деп сезіне білу, өзінің бүкіл елімен және халқымен туысқандығын сезу, адамды қолдап, отыратын өзінің күші мен мүмкіндіктерін, сенімін нығайтатын ең күшті сезім болып саналады. «Отансүйгіштік» ұғымы елдің саяси құрылысына, оның саяси мекемелеріне сүйіспеншілік пен халықтың құрамын, өзі өмір сүріп отырған мәдени ортаға (мәдениетке, адамгершілікке, елдің әдет-ғұрпына) халықтың сүйіспеншілігін, өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортаға (елдегі әлеуметтік-экономикалық қатынастарға, оның еңбек жағдайларына) халықтың сүйіспеншілігі мен құрметін қамтиды. Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеттеріне:

- Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір ұлт өкілдеріне ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік сезімді түсіндіру;
- Қазақстанда қызмет етуді мойындату;
- Қазақстанды ішкі немесе сыртқы жаудан қорғауға дайындау.
- Қазір буржуазиялық, пролетариаттық отансүйгіштік жоқ. Әр мемлекет өз мүддесін қорғайды. Сондықтан елдік, отандық отансүйгіштік немесе отансүйгіштік тәрбие бар [1; 78].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген қоғамда жаңа идеология қалыптастыру керек болды. Бұл идеологиялардың негіздерін «отансүйгіштік», «қазақстандық отансүйгіштік» және «ұлтжандылық» ұғымдары құралады.

Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық отансүйгіштік ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық отансүйгіштік - Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парастатты ел игілігіне жұмсау, ата-мекен мүддесіне

арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық отансүйгіштік құрамына кірсе керек [2; 236].

Отансүйгіштік идеясының дамуы Аристотель, Платон, Цицерон есімдерімен де байланысты. Цицерон Отанға деген қатынасты патриоттық санадан іздестіреді. “Ең мәртебелі ой- толғамдар Отанның игілігі жайында болмақ”, -дейді Цицерон “Мемлекет туралы диалогінде”. Отансүйгіштік идеясының дамуына француз материалистерінің, неміс философтарының да қосқан үлесі мол. Орыс революционер – демократтары да көптеген құнды идеялар көтерді. Ж.Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр Әл-Фараби, М.Қашғари т.б. еңбектерінде келелі, пікірлер айтылған. Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұхар жыраулар, М.Өтемісұлы да өз шығармаларына арқау етті. Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады. Отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси -әлеуметтік құбылыс [3; 225].

Мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, дәстүрін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс секілді тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге, құрметтеуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отансүйгіштікке тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек. Мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелерін зерттеген: С.Ешімханова, Е.Жұматаева, А.К.Ахметов, Д.С.Құсайынова т. б. ғылыми - педагогикалық, психологиялық, мектептегі іс-тәжірибелерін зерттеп бақылау нәтижесінде мектеп оқушыларын отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеудің бағыттары төмендегідей мәселелерді көздейді: педагогикалық практикадағы мүмкіндіктерді барынша толық қамтып біртұтас түрде оқушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау; әртүрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек болатындай сипатқа ие болу, бұл бағытта жас буынды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориясы мен практикасына қатысты қазақстандық, ұлттық тәжірибелермен қоса шетелдік жаңа идеяларды үнемі ашып іс жүзінде қолдану жолдарына көмектесуі керек. Мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектерінің қорытындылары мен тікелей мектеп практикасындағы мұғалімдердің іс-тәжірибелерінің нәтижелеріне сүйене отырып, біз мектепте отансүйгіштікке тәрбиелеу; оқушылардың нақты іс-әрекеті, мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алу керек деп ұйғардық [4; 350].

Отансүйгіштікке тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Сондықтан оқытушылар өз қызметінде біріншіден терең отансүйгіштік – Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген сүйіспеншілік; екіншіден - халықтар достығы идеясын ұстану және насихаттау. Адамгершілікті, өркениетті отансүйгіштік қашан да халықтар достығының идеясымен, тәжірибесімен үндесіп жатуы тиіс. Соның бір айғағы жылда өткізілетін Халықтар достығы фестивалі. Демек отансүйгіштік – қоғамдық сананың бір формасы, ол қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығы түседі.

Ежелгі грек елінде пайда болған патриот сөзі дүниежүзілік қауымдастықтың даму тарихына және мемлекеттерді саяси жағдайға байланысты сан алуан сипат пен мағынаға ие болып отырған. Ежелгі грек ғұламалары Аристотель, Платон, Цицерон XVIIIғасырда француз материалистері, неміс философтары, орыс революционер-демократтары, қазақ ағартушылары Ш.Уәлихановтың,

Ы.Алтынсаринның, А.Құнанбаевтың еңбектері мен шығармаларын еліне, жеріне деген ұлтжандылық және отансүйгіштік сүйіспеншілік көрініс тапқан. Отансүйгіштік тәрбиенің негізгі мақсаты-жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын айқындайтын саяси моральдық, кәсіптік шынықтыру салаларымен қалыптастыру [5; 109-111].

Қазақ халқының батыры, халық қаһарманы Б.Момышұлы «отаншылдық – Отанға, елге деген сүйіспеншілік, құрмет, жеке адамның аман-саулығы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, қысқасын айтқанда, отансүйгіштік дегеніміз- мемлекет деген ұғымды, оны жеке адам мен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағы мен қарым-қатынасын біріктіреді», - деп атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ соңғы жылдардағы педагогикалық зерттеулерде жастарды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеудің теориялық тұстарының ескерілмей келгені де байқалады. Міне, осы проблемалардың бәрі отансүйгіштік тәрбие мәселесінің белсенділігін көрсетсе керек [6; 72-73].

Қазіргі егеменді ел жағдайында жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу, олардың елін, жерін сүйетін, ана тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету - бүгінгі мектептің басты мақсаты деуге болады. Қазақстандық отансүйгіштік ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен, егемендігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық отансүйгіштік ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Психологияда адамның жан-дүниесі, сезім әрекеттеріне екінші сигналдық жүйенің ықпалы мол екендігі айтылады. Бұл ретте мектептердің отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдарын қарастыра келіп, олардың жалпы оқушылардың сана - сезіміне ықпал ету, іс-әрекеттерін ұйымдастыру бағыттарында жүргізілгендігін анықтадық. Ұйымдастыру жұмыстарын осы бағыттар бойынша топтастырсақ, олар былайша бейнеленеді: дәріс, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер, әңгіме кітаптар бойынша оқырман конференцияларын ұйымдастыру, ойын-сауық кештері, мұражайларға материалдар жинау фото қалқаншалар, фотоальбомдар жасау тағы басқа іс-әрекеттерді ұйымдастыруға бағытталған. Тәрбиелік іс-шараның бағыттары «ұлтжандылық, ұлттық отансүйгіштікдік» сананы қалыптастыру болса, ол-ар, намыс, ождан, қарыз, парыз секілді тағы басқа ұғымдар мен түсініктерді нақтылауды; олар туралы оқушы білімдерін жетілдіруді және олардың ауқымын кеңейтіп, тереңдетуді; сөйтіп Отан, мемлекет, ел, ұлт, халық, атамекен секілді киелі ұғымдармен байланысын ашып көрсетуді талап етеді. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында ұлттық отансүйгіштікді қалыптастыруда, олардың әрқайсыларының «өзін ұлтының перзентімін» деп сезінуін нысанаға ала отырып, Қазақстандағы дәл бүгінгі жағдайда «ұлтты сақтап, одан әрі өркенін өсірудің кепілі», -деп білген жөн. Мұның өзі «ұлт дегеніміз - ұлттың өзін-өзі билеу идеясы басын құраған адамдардың шынайы жүрек жарды бірлестігі» деген идеядан өрбиді [7; 225].

Патриоттық сезім- келтірілген киелі ұғымдармен байланысты: қуаныш, мақтаныш, күйіну, сүйсіну секілді т.б. эмоция спектрлеріне қозғау салу, ояту, дамыту, қалыптастыру мәселелерін шешуді де көздейді. Патриоттық сезім- жоғары сезімдер тобына кіреді деген пікірдеміз. Өйткені ол «қоғамдық мәнді және көңіл күйге байланысты моральдық сезімдерге» қатысты болып келеді, ол сананың жетілуімен тығыз байланысты дамиды. Қоғамдық тәрбиенің ықпалымен патриоттық сезімдер тұрақтанып, оқушының іс-әрекеті, мінез-құлқынан, сөзі мен ісінен көрініс беріп, ұлты, халқы, Отаны үшін қызмет етуге дайын тұрады [8; 26-38].

Қорыта айтқанда, отансүйгіштік— ол қандай да бір адамның өзі шыққан ұлтын, халқын сүйетіндігін, оған берілгендігі сондай, тіпті қазір болса да құрбандыққа дайын екенін, оның тарихына басын иіп, құрметтейтінін және келешегіне молшылық, атақ, жетістік тілейтінін білдіру болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Д.Кішібеков. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы, 1999, [5; 13-15]
2. Ж.Қалиев. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Астана, 2005 [9; 236]
3. С.Мусин. Педагогика тарихы. А., 1997, [10; 225]
4. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика, А, 2002, 350 б. [12; 350]
5. Т.Сабыров. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары, А, 1978, [19; 225]
6. А.Люблинская. Бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. А, 1981, [20; 26-38]
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: «Мектеп». - 1974ж. [23; 96-105]
8. Базарбаев Ж. Нұсқабаев Ж., Даулетова Қ. Инабат. Әдептану оқу құралы. Алматы: «Жазушы». - 1996ж. [31; 28-36]
9. Досмұхамбетұлы Х. Аламан: «Ана тілі». - 1991ж. [32; 78-86]
10. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. Атамұра.- 1994 ж [33; 56-59]
11. Ш. Уалиханов «Отанды қорғау» - Алматы 1996 [47; 247-255]
12. Жарықбаев Қ. Б., Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алматы, 1965 [49; 423-436]

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры
ф.ғ.к М.Н.Қойшыбаев*

*Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының I курс
магистранты УлманбетоваГулзат Ердаулетовна*

Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру – қазіргі мектептердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының ролі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның туған кезінен-ақ басталады, ал рухани-адамгершілігі қоршаған орта, адамгершілік тәрбиесінің тәрбие міндеттері мен мазмұнына байланысты жетіледі. Мектепке дейінгі жаста балаларда бастапқы адамгершілік сезімдер мен ұғымдар, адамшылық мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары тәрбиеленеді. Мектепте бұл жұмыс мұғалімдердің, қоғамдық жастар ұйымдарының басшылығымен жүйелі түрде, көзделген мақсатқа сай жүргізіледі. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтарының және ересек адамдармен, құрбы-құрдастарымен қатынастарының формалары, адамгершілік білімдері мен сезімдері негізінде бастауыш сыныптарда адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа формалары одан әрі дамытылады.

Бұдан бұрынғы тәрбие мен алдағы тәрбие арасында диалектикалық өзара байланыс бар. Тәрбие ісі әрбір нақты кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерін саңтай отырып, болашақтың ерекшеліктеріне бағдар ұстайды, соған әзірлейді, ал одан әрі баланың бұдан бұрынғы кезеңдерде жинақтаған өмірлік тәжірибесін белсенді түрде пайдаланады. Белгілі кезеңде баланың психикасында пайда болған жаңа жақсы қасиеттері әлі де әлсіз және шектеулі болса да педагог соған сүйенуге тиіс.

Тәрбие ұзақ және күрделі процесс. Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келеді. Бұл істі жүзеге асыру процесі әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттігіне бағындырады. Өйткені мемлекет қажеттігінің орындалуы оның экономикалық күш-қуаты мен саясатына тәуелді екендігі белгілі. Олай болса тәрбие тиімділігінің

ең басты шарты мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттікке сай тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты – әрбір тұлғаны әржақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Адам – жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекеті мен мәдениет субъектісі, басқаша айтқанда іс-әрекеті мен қарым-қатынас иесі. Адам іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады. Қоғам дамуының белгілі сатысында философиялық, педагогикалық ой-пікірлер пайда болып, қалыптаса бастады.

Қай халықтың болмасын байырғы кезеңдерін алып қарасақ, белгілі бір рухани қазына жасайтыны белгілі. Ол әлі жазуды білмейтін замандардың өзінде туған. Алғашқы мифтер, жырлар мен ертегілер т.т. әлем туралы, адам өмірі туралы белгілі бір түсініктен, адамдардың әлемдегі болмысынан белгілі бір хабар, тіпті әлемге, өз болмысының түсініктемесі болуға бағышталған. Яғни адамдарға өз өміріне қанағаттануы үшін тек тойынған, тоғайған тіршілік аз екен, одан ол өзін адам деп сезінбейді екен. Өзін шын адам деңгейінде сезінуі үшін, толық адамдық қанағаттанғандық көңіл күйі үшін ол тікелей организмдік, тәннің мұқтаждықтарынан әлдеқайда кең жатқан әлемде тіршілік еткенді қалайды. Руханилықтың шығу көзі осында. Адамзаттың рухани кемелденген, рухының ең жоғарғы үлгілерін туғызған дәуірлері олардың ең тойынған, ең тоғайған кезеңдерімен тұтас келе бермейді. Сондықтан, кейде белең алып жүретін дағдарыс кезеңдерде, күнкөріс мәселелері ең қиын болып тұрған кезде рухани мұқтаждықтар күте тұру керек – дейтін көзқарастар түбірінен жалған. Қандай тығырықтан да, соның ішінде күн көрудің қиындықтарын да ең алдымен рухани жігерден, рухани асылдардан айрылмау ғана алып шыға алады.

Қоғамның тарихи даму тәжірибесінің проблемалары үнемі жаңа адам тәрбиелеу міндеттерімен байланысты болып келгенін дәлелдейді. Соның ішінде философия ғылымы адамгершілік тәрбиесін ең негізгі проблема деп қарастырды. Ал, жалпы педагогика мен психология адамгершілік тәрбиесі теориясын жеке адам және қоғам туралы ғылымдардан бөліп қарамайды, оның ажырамас бөлігі деп есептейді. Ол әр уақытта да философия, социология, психология мен физиологияның табыстарына сүйенеді.

Халық педагогиканың әр түрлі жақтарын сөз еткенімізде, алдымен дене тәрбиесін бірінші орынға қоюдың өзіндік себеп, дәлелдері бар. Өйткені адам баласы алғаш дүниеге келген күннен бастап дене тәрбиесі қолға алынады, содан кейін біртіндеп еңбекке, ойынға үйрету тәрбиесі жүргізіледі. Ақыл-ой сол еңбектің нәтижесінде қалыптасып дамиды. Ал адамгершілік тәрбиесі баланың сана-сезімі оянған кезде жүргізілетін тәрбиенің жиынтығы іспеттес.

Адамның жеке басының қалыптасып, саналы еңбек ететін азамат болып өсуі үшін жан тәрбиесі мен тән тәрбиесі қатар қажет. Жан тәрбиесінің өзі тән тәрбиесінен туындайтын процесс. Осыны екі ауыз сөзбен топшылаған ата-бабамыз «тәні саудың – жаны сау» деп қоғамдағы рухани байлықты игеру үшін тән тәрбиесінің дұрыс болуын қалаған.

Адамгершілік тәрбиесінің жүйесі сезім, сана және адамгершілік әдет-дағды (категориялары) ұғымдарымен анықталады. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының дамуында бір-бірімен сабақтастықта байланысты болуы айрықша орын алады.

Балалар мұғалімнің, ата-ананың бас-көз болуымен адамгершілік ережелерді, қағидаларды өзінің күнделікті өмір сүру барысында қабылдайды. Алайда адамгершілік ережелер, үлгілер, нормалар мәңгі өзгермейтін категория емес, ол қоғамдық экономикалық, әлеуметтік жағдайдың, құрылыстың өзгеруіне байланысты өзгеріп, жаңарып отырады.

Тарихқа көз жіберсек, қоғамдық өмірдің дамуында адамзат бойында адамгершілік ең негізгі құндылық болып келеді.

Адамгершілік – қоғамдық дамудың жемісі. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамиды. Бірде-бір адамзат қоғамы адамгершілік тәрбиесінің тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Шығыс философтары мен ойшылдары өздерінің ой-пікірлерінде халықтық педагогиканың негізін қалаған, оның тәлім-тәрбиесінің мәнін ашқан, ұлттық салт-дәстүрдің мәнін дәлелдеген. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдары мәдениет тарихын Орта Азия және Қазақстанның ұлы ойшылдарының еңбектерінен көруге

болады. Олардан халықтардың бір-бірімен әдет-ғұрпы, салт-дәстүр тұрғысынан жақындығы ғасырлар қойнауынан орын алатындығын көреміз.

Тәрбие туралы ой-пікірлер ҮІ ғасырдағы Орхон –Енисей жазуларынан басталып Орта ғасыр ғұламалары мен (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Жүгінеки т.б.) алтын орда дәуірі оқымыстылары (С.Сараи, Қ.Жалайри т.б.) IV-VI ғасырда өмір сүрген ақын –жазушылар (Асан-Қайғы, Шалкиіз, Бұқар, Махамбет, Әсет т.б.).

XIX ғасырдың II жартысында (Шоқан, Ыбырай, Абай) одан кейін ортамызға қайта оралған қазақтың ұлы зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Сейфуллин, т.б. бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Бұл ойшылдар өздерінің шығармаларында адамның адамгершілік сапаларын жан-жақты талдап түсіндіреді.

Дәстүр адамдардың рухани, мәдени тұрмысынан бөлінбейтін құбылыс. Дәстүр қоғамдық сананың барлық формаларынан орын алады. Олар саясатта, қоғамдық өмірдегі дәстүрде, халықтар арасындағы ынтымақтастықта, теңдікте, бостандықта, азаттықта, өзара көмек дәстүрінде, құқықтық қарым-қатынас дәстүрінде, ғылыми дәстүрде, оқу-білім үрдісіндегі дәстүрде, отбасы дәстүрінде, еңбек дәстүрінде.

Сонымен, қай халықтың болса да ұлттық үрдісі, білікті қасиеті, өзіндік әуені, тағылымды дәстүрі мәртебесін биікке көтеріп тастайтыны сөзсіз. Киелі, керемет дәстүрлері арқылы ғана әрбір ұлт өзінің ұлттық болуы мен өзінің болашақ ұрпағының төл келбетін қалыптастырады.

Ұлттық рухымыздағы дәстүр төменгі сынып оқушыларын тәрбиелеуде тиімді деп есептейміз. Ұлы ойшылдардың жалпы тәрбие жөніндегі идеялары, ой-пікірлері жаңа қоғамдық тарихи жағдайларда одан әрі дамытылып, одан әрі халықтың тәуелсіздік жолындағы күресте рухани, құдіретті күшке айналып отыр. Осыған орай біздің тәрбиенің бүкіл жүйесі терең гуманистік мазмұнға толы болуы, ол жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталуы керек. Адамды сүю, құрметтеу, тәрбиелеу сонау балалық шақтан басталады. Егер жасөспірім басқа адаммен қарым-қатынас жасаудан өзіне қуаныш табатын болса, оған шын пейіл білдірсе, егер оны басқа біреудің тағдыры қобалжытса, егер ол басқа біреуді қунышқа бөлегеніне өзін бақытты сезінсе – ол «адам» деген атты ардақтаған гуманист болады деген сөз. Мұндай жоғары парасатты абзал азаматты тәрбиелеуге бүгінгі таңда рухани өмірімізге енген көптеген игі жаңалықтардың бірі – халықтық педагогиканың бай мұрасының алатын орны зор деп есептейміз.

Төменгі сынып балаларының жас ерекшелігіне сай адамгершілік тәрбие беруде халықтық құнды шараларының /ертегілер, жырлар, аңыз-әңгімелер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мақал-мәтелдік сөздер, этнографиялық, мәдени-тұрмыстық, рәсімдер, әдет-ғұрыптар, мерекелер мен тойлар, әдеттік тағылымдар мен тәжірибелер, үлгі-өнегелер т.б. /баға жетпес мүмкіндіктері бар. Жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беруде халықтың рухани дәстүрін, мәдениетін, адамгершілік қазынасын ғылыми жүйеге келтіруде халықтық педагогиканың бай мұрасының маңызы мол екенін көреміз. Халықтық педагогиканың бай мұрасында болашақ ұрпақтың ең шынайы абзал адамгершілік қасиет-сапалары, адамға деген сүйіспеншілік, қайырымдылық, шыншылдық, имандылық, кішіпейілділік, ұлағаттылық, қанағаттылық, еңбек сүйгіштік, бауырмалдылық ауыз әдебиетінің жан-жақты жанрлары арқылы берілген.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұны адамгершілік қасиеттердің кең шеңберін қамтиды. Мектеп оқушыларының, әсіресе төменгі сынып оқушыларының жеке басын қалыптастыруда адамгершілік сапаларының алатын орны ерекше. Бала күнделікті өмірде адамдардың еңбегімен, олардың қуаныштарымен, сәтсіздіктерімен кездесіп отырады. Сондықтан да төменгі сынып оқушылары ең алдымен, ізгілік, қайырымдылық, сезімталдық, әділеттілік сияқты ұғымдардың мазмұнын түсініп, оларды ажыратып, айыра білуі шарт. Бұл жастағы балалардың қайырымдылық пен қатыгездік, жақсылық пен жамандық туралы өзіндік ұғымы болады. Енді оларды адамгершілік нышандарымен байланыстыра, тереңірек түсіндіру керек. Жақсылық бұрын да болған, қазір де бар. Ақан сері бір кезде «Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып» - демекші, қазіргі кезде жақсылықты бойына дарытқан үлкен адамдармен – көнекөз қарттармен, ақ жаулықты әжелермен кездесіп, жүздесіп ақыл-кеңестерін тындап, әңгімелесіп отырған өте абзал.

Адамгершілік тәрбиесі тұтас алғанда баланың жеке басын қалыптастыруға және дамытуға арналған процесс. Бұл жұмыс үздіксіз жүргізілетін процесс. Баланың мектеп жасына дейінгі игерген мінез-құлық ережелері ересектермен және құрбыларына қарым-қатынасы, адамгершілік жайындағы бастапқы білімі, сезімі бастауыш сыныптарда адамгершілік мінез-құлықтың, ой-

сананың, сезімінің, қарым-қатынастың, жаңа ережелерінің қалыптасуының іргетасы болып табылады. Осылай алдыңғы тәрбие мен кейінгі тәрбие арасында үнемі диалектикалық өзара байланыс болып отыруын көздеу қажет.

Адамгершілік тәрбиелілік адамның қоршаған ортасына ең алдымен еліне, еңбекке және адамдарға әрекет арқылы қарым-қатынас жасау жүйесінен көрінеді. Ал қарым-қатынас дегеніміз адамның білімінің, жан толғаныстары мен практикалық істерінің жиынтығы. Баланың дамуының әр сатысында мұғалім оның қоршаған ортаға адамгершілікпен қатынас жасау қасиеттерін қалыптастырады.

Сол қатынастардың бірі – тәрбие. Ал тәрбие халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибе мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңдіруді, балалардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыруды көздейді. Тәрбиенің негізгі мақсаты – ұлттық сана –сезімі мол, рухани деңгейі биік, іскер, еңбекқор, иманды, табиғи, әдепті, адамгершілігі мол адам тәрбиелеу. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейінен адамның ана тіліне, мәдениеті мен тарихына, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі, азаматтығы көрінеді. Өз елін, өз ұлтын құрметтейтін адам басқа елді де құрметтей алады.

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке салт-дәстүр арқылы тәрбиелеудің өзіндік жоспары, бағдарламасының талаптары қатып қалған заңдылыққа сүйенбейді. Оның бәрі, яғни оқушы бойына адамгершілік нормасын сіңіру өзіміздің оқытушы-тәрбиешінің қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы. Санат 2015
2. Жұмаханов Ә. Айтмамбетова Б., Бозжанова К. Семьяда балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. Алматы, 2000
3. Капралова Р. Класс жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмысы. Алматы, 2013
4. Қалиев С., Базылов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және демократ-ағартушылары. Алматы, 2010
5. Қожақметова К. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы 2016
6. Оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеу. /методикалық нұсқау/ Алматы, 2011
7. Төлеубекова Р. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану. Алматы. 2013

АДАМ ТАНЫМЫНДАҒЫ ҰҒЫМ-ТҮСІНІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ПРИНЦИПТЕРІН ЗЕРТТЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Сарышова К.С. – ф.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы

ҚУ қауымдастырылған профессоры.

Шотаева Н.Қ. – Қорқыт Ата атындағы

ҚУ филология мамандығының 2- курс магистранты.

Кез келген қолданыстағы тіл сөйлеушілері мен жазушылары арқылы жетіліп, сол тілдегі сөз үлгілерінің миллиондаған вариациясын құрап, дамытып отырады. Бұл – тілдің өмір сүру процесі. Бұрындары тілдің тек қарым-қатынастық қызметі, одан кейін ақпараттық-танымдық қыры ашылған болса, бүгінде тілдің аффектілік-психологиялық, когнитивтік-прагматикалық және т.с.с сипаттары ашыла бастады. Сондай-ақ бүгінгі таңда тіліміздің таным тасымалдаушылық, ой қалыптастырғыш ерекшеліктерін зерттеу де өзекті болып отыр. Тіл мен ойдың арақатынасы, ойда қалыптасатын тілдік бірліктер жайлы, механизмі туралы көптеген сұрақтар пайда болды. Осы қажеттілікті өтеуде когнитология деп аталатын адамның танымын, санасын зерттеумен айналысатын ғылыми кешен қалыптасты. Бұлардың қатарына когнитивтік психология, когнитивтік лингвистика және т.б. ғылым салалары енеді. Осылардың ішінде когнитивтік

лингвистиканы атап, осы салаға тереңдеу біз үшін маңызды. А. Киклевич: «Заслуга когнитивной лингвистики заключается в том, что она – восстав против сформировавшей в XX в. традиции имманентноструктурного языкознания - выдвинула на первый план «человеческий фактор», в частности ортажаемые в естественных языках структуры испособы познания» деп айқындайды [1].

Когнитивтік лингвистика – тілді қолданушы, тіл иесі - «адам» арқылы зерттеуді приоритетке қойған тіл білімінің жаңа саласы. Бұл сала жоғарыда қойылған сұрақтармен айналысады. Жалпы сөз, сөз тіркестері және фразеологиялардың қалыптасуы, мағынасының өзгеруі, контексте қолданылуы ұлтқа тән субъективтілікке құрылады. Осы ретте біз тілдің инстинкт екендігімен қатар, сол инстинктік құбылыстың адам бойында белгілі бір ұжым, ұлт көзқарасы арқылы қалыптасатындығын байқаймыз. Бұдан әлемнің тілдік бейнесі секілді ұғымдар шығатыны баршамызға мәлім. Десек те адамның дүниедегі заттар мен құбылыстарды қабылдауы таным арқылы тіліне өтіп, өңделіп, одан мән-мағына түйіліп, этноменталдық бірліктер құрылып отырады. Сондай-ақ бұл арқылы ұлт менталитеті, психикасы түзіліп, дүниедегі заттарға деген қатынасы өзгереді. **Демек адам санасының дүниедегі заттар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасының өзгеруі не түзілуі тілдің ерекше механизмімен байланыста қарастырылуы қажет.**

Джордж Лакофф «Metaphors we live by» атты еңбегінде Майкл Редди деген ғалымның мынадай керемет тұжырымын айтады: «IDEAS ARE OBJECTS, LINGUISTIC EXPRESSIONS ARE CONTAINERS, COMMUNICATION IS SENDIND». Демек, бұл тұста сөйлеуші сөзге идея (ой) енгізеді, (сөз дегеніміз сол идея енетін кеңістік не қалып) және осы адресант пен адресат арасындағы процесс, коммуникацияны «хабарлама» деп атайды. Идея – сөз (кеңістік не қалып) – хабарлама. Бұл формула бізге не береді? Бұл тілдің қарапайым функциясын көрсетеді. Сөйлеу – қабылдау. Десек те қабылдау мәселесі біз ойлағаннан гөрі күрделі. Себебі, әрбір ұлтқа тән тілдік-танымдық ерекшеліктермен қоса контекстуалдық кеңістіктерде қолданылатын тілдік тұлғаға тән субъективтілікті де ескеру қажет. Бір жағынан кіріспеде айтқанымыздай, тіл дүниедегі заттар мен құбылыстарға деген қатынасты өзгертіп, оны түзе алады. Бұл туралы тағы да Дж.Лакофф былай дейді: «Концепты, которые управляют нашим мышлением, - не просто порождения ума. Они влияют на нашу повседневную деятельность, вплоть до самых тривиальных деталей. Наши концепты структурируют наши ощущение, поведение, наше отношение к другим людям... Один из способов изучения этого – наблюдение за особенностями функционирования языка» [2]. Демек тілімізде көрініс табатын концептілер – біздің құндылықтарымыз. Біздің кім екендігімізден, менталитетімізден, танымымыздан хабар беретін, дүниеге көзқарасымызды айқындайтын принциптеріміз. Мысалы, бүгінгі заманның ең өзекті тақырыптарының бірі бизнес, оңай ақша табу, жалпы байлық төңірегіндегі сұрақтар делік. Бұдан байлық концептісі шығады. Қазақ бұрындары байлықты малмен өлшеген. Десек те қазірдің өзінде осыған қатысты фразеологияларды байқап жатамыз. «тамағы тоқ, көйлегі көк», «ішкені алдында, ішпегені артында», «мал біту», «төрт-түлігі сай» және т.б. Байқағанымыздай, біздің танымызда байлық деген тоқшылық, молшылықпен байланыста қаралады екен. Сол секілді өмірдегі қиыншылықтарды қабылдауға қатысты мынадай фразеологиялар бар: «басына іс түсу», «ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама (тарихи)», «дүние төңкерілу», «ит өмір», «күні қараң», «қилы кезең», «өзегі өртену» және т.б.[3]. Ал бұл концептіден қиындыққа ұшыраған адам, ұлт үшін қиындықтың түпкі мәні қараңғылықпен, төңкерілумен, ішкі психологиялық күйзелістермен, өзектің қирап, өртенуімен байланыстылығын көреміз. Сонымен қатар бұлар қазақ халқының өзіндік ойлауынан, әлемді тану, қабылдауынан хабар береді. Адамның тіл арқылы басқа адамдармен, зат, құбылыстармен қатынас жасап, оларға өзіндік әсер ететінін бұрыннан білеміз. Мақалада көтерілетін проблемалардың бірі ретінде мынадай сұрақ туындап отыр. Ал егер адам сөйлеу арқылы басқа адамдарға әсер еткені секілді өзі сөйлеу барысында өз санасына әсер ете ала ма? Яғни, сөйлеу процесі ақпарат алмасуда адресанттан адресатқа бір хабар жібереді. Сол ақпаратты жіберуші адресанттың санасында сол ұғымдарға қатысты қандай өзгерістер болуы мүмкін? Бұл туралы терең зерттеулер болмаса да, қазіргі ғалымдардың ақпаратты өңдеу тақырыбындағы зерттеулері ақпаратты есте сақтау үшін бұл ұтымды әдіс екендігін көрсетеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, **концепт дегеніміз – тілде бірнеше рет өңделіп, ұлттық мәдениет, тәжірибе, мінезбен байланыста қалыптасатын құндылықтарды сипаттайтын ұғымдардың негізі.** «Концепт – мәдениеттің микроүлгісі, мәдениет – концептінің макроүлгісі»

[4]. Мысалы, Түркияның түріктері жағдай сұрағанда «өмірің қалай кетіп жатыр?» деп сұрайды. Бұл да «өмір» концептісінің олардың танымында ерекше қалыптасқандығын байқатады. Ал қазақтарда «қамшының сабындай қысқа» деген фразеология бар. Бұл қазақтың тұрмыс-тіршілігінде, мәдениетінде кездесетін затпен байланыста пайда болғандығын байқаймыз. Сол сияқты «қара қазан, сары бала қамы үшін» деген фразеология тұрмыс-тіршілік, бала-шаға мағынасымен берілген. Қазіргі кезде тілдің қолданысына қарай тілдің деңгейін анықтайды. Оның ең басты талаптарының бірі тілде саяси лексика бар болуы қажет. Қазақ тілін мысалға алатын болсақ, қазақ тілін кейбір ғалымдар аграрлы тіл деп те атайды. Бұған дәлел ретінде қазақ тіліндегі саяси лексиканың өзі аграрлы лексикадан құралғандығын келтіреді. Мысалы, атшабар – депутат, саясат серкелері және т.б. Дегенмен біз мұндай ерекшеліктерді ұлт танымының ажырамас бөлігі әрі көрінісі деп есептейміз.

Когнитивті лингвистиканың, оның ішінде когнитивті фразеологияның қазақ тіл білімінде зерттелуі І.Кеңесбаевтан бастап, Ә.Қайдар, оның құрған мектеп өкілдері Г. Смағұлова, С.Сәтенова, Қ.Қалыбаевалардың еңбектері арқылы бастау алған. Дегенмен когнитивті лингвистиканы зерттеу мәселесін біріздендіру, салааралық бағытта дамыту бүгінде өзекті. Соның ішінде когнитивті ғылымдарын кешенін тілдік, тілдік емес білімдермен байланыстыра қарастыру қажет. Мысалы қазіргі таңда өзекті болып отырған ұлттық эмоционалды интеллектінің қалыптасуындағы когнитивтік принциптер және т.б. тақырыптар төңірегінде зерттеулер жүргізу өзекті.

Қорытындылай келе, мақалада көтерілген сұрақтар бойынша бірнеше тұжырым жасауға болады.

Біріншіден, осы уақытқа дейінгі тіл туралы ескі білім мен жаңа білімнің тоғысында тілдің ой түзуші, таным тасымалдаушылық ерекше функциясын зерттеу жаңа белеске көтерілді және оны зерттеу аса қажет. Екіншіден, ақпараттар хаосы заманында адам санасын, оның мәдени-танымдық қызметін конвергентті ғылымдар кешенінде қарастыру керек. Үшіншіден, когнитивтік лингвистиканың қазақ тіл білімінде зерттелуінде прагматика, неврология, психология сынды білімдерді қатыстырып зерттеу үшін когнитивті ғылымдар ғылыми орталықтарын құру ұсыныстары жасалуы тиіс.

Төртіншіден, адам танымындағы негізгі ұғым-түсініктер оның ана тілі арқылы қалыптасып, дамитындығын білеміз және сол арқылы адам өміріндегі негізгі құндылықтары қалыптасады. Бұл өз кезегінде антропоөзектілікті приоритетке қоятын ғылымдар үшін өте маңызды элемент. Бұдан біз сол ұлтқа тән ерекшелігін анықтаймыз және аталмыш танымдық ақпараттар арқылы біз қалалар мен мемлекеттерді басқарудың дұрыс тетігін таба аламыз, халықтың негізгі құндылықтарын айқындап, сол халыққа тән тәрбиені насихаттай аламыз. Сондай-ақ саяси-әлеуметтік идеологияларды танымға сай насихаттауды аймақтық тұрғыдан жүйелеп қолға алуға мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Киклевич А. Притяжение языка. Т 1: Семантика. Лингвистика текста. Коммуникативная лингвистика. Olstyn, 2007.- 411 б.
- 2) Лакофф Джордж, Джонсон Марк. Метафоры, которыми мы живем: Пер. С англ. / Под. ред. И с предисл. А.Н.Баранова. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256б.
- 3) Смағұлова Г. С 52 Мағыналас фразеологизмдер сөздігі /Гүлдархан Смағұлова. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2010 жыл. – 252 б.
- 4) Зусман В.Г. Концепт в культурологическом аспекте. // Межкультурная коммуникация: учеб.пособие. – Нижний Новгород, 2001.